7 МАМЫР – ОТАН ҚОРҒАУШЫ КҮНІ

СЕНБІ
№50 (4298)
6.05.2023

AIQYN апта

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

ҚУАТТЫ АРМИЯ – СЕНІМДІ ТІРЕК

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың қатысуымен Бүкілармиялық кеңес өтті. Алдымен Қарулы Күштердің Жоғарғы Бас қолбасшысына әскери қызметшілердің бірыңғай киім үлгісі таныстырылды. Бұдан соң Президент Қарулы Күштеріміз мемлекеттігіміздің мызғымас тірегі, туған елдің тәуелсіздігін және бейбіт өмірін қорғау қасиетті парыз екенін атап өтті.

– Туған жердің аумақтық тұтастығын сақтау – қастерлі борыш. Батыр бабаларымыз ғасырлар бойы жерінің шетін жауға бастырмай, бізге мирас етті. Осы ұлы мұраны көздің қарашығындай сақтау – басты міндетіміз. Біртұтас әрі қуатты мемлекетті ұрпаққа табыстау – негізгі мақсатымыз. Ел іші тыныш, қоғам тұрақты болса, жасампаз әрі өркениетті мемлекетке айналамыз. Яғни, дамыған ел боламыз десек, ең алдымен бейбітшілік және тыныштық керек. Қарулы Күштеріміз осы қастерлі құндылықтарды қорғауға тиіс, – деді Мемлекет басшысы.

Президент бүгінде заманның күнде құбылып жатқанына және әлемде жаппай қарулану белең алғанына назар аударды. Қазіргі күрделі кезеңде Армияның рөлі күшейе түсті. Әскер егемендігімізді қорғауға әрдайым дайын болуы қажет. Оның кәсіби дайындығы, заманауи қару-жарақпен, озық технологиямен жабдықталуы басты факторға айналды. Әскердің білікті болуы және ұтқырлығы ұрыс нәтижесіне тікелей әсер етеді. Армия осы талапқа сай болса, өз міндетін ойдағыдай атқарады. Оның айтуынша, қазір арнайы операциялар күштерінің қолбасшылығы құрылды. Сондай-ақ десанттық-шабуылдаушы әскердің қарым-қабілетін арттыру үшін нақты жұмыс жүргізіліп жатыр.

– Аумақтық қорғаныстың әлеуеті күшейтілуде. Азаматтық қорғаныс бөлімшелері құрылып жатыр. Арнайы жасақ бөлімдерін дамыту ісі тың қарқынмен жалғасуда. Осы жұмыстың бәрін уақытылы аяқтау керек. Олар біртіндеп қажетті жабдықтармен қамтамасыз етілуге тиіс. Мемлекеттік органдардың тығыз қарым-қатынаста болуы өте маңызды. Сонда ғана біз кез келген қауіп-қатерге төтеп бере аламыз. Қуатты армия – тұрақтылық пен тыныштықтың кепілі, – деді Президент.

(Жалғасы 2-бетте)

СМАРТФОНДЫ ҚАРУ ЕТКЕН САРБАЗДАР

4 БЕТ

МАЙДАНГЕРГЕ МЫҢ ТАҒЗЫМ!

9 БЕТ

ОТАН ҚОРҒАУШЫЛАР МАРАПАТТАЛДЫ

Мемлекет басшысы – Қазақстан Қарулы Күштерінің Жоғарғы Бас қолбасшысы Қасым-Жомарт Тоқаев мемлекеттік наградалар, жоғары әскери және арнаулы атақтар, сыныптық шендер тапсыру рәсіміне қатысты. Президент алдымен жиынға қатысушыларды Отан қорғаушы және Жеңіс күнімен құттықтап, жыл сайын қатар атап өтілетін қос мереке Отан үшін от кешкен аға буын мен егемен елдің сарбаздары арасындағы сабақтастықты білдіретініне назар аударды.

– Қазақ – даңқты тарихын ат тұяғымен жазған халық. Біз – ұлан-ғайыр жерін жауға бастырмаған батыр елдің ұрпағымыз. Алапат соғыста жеңіске жеткен қаһарман ерлердің ізбасарымыз. Қазір еліміздің күштік құрылымдары Қазақстанның қауіпсіздігін қас қақпай күзетіп тұр. Отанымыздың іргесі берік болуын қамтамасыз ету – әр азаматтың перзенттік парызы. Сондай-ақ өмір жолын әскери қызметке арнаған мамандардың кәсіби міндеті. Қазақстан – бейбіт мемлекет. Біз барлық елдермен достық қатынас орнаттық. Мемлекеттер арасындағы кез келген мәселені бейбіт жолмен шешу керек деп санаймыз. Дегенмен қамсыз отыруға болмайды. Барлық жағдайға сақадай сай болуымыз айрықша маңызды. Еліміздің қорғаныс және қауіпсіздік саласын күшейту – басты міндеттің бірі, – деді Мемлекет басшысы.

Президент мемлекеттің қорғаныс қабілетін күшейту, ұлттық қауіпсіздікті нығайту, сондай-ақ заң үстемдігі мен құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету еліміздің мызғымас басымдықтары екенін атап өтті. Қ.Тоқаевтың айтуынша, мемлекет күштік құрылымдарға көрсетілетін қолдауды дәйекті түрде кеңейтіп келеді. Инфрақұрылым, материалдық-техникалық тұрғыда жабдықтау мәселелері кезең-кезеңмен жақсарып, еңбекақы мен әлеуметтік жеңілдіктер артуда. Әскери қызметшілер, арнаулы және құқық қорғау органдарының қызметкерлері, күштік құрылымдардың ардагерлері әрдайым мемлекеттің көмегі мен қамқорлығына сенуіне болады.

– Отан қорғау – әрбір азамат үшін биік мәртебе. Сондай-ақ бұл – туған елдің, болашақ ұрпақтың

алдындағы үлкен жауапкершілік. Сіздер еліміздегі бейбіт өмірді, тыныштық пен тұрақтылықты сақтауға зор үлес қосып жүрсіздер. Өз ісінің нағыз шебері атанып, мінсіз қызмет атқарып келесіздер. Ортамызда антына адал болып, ел қауіпсіздігі үшін басын қатерге тіккен бейбіт күннің батырлары бар. Олардың ерлігі, шын мәнінде, барша халыққа, әсіресе жастарға үлгі-өнеге, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент сөзін қорытындылай келе, ел тыныштығын, мемлекет қауіпсіздігін қорғауға атсалысып жүрген барша азаматқа алғыс айтты. Бұдан кейін Мемлекет басшысы ерлігімен және еңбегімен дара шыққан бірқатар азаматты мемлекеттік наградамен марапаттады. Сондай-ақ әскери және арнаулы атақтар, сыныптық шендер тапсырды.

ЕРЛІГІ ЕСТЕ ҚАЛҒАНДАР

Махаббаттың ең үлкені – Отанға деген махаббат болса керек. Әр адам жақсысын қорғап, көзінің қарашығындай сақтауға ниет ететіні анық. Кейде көпшілік қазақ армиясының кем-кетігін айтып жатқанымен, оның көпке үлгі болып, разы қылатын жақсы тұстары да жетерлік. Біз бүгін әскер қатарында жүріп, екінің бірінің қолынан келе бермес ерлік жасаған сарбаздар жайында айтпақпыз.

ҚАРУЛЫ ТОПҚА ТОСҚАУЫЛ

Әскеріміздің айбыны сонау тәуелсіздік алған жылдардан кейін көп өтпей-ақ біліне бастаған еді. Мәселен, 1995 жылдың 7 сәуір күні Қарулы Күштеріміздің сарбаздары тәжік-ауған шекарасында қаруланған лаңкестермен шайқасып, ерліктің, қайсарлықтың үлгісін көрсеткені әлі күнге дейін көптің есінде. Тепсе, темір үзетін жауынгерлер шекараны заңсыз қару-жарақ пен есірткі дәлізіне айналдырмақ болған қарулы топқа тосқауыл қойды. Оған еліміздің түкпір-түкпірінен Отан алдындағы борышын өтеп жүрген 8 жарым мың сарбаз атанған.

4 ▸▸

ӘСКЕРДЕГІ БІР КҮН

Отан қорғар әскер барда қорғанымыз мықты бола бермек. Шүкір, бүгінде мемлекетіміздің арқа сүйер айбынды әскері бар. Еліміздің әскери күштерінің дамуында Шымкент қаласының маңызы зор. Шымкентте бірнеше әскери бөлімнің, Ұлттық ұланның сарбаздары Отан алдындағы борышын өтеп, ерекше дайындық жүргізіп келеді. Біз үшінші мегаполистің шет аймағы саналатын «Сәуле» шағынауданында орналасқан №35748 әскери бөлімінде болып, сарбаздардың өмірімен танысып қайттық.

5 ▸▸

ҚУАТТЫ АРМИЯ – СЕНІМДІ ТІРЕК

(Басы 1-бетте)

Қасым-Жомарт Тоқаев армияны технологиялық тұрғыда жаңғырту жұмысы жалғасатынын атап өтті. Оның пайымынша, жаңа үлгідегі қару-жарақтың және техниканың, әсіресе дәлдігі жоғары қарулардың, ұшқышсыз басқарылатын техника мен роботты кешендердің үлесін арттыру қажет. Сондай-ақ әскеріміз ұтқыр болу үшін тасымалдаушы ұшақтардың және ұрыс көліктерінің санын көбейткен жөн деп есептейді. Ол үшін ақпараттық жүйелер мен озық технологияны енгізу – маңызды міндет. Шешім қабылдау тиімділігін арттыруға және жауынгерлік бөлімшелердің әлеуетін арттыруға ерекше назар аудару керек. Бұл әскерді пайдалану тиімділігін айтарлықтай жақсартады. Армиямызды толықканды қаруландыруда және жаңғыртуда отандық қорғаныс-өнеркәсіп кешені маңызды рөл атқарады. Үкімет әскери өнімдер мен қызмет түрлерін кеңейту үшін барлық шараны қабылдауға тиіс. Тағы бір өзекті мәселе – зауыттардың және әскери бөлімдердің техниканы жөндеу мүмкіндігін арттыру.

Президент жауынгерлік дайындық жүйесін жетілдіруді келесі бір мәселе ретінде атап өтті. Сондай-ақ маңызды халықаралық тәжірибені жан-жақты зерттеп, озық үлгілерін белсенді түрде қолдануымыз керек екенін айтты. Сондай-ақ жиында әскери білім және ғылым жүйесін дамыту мәселесіне де баса мән берілді.

– Әскери академиялар, институттар әлемдік стандарттарға сай болуға тиіс. Осы саладағы жоғары оқу орындарының материалдық базасын нығайту керек. Сондай-ақ оқу бағдарламасын заман талабына сай бейімдеу қажет. Әскери мамандар даярлау үшін басқа да жоғары оқу орындарының мүмкіндігін кеңінен пайдаланған жөн. Ректорлар студенттердің жауынгерлік дайындығына тікелей жауапты болуға тиіс. Әскери қауіпсіздік мәселесі ғылыми тұжырымға сүйенуі керек. Яғни, ғылыми-зерттеу жұмысына басымдық беру қажет. Әскери оқу орындары қорғаныс саласындағы кәсіпорындармен тығыз байланыс орнатуы керек, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы әскери қызметтің беделін және жауынгер мәртебесін арттыру қажеттігіне тоқталып, әскери қызметшілердің әлеуметтік тұрғыдан қамтылу мәселесіне ерекше назар аударды.

– Ел тыныштығын қорғайтын әрбір жас маман өз қызметін мақтан етуі керек. Әскери қызметте болу үлкен абырой саналуға тиіс. Біз бұған қажетті барлық жағдайды жасаймыз. Қазір осы бағытта нақты жұмыс жасалып жатыр. Әскери борышын өтеп келген азаматтар енді жоғары оқу орнына жеңілдікпен түседі. Мерзімді әскери қызметтегі сарбаздар несиесін төлеу міндетінен уақытша босатылады. Сондай-ақ олар өздері қаласа, армия қатарынан нақты мамандық алып шығады. Жалпы, сарбаздарды әлеуметтік қолдау шараларын мейлінше көбейту қажет, – деді Президент.

Бұдан кейін Мемлекет басшысы ерлігі мен жанқиярлығы, елдің ұлттық қауіпсіздігі мен қорғаныс қабілетін қамтамасыз етуге, заңдылық пен құқық тәртібін нығайтуға қосқан үлесі үшін бірқатар әскери қызметшіні марапаттады.

КЕДЕНДІК РӘСІМДЕР ЖЕҢІЛДЕЙДІ

Сенат Спикері Мәулен Әшімбаевтың төрағалығымен Палата отырысы өтті. Онда сенаторлар Мемлекет басшысының Жоғарғы Сот судьясын қызметтен босату туралы ұсынымын және халықаралық келісімді ратификациялау жөніндегі заңды қарады. Сондай-ақ өздерінің депутаттық сауалдарын жолдады.

Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың ұсынымын қарау нәтижесінде сенаторлар басқа жұмысқа ауысуына байланысты Дана Тоқмырзинаны Жоғарғы Сот судьясы қызметінен босату туралы шешім қабылдады. Бұл мәселені Сенаттың Конституциялық заңнама, сот жүйесі және құқық қорғау органдары комитеті алдын ала талқылағанын атап өткен жөн.

Отырыс барысында Палата депутаттары «Кедендік транзиттің кедендік рәсіміне сәйкес тауарларды тасымалдау (тасу) кезінде кедендік баждарды, салықтарды, арнайы, демпингке қарсы, өтемақы баждарын төлеу жөніндегі міндеттің орындалуын қамтамасыз етуді қолданудың ерекшеліктері туралы келісімді ратификациялау туралы» заңды қарап, мақұлдады.

Бұл Келісім ЕАЭО-ның транзиттік әлеуетін дамытуды және тауар тасымалдау үшін қажетті жағдайларды жақсартуды көздейді. Сондай-ақ құжат Еуразиялық экономикалық одақ аясында тауар тасымалдау кезінде міндетті кедендік және өзге де төлемдерді төлеуге қатысты құқықтық қатынастарды реттейді. Сыртқы экономикалық қызметке қатысушылар үшін жекелеген кедендік рәсімдерді жеңілдету мәселесі де қарастырылған. Алдағы уақытта жаңа нормалар ЕАЭО аясындағы тауар транзитінің бірыңғай жүйесін қалыптастыруға оң әсерін тигізуге тиіс.

Сонымен қатар отырыс барысында сенаторлар маңызды мәселелерді көтеріп, депутаттық сауалдарын жолдады.

«ЕРТЕҢ» КОНЦЕПТУАЛДЫ КОНЦЕРТІ ӨТТІ

Астана қаласындағы Бейбітшілік және келісім сарайында ақын-музыкант Мақпал Жұмабайдың Erten атты жеке концептуалды концерті өтті. Өнер иесі өз шығармаларында жасанды интеллектіні қолдана отырып, бүгінгі заманның өзекті мәселелеріне арналған перформанстар мен толғаныстардың үйлесімін бейнелейді. Аталған бірегей концертті көпшілікпен бірге Сенат Төрағасы Мәулен Әшімбаев бастаған бір топ Палата депутаттары да тамашалады.

Сенат жұмысындағы басым бағыттардың бірі – ұлттық құндылықтарды дәріптеу. Сенаторлар бұл міндетті шығармашылық индустрия өкілдерімен бірлесе отырып, жұмысты ерекше сипатта жүргізуге ниеттеніп отыр.

Мақпал Жұмабайдың айтуынша, өзінің шығармашылық мақсаты – қазақ поэзиясын заманауи музыка және жалпы өнер арқылы жетілдіру. Импровизациялық Erten туындысы – адамның өткен мен бүгінді зерделей отырып, ертеңге дайын болуын мақсат тұтады.

«Мақпал шердің» музыкалық-поэтикалық жобасы 15 жыл бойы поэзия, музыка, кескіндеме, анимация, спектакль көріністері арқылы шығармашылық қызмет түрлерінің арасындағы шекараны ашып, қазақ поэзиясын жаңа биікке көтерді. Топ құрамында түрлі ұлт өкілдері мен әр жастағы музыканттар бар. Олар өнердің көптеген қырлары мен қазіргі заманға деген көзқарастарын тыңдарман қауымға әуен арқылы жеткізеді.

Лондондағы «АУА» концерті әйгілі топтың халықаралық аренадағы ерекше қолтаңбасы екенін атап өткен жөн. Аңызға айналған Брюнель мұражайында өткен концерт музыкадағы жаңа ағымдар мен өнердегі есімдерді әйгілеген жер екені белгілі.

МӘЖІЛІС ТӨРАҒАСЫ ТӘЖІКСТАН ПРЕЗИДЕНТІМЕН КЕЗДЕСТІ

Мәжіліс Спикері Ерлан Қошанов Астанаға мемлекеттік сапармен келген Тәжікстан Республикасының Президенті Эмомали Рахмонмен кездесті.

– Қазақстан – Тәжікстанның сенімді стратегиялық серіктесі. Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың реформалары Қазақстанды нығайтуға, оның тұрақты және орнықты дамуына бағытталған. Бүгін біз Мемлекет басшысымен елдеріміз арасындағы одақтастық ынтымақтастық туралы Декларацияға қол қойдық және жиырмадан астам басқа да келісім жасалды. Соңғы жылдары екіжақты тауар айналымы 3-4 есе өсті. Мұның барлығы серпінді ынтымақтастық пен тату көршілік қарым-қатынастарымыздың орасан зор әлеуетін айғақтайды, – деді Тәжікстан Президенті.

Президент Эмомали Рахмон екі елдің депутаттарын белсенділік танытуға, кездесіп, тәжірибе алмасуға шақырды.

Ерлан Қошанов өз сөзінде Қазақстан–Тәжікстан дипломатиялық қарым-қатынасы орнаған 30 жыл ішінде Тәжікстан Қазақстанның Орталық Азиядағы маңызды стратегиялық серіктесі және сенімді одақтасы болғанын ерекше атап өтті.

– Сіздің келуіңізді тарихи сапар деп атауға болады. Бұл біздің болашақтағы жемісті қарым-қатынасымызға жақсы негіз болады, – деді Мәжіліс Төрағасы.

Ол парламентаралық ынтымақтастықтың әлеуетін екіжақты қарым-қатынасты кеңейту жолында пайдалануға дайын екенін мәлімдеді.

Кездесу барысында екі елдің жастары, ғалымдары, өнер қайраткерлері мен зиялы қауымы арасында тұрақты байланыс орнату қажеттігіне ерекше назар аударылды.

Кездесуге Мәжіліс комитеттерінің төрағалары, Қазақстанның Тәжікстандағы Төтенше және өкілетті елшісі Уәлихан Төреханов қатысты.

АВТОБУСҚА ОҚ АТҚАН

Алматы қаласының Түрксіб ауданында мопед жүргізушісі жолаушылары бар автобусқа оқ атты. Оқиғаның видеосы желіде тарады.

Видео авторының айтуынша, 219-автобусқа мопед мінген ер адам оқ атып, «менің жолымды кесіп өттің» деп айғайлаған.

Қалалық Полиция департаменті автобусқа оқ ату фактісін растады. Мопед жүргізушісі кім екені анықталды.

«Оқиға бүгін таңғы сағат 10:00 шамасында Алматы қаласы Түрксіб ауданында болған. Жолдағы жанжал салдарынан мопед жүргізушісі пневматикалық тапаншадан қоғамдық көліктің әйнегіне оқ атып, оқиға орнынан бой тасалаған. Зардап шеккендер жоқ. Мопедистің жеке басы анықталды. Оны қамауға алу шаралары жүргізілуде. Аталған дерек бойынша тергеу амалдары Түрксіб аудандық полиция басқармасына қарасты полиция бөлімінде жүргізілуде» деп хабарлады Полиция департаменті.

ЖЕҢІС КҮНІМЕН ҚҰТТЫҚТАДЫ

«AMANAT» партиясының «Ардагерлерді ардақтайық!» жобасы аясында Шымкент қалалық партия филиалының төрағасы Бахадыр Нарымбетов бастаған бір топ халық қалаулысы мен партияластар Жеңіс күніне орай ардагерлердің шаңырағына бас сұқты.

Бүгінде Шымкентте үш-ақ соғыс ардагері қалған. Соның бірі – Нина Мосунова. Қария биыл 99-ға келіп отыр. Ол 1942 жылы әскерге өз еркімен аттанып, Қазан қаласында телеграфист мамандығын алған екен. Содан 1943 жылы Можайск маңындағы майданда қолына пулемет алып жауға қарсы соғысқан. Одан соң №36 әскери бөлімнің зениттік бригадасында қызмет етіп, онда радисттер бөлімінің командирі болған. Соғыстан соң кассир, кітапханашы, хатшы-машинист қызметтерін атқарған. Қазір 2 немере, 5 шөбере сүйіп отыр.

Бүгін Нина әжейдің үйіне фракция мүшелері, партияластар арнайы барып, ардақты ардагерге сый-сияпатын табыстап, құрмет көрсетті. Соғыс кезіндегі әндерді бірге орындады. Майдангер апамыз көзіне жас алып, бейбітшілік – ұлы құндылық екенін, баға жетпес байлық екенін айтып, алғысын білдірді. Ал «Жастар Рухы» жастар қанатының белсенділері әжемізге жәрдем беріп, үйінің ауласын тазалап, қоршауларын сырлап берді.

Партиялықтар Харьков, Ворошилов Украина майданында Севастопольде, Латвия, Литва Кеннисбергдегі шайхастарға қатысып, Берлинде жеңісті қарсы алған Абылай Қазбаев атаның шаңырағына да барды. Майдангер - зеңбірекшілер тобында жүріп, неміс танкісіне қарсы тұра

білген жаужүрек жауынгерлердің бірі. 1945 жылы 1 мамырда Кинизбург қаласын азат етуші жауынгерлер сапында болған. Елге оралып, қорғасын зауытында темір ұстасы, машинист-қазаншы болып қызмет еткен. Немере-шөбере сүйіп ғасыр жасап, өмірдің ащы-тұщысын көрген ардагерді партияластар мерекемен құттықтап, батасын алып қайтты.

«Бүгінде Шымкент қаласында Екінші дүниежүзілік соғысқа қатысқан үш-ақ ардагер қалды. Ендігі парызымыз көзі тірісінде осы кісілерге барынша қамқорлық жасап, көмегімізді аямау. Сізге Ұлы Жеңіс пен бүгінгі бейбіт күндеріміз үшін алғыс айтамыз», – деді Шымкент қалалық партия филиалының төрағасы Бахадыр Нарымбетов.

Отанын қорғауда қайсарлық пен ерлік көрсеткен шымкенттік майдангер Мұраталы Төлепбергенұлы – зұлмат соғысты басынан өткерген, бүгінде көзі тірі куәгер. Қаһарман Брест қамалы, Варшава, Данск, Виссмарк, Биттенбург, Перлеберг қалаларының шайқасына қатысқан. Соғыста көрсеткен ерліктері үшін II дәрежелі «Ұлы Отан соғысы» орденімен, «Ерлігі үшін», «Варшаваны азат еткені үшін», «Германияны жеңгені үшін» сияқты және тағы да басқа мерекелік медальдармен марапатталған. Германияның Биттенберг қаласында жауынгерлік жолы жеңіспен аяқталған майдангер елге 1950 жылы оралып, тракторлық бригадасының бригадирі, бухгалтер, ферма меңгерушісі болып еңбек еткен. Енді бүгінде 2 ұл 6 қыздан тараған 19 немере, 10 шөбере ортасында мәуелі бәйтерек болып, марқайып отыр.

Назгүл НАЗАРБЕК

ТАҒЫЛЫМЫ МОЛ КЕЗДЕСУ ӨТТІ

«AMANAT» партиясы Теміржол филиалына қарасты «Локомотив пайдалану депосы» бастауыш партия ұйымының мүшелері партияның «Еңбек адамы» және «Ардагерлерді ардақтайық» жобалары аясында сала ардагерімен кездесу ұйымдастырды.

Кездесуге сала ардагері Олжабай Қошанов өзімен 65 жыл отасқан жары Нағима әжеймен келді. Бүгінде бір әулеттің мәуелі бәйтерегі болып отырған қос қария әлі тың, қос ғасырдың куәгері болып, ұжым құрметіне бөленіп отыр. Олжабай ақсақал биыл 84 жасқа толса, Нағима әже 82 жасқа келген. Бүгінде 5 перзенттен өрбіген 15 немере, 17 шөбере көріп отырған ардагерлер зейнеттерінің нанын 29 жыл бірге жеп келеді. Ардагер ақсақалымыз өзінің қызмет еткен мекемесіне келіп, машинист әріптестеріне ақыл-кеңесін беріп тұрады. Кейінгі ұрпақты адал, таза еңбек етуге шақырып отырады.

«Қазақта «Еңбектің наны тәтті» деген керемет тәмсіл бар. Әрбір азамат өз ісін адал, таза істесе, еліміз көркейіп, дами түседі. Таза жұмыс істеген азамат қашанда қадірлі болады. Еңбек адамына деген құрмет ешқашан толастамайды», – дейді ардагер.

Кездесу барысында ардагер локомотив цехында болды. Өткен еңбек жолдарындағы естеліктермен бөлісті. Мекеме ауласындағы Екінші дүниежүзілік соғысқа қатысқан теміржолшыларға арналған мемориалға гүл шоқтарын қойды. Олардың ерлігіне тағзым етіп, сұрапыл жылдарды бір сәт еске алды.

«Біздің балалық шағымызды аты өшкір соғыс ұрлады. Ел басына күн туғанда мен 2 жаста, соғыс біткенде 6 жаста едім. Соғыстан кейінгі қиын жылдарда анама көмек беру үшін ерте есейіп, жұмысқа араластым. Осы депоға келіп жүк және жолаушылар пойызының тепловоз машинисі болдым. Еңбекпен шыңдалдым. Осы жасқа келіп, тың әрі құрметті жүруімнің сыры да адал еңбектің арқасы ғой деймін», – дейді Олжабай ақсақал. Саналы ғұмырының 30 жылында басшылық тарапынан ешбір ескерту алмай темір тұлпарды тізгіндеген Олжабай ақсақал мекеме мұражайында тұрған сонау 1975 жылы мінсіз адал еңбегіне берілген «Селеверство» атындағы сыйлығын көрсетті.

«Расында, өмір жолы өнеге, еңбек жолы үлгі болған ардагерден аларымыз көп. Тек тілеріміз – амандық пен саулық» деп кездесуде естелік сыйлықтарын табыстаған партияның «Теміржол» филиалының төрағасы, облыстық мәслихаттағы «AMANAT» партиясы депутаттық фракциясының мүшесі Батырхан Базарбаев бүгінгі шараның маңыздылығына тоқталды.

«Еңбек адамына құрмет көрсету төңірегінде Президент өзінің халыққа арнаған Жолдауында ерекше атап өтті. Партия осы бағытта «Еңбек адамы» жобасын іске қосып, жоба аясында еңбек адамдарын құрметтеу, олардың еңбегін кейінгі ұрпаққа насихаттау, жастарды адал еңбекке шақыруда көпшілікке үлгі болып келеді. Бүгінгі іс-шара соның бір көрінісі», – деді ол.

Тағылымы мол кездесу барысында көрсетіліп жатқан құрметке риза болған ардагерлеріміз «AMANAT» партиясына жылы лебізін білдіріп, ақ батасын берді.

Н.ОРАЗ

ЕҢБЕК МАУСЫМЫ АШЫЛДЫ

Елордадағы кәсіптік-техникалық колледжде «Студенттік құрылыс» және «Жасыл ел» жастар еңбек жасақтарының XIX еңбек маусымының салтанатты ашылуы өтті. Астана қаласының Жастар саясаты мәселелері басқармасының қолдауымен, ал «Республикалық студенттік құрылыс және жастар жасақтары қозғалысы» қоғамдық қорының ұйымдастыруымен жүзеге асқан игі істің игілігін көріп жатқандардың көптігі көңіл қуантады.

«Жасыл ел» жастар еңбек жасақтары бағдарламасы 2005 жылдан бастап республиканың барлық өңірінде және Астана қаласы бойынша жүзеге асырыла бастады. Осы 18 жыл ішінде Астана қалалық «Жасыл ел» штабы елордада елеулі еңбектер атқарып, 14 және 35 жас аралығында жұмыссыз жастар мен студенттерді жазғы еңбек маусымында жұмысқа орналастыруға атсалысып келеді.

Астана қаласы «Жасыл ел» штабы ел бойынша еңбек ету және сарбаздарды жұмыспен қамту жағынан оң нәтиже көрсетуде. Оған сәйкес жыл сайын «Жасыл ел» сарбаздары қатарында жұмыс істеуге өтініш білдіруші жастардың саны да артып отыр. Олар қаланың құрылыс нысанында әртүрлі санаттағы шеберлердің, оның ішінде құрылыс инженерлері, технологтар, монтаж-құрылыс жұмыстарының шеберлері көмекшісі қызметтерін атқарып, қала маңындағы жасыл белдеуде ағаш отырғызу, талдар мен көшеттерді қопсыту және суару арқылы табиғат пен қала келбеті үндестік тапқан бірегей экожүйенің қалыптасуына көмегін тигізуде. Одан бөлек, елордалық «Жасыл ел» сарбаздары қаладағы қарттардың үйін қысқы мезгілге дайындап, қолғабыс етуде де елеулі еңбек етіп жатыр. «Бұл бағдарламаға 14 жастан бастап мектеп оқушылары, студенттер және 35 жасқа дейінгі жұмыссыз жастар қатыса алады. Қатысушыларға 65 мың теңге көлемінде сыйақы төленеді. Жастар қаламыздың саябақтарында, құрылыс нысандарында, «Жасыл белдеуде» еңбек етеді», – дейді Астана қаласы Жастар саясаты мәселелері басқармасының бөлім басшысы Атымтай Бағдат. Ал «Жасыл ел» жобасының жетекшісі Абдурашид Асылбектің айтуынша, ашылу салтанатымен қатар, колледж аймағында ағаш отырғызу шарасы да өткізілген.

Биыл жоба аясында 4 200 жасөспірім мен жасты жұмыспен қамтып, оларды ақшалай сыйақымен қамтамасыз ету көзделген. Олардың қатарында көпбалалы, әлеуметтік аз қамтылған отбасылардан шыққан балалар да бар. Жобаға қатысатын жастардың барлығы арнайы экипировкамен қамтамасыз етілсе, жазғы еңбек маусымында жастарды жұмыспен қамтуға «Базис-А» құрылыс компаниясы, «Астана көгалдандыру құрылысы» АҚ, «Астана орманы» ЖШС, 100-ден астам білім беру мекемесі, 20-ға жуық колледж және 10-нан астам жоғары оқу орны серіктес болуға келісім беріп отыр.

Бағдарлама бойынша биыл осымен екінші рет жұмыс істегелі отырған 1-курс студенті Ислам Айтқалиев: «Мұнда жаңа орта таптым және жаңа достармен танысуға мүмкіндік алдым. Ай сайын бізге жалақы төленеді. Тапқан табысымды күнделікті қажеттілікке жұмсасам, бір бөлігіне ата-анама сыйлық сатып алдым. Жаз мезгілімен қоса, күзде де жұмыс істедім. Ең маңыздысы, бағдарлама ұсынған жұмысты күзде оқумен қатар алып жүруге болады. Уақыты да бізге қолайлы екен», – дейді.

Айта кету керек, еңбек жасағына қатысуға өтінім қабылдау 20 мамырға дейін жүргізіледі. Жобаға қатысқысы келетін мектеп оқушылары болса, өз мектебіне жүгіну керек.

Ж.МҮСІЛІМ

QAISAR ЖЕҢІМПАЗДАРЫ АНЫҚТАЛДЫ

Кеше Астанадағы 68665 әскери бөлімінде Отан қорғаушылар және Ұлы жеңіс күні қарсаңында «AMANAT» партиясының «Жастар Рухы» жастар қанаты ұйымдастырған Qaisar әскери-патриоттық ойындарының қорытынды салтанаты өтті. Жарыстың жалпы қорытындысы бойынша Түркістан облысының командасы бас жүлде алды, жеңімпаздарды партия Хатшысы Дәулет Кәрібек құттықтады.

«Ұлан ғайыр жерімізді атабабамыз бізге аманат етіп қалдырды. Оны қорғау– біздің қасиетті борышымыз. Өскелең ұрпақ барған жерде біздің даңқты әскеріміз туралы айта жүріңіздер. Өйткені ел мен жер біздікі! Оны мынау тұрған сіздер мен біз қорғаймыз! Қазақта жақсы сөз бар: «Жер елге аманат, ел ерге аманат». Осында тұрған әрбіріңіз ерсіз! Бізге берілген аманатты аман сақтап, кейінгі ұрпаққа жеткізе берейік. Еліміз аман, жұртымыз тыныш болсын!», – деді Дәулет Кәрібек.

Қарағанды құрамасы 2-орын (700 мың теңге), Алматы 3-орын (500 мың теңге) алды. Қатысушылар жүлделі орындардан бөлек арнайы номинацияларға ие болды. Ерлер арасында жүгіруден Қарағанды облысынан Амантай Нұртілеу – 1-орын, қарағандылық Сатпай Боранқұлов – 2-орын, Ұлытау облысынан Болат Ануар 3-орын алды. Ал қыздар арасында жүгіруден Милена Бардаш – 1-орын, Дильназ Касимова – 2 орын, Нұрай Сатталы 3-орын алды. Кедергілер жолағындағы жарыста да үздік атанғандар арнайы аталым бойынша марапатталды.

Салтанатты іс-шараға партия Хатшысы Дәулет Кәрібек, Қорғаныс министрлігінің өкілдері, депутаттар және Қарулы Күштер ардагерлері, танымал спортшылар қатысты.

Qaisar әскери-патриоттық ойындарының іріктеу кезеңіне былтыр 1 700-ге жуық жас азамат қатысса, биыл қатысушылар саны 3 000-нан асқан. 17 облыс пен 3 қаладан келген 120 жас ақтық кезеңде аянып қалмай, бар күш-жігерін салды. 15-25 сәуір аралығында іріктеу ойындары өткізілді. Финалдық кезеңге жолдама алған 120 қатысушы 4-5 мамыр аралығында елордада бақ сынады. Ақтық кезең екі күнді қамтып, қатысушылар өздерін қашықтыққа жүгіру, арнайы әскери жаттықтырушылар дайындаған кедергілер жолағынан өту, саптық дайындық және танымын кеңейту бойынша викторинада жарысты. Ойынға қатысу үшін әр өңірден 10-11-сынып оқушыларынан 6 адамнан (4 ұл, 2 қыз) тұратын командалар құрылды. Іс-шара барысында десанттық-шабуылдау әскерлері соғыстағы ұрыс барысын бейнелейтін көрініс қойды. Одан бөлек, жастар Qaisar jalyny алауы маңында бас қосып, достық қарым-қатынасты нығайтып, гитарамен ән шырқады. Ойынның екінші күнінде қашықтыққа жүгіру мен «Менің елім – Қазақстан» тақырыбындағы әскери-танымдық викторинадан жарыс болды. Сондай-ақ қатысушылар үшін арнайы ұйымдастырылған экскурсия барысында «68655 әскери бөлімінің» тыныс-тіршілігімен, әскерилердің өмір тынысымен, қару-жарақтардың түрімен, әскерлердің материалдық-техникалық базасымен танысты.

Былтыр «AMANAT»-тың кезектен тыс XXII съезінде партияның «Жастар Рухы» жастар қанаты Qaisar жобасын іске қосатынын мәлімдеді. Бұл жоба Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың партияның съезінде берген тапсырмасын орындау бойынша жүзеге асуда. Былтыр бұл ойындар Қазақстан Қарулы Күштерінің 30 жылдық мерейтойы қарсаңында тұңғыш рет өтіп, дәстүрлі жалғасын тауып келеді. Жобаның мақсаты – өскелең ұрпақтың бойына Отанға деген сүйіспеншілік пен құрметті сіңіре отырып, патриотизмге тәрбиелеу. Оқушылардың әскери қызметке деген қызығушылығын арттыру.

Асыл ТҰМАР

Көкжиек

ЕРЛІГІ ЕСТЕ ҚАЛҒАНДАР

Махаббаттың ең үлкені – Отанға деген махаббат болса керек. Әр адам жақсысын қорғап, көзінің қарашығындай сақтауға ниет ететіні анық. Кейде көпшілік қазақ армиясының кем-кетігін айтып жатқанымен, оның көпке үлгі болып, разы қылатын жақсы тұстары да жетерлік. Біз бүгін әскер қатарында жүріп, екінің бірінің қолынан келе бермес ерлік жасаған сарбаздар жайында айтпақпыз.

Мадияр ТӨЛЕУ

ҚАРУЛЫ ТОПҚА ТОСҚАУЫЛ

Әскеріміздің айбыны сонау тәуелсіздік алған жылдардан кейін көп өтпей-ақ біліне бастаған еді. Мәселен, 1995 жылдың 7 сәуір күні Қарулы Күштеріміздің сарбаздары тәжік-ауған шекарасында қаруланған лаңкестермен шайқасып, ерліктің, қайсарлықтың үлгісін көрсеткені әлі күнге дейін көптің есінде. Тепсе, темір үзетін жауынгерлер шекараны заңсыз қару-жарақ пен есірткі дәлізіне айналдырмақ болған қарулы топқа тосқауыл қойды. Оған еліміздің түкпір-түкпірінен Отан алдындағы борышын өтеп жүрген 8 жарым мың сарбаз аттанған. Соғыс қашан да қантөгіссіз болмайтыны белгілі. Пшихвар шатқалындағы ұрыста 17 қазақстандық ерлікпен ажал құшқан еді. Бұл күндері ол батырлардың құрметіне әр жерден ескерткіштер ашылған. Жыл сайын еске алатындардың да қарасы аз емес.

АЛТЫНШЫ БЕКЕТТІҢ АДУЫНЫ

Бір өзі талайды жайратқан ерлер жайлы көбіне көркем шығарма немесе кинодан ғана оқып-көріп жатамыз. Дегенмен шын өмірде де мұндай батырлардың бары рас. 2010 жылы 22 маусымда Ақтау қаласындағы түрмеде үлкен дүмпу болып, бас бостандығынан айырылғандар қашпақ болады. 21 қашқынды жалғыз тоқтатуға ұмтылған Ербол Отарбаевтың ерлігін айтпай өтуге болмас. Көпшілік білер, кейін сол қылмыскерлердің қанқұйлы іс-әрекеті «Алтыншы бекет» фильмінің шығуына арқау болды. Отарбаевтың өзі оқиғадан соң III-дәрежелі «Айбын» орденімен марапатталды. Сарбаз кейінгі өмірінде әскер қатарынан алыстаған жоқ. Жанқиярлығымен әр адамның Отаннан қымбат емес екенін ұғындырған оның ерлігі ел есінен кете қоймасы даусыз. Қазақ армиясының атын баршаға танытқан жауынгерді үлгі ететін сарбаздар көп болары анық.

МӘҢГІЛІК ТАҒЫЗЫМНЫҢ ИЕЛЕРІ

Осыдан 7 жыл бұрын Ақтөбеде болған теракті есімізде. 2016 жылы 5 маусымда 17 адамнан тұратын экстремистер тобы қаладағы екі қаружарақ дүкеніне шабуыл жасап, сондай-ақ 6655 әскери бөлімінің аумағында орналасқан қару-жарақ қоймасын басып алуға тырысқан еді. Әскери қалашыққа жасалған шабуылға тойтарыс беру үшін қақтығысқа шыққан кезінде үш әскери қызметші оқиға орнында қаза тауып, 6 адам түрлі дәрежедегі жарақат алды. Экстремистер қару-жарақ қоймасын иемденсе, әрі қарай не боларын болжау қиын еді. Онда қарапайым азаматтарға да қауіп төнетін. Міндетін ерлікпен атқарған жауынгерлердің әрекетін батырлыққа баламаса болмас.

Қаза тапқан әскери қызметшілер арасында ҰҚК «Батыс» әскери қарсы барлау бөлімінің аға жедел уәкілі, майор Даниэль Майлыбаев, 6655 әскери бөлімінің келісімшарт қызметінің сержанты Берікжан Қалиев, 6655 әскери бөлімінің мерзімді қызметінің сарбазы қатардағы Досбол Сапар болды. Дегенмен қаружарақ қоймасын қорғағандардың бәрі де елеусіз қалған жоқ. Аға сержант Ғабит Балжанов, бөлім медициналық пунктінің фельдшері сержант Ирина Балмағамбетова, сержант Сатыбай Рахмет, ефрейтор Еламан Жанділдаев, ефрейтор Жеңіс Табынбаев, қатардағы жауынгерлер Артем Авдеев, Ілияс Қарақойшиев, Ақжол Шайсұлтан, Исламжан Тұрсын Ішкі істер министрінің «Құқық тәртібін қамтамасыз етуге қосқан үлесі үшін» медалімен марапатталды.

2017 жылы 10 қаңтарда қаза тапқан әскери қызметшілерді еске алу үшін мемориалдық тақта ашылған болатын. Ұлттық ұланның Бас қолбасшысының 2016 жылғы 22 маусымдағы №180 бұйрығымен әскери борышын орындау кезінде ерлік жасаған және қаза тапқан әскери қызметшілерді еске алу мақсатында тізімге мәңгілікке енгізілді. Қоғамның қауіпсіздігі үшін жан қиған ерлерге құрмет шексіз болуы тиіс.

БАТЫРЛАР БАҒАСЫЗ ҚАЛМАСЫН

Әскери қызметінен тыс уақытта да ерлік жасап, көмегін тигізіп жүретін сарбаздар аз емес. Сондықтан жауынгер болу тек қызметпен ғана емес, азаматтық позициясымен де өлшенсе керек. Сондай азаматтың бірі – Бақыт Ташкенбаев. Былтыр тамызда Алматыдағы Ұлттық ұланның 6654 әскери бөлімінің қызметшісі Ташкенбаев отбасымен Есік елді мекеніне жолға шыққан. Әскери қызметші жол бойындағы кафеден шыққан қалың түтінді байқап, бірден оқиға орнына жақын жерге тоқтап, көмек сұраған дауыс шыққан жаққа жүгірген екен. Өрт сөндірушілер келгенге дейін өрттің арасынан екі газ баллонды ажыратып, жиһаздарды көшіріп, адамдарды қауіпсіз жерге алып шыққан. Одан соң өз бетімен өртті сөндіруге тырысып, көмек көрсеткен екен. Бір қызығы, азамат өрт сөнгеннен кейін ешкімнен алғыс күтпей, түк болмағандай жолымен кете берген. Оны мейрамхана иелері іздеп тауып, ерлігін елге аян етіпті. Яғни, ерлік тек қызметтегілерге ғана тән дүние емес.

Былтыр күзде Қостанайда болған өртті сөндіру оңай болмағаны белгілі. Өрт сөндірушілермен қоса бұл іске сарбаздар да тартылған еді. Олардың арасында өлшеусіз еңбек сіңіргендері де болды. Мәселен, тілсіз жау басылған соң Мемлекет басшысының Жарлығымен әскери және қызметтік борышын атқарудағы жанқиярлығы, сондай-ақ төтенше жағдайда көрсеткен ерлігі үшін 31775 әскери бөлімінің қатардағы жауынгері Александр Аликович «Ерлігі үшін» медалімен марапатталды. Бар болғаны 18 жастағы сарбаз қауіп-қатерге қарамастан төрт күн бойы әскери инженерлік техникамен тілсіз жаудың таралуына қарсы тұрып, өртке қарсы бірнеше арықтар қазған.

Абай облысы Үржар ауданының тумасы сол оқиғадан 4 ай бұрын ғана Қарулы күштер қатарына шақырылған екен. Жас батыр кейін Қарағанды гарнизонындағы әскери бөлімде материалдық-техникалық қамтамасыз ету батальонында қызмет етті. Ауылда туып-өсіп, жергілікті ауылшаруашылығы колледжінде оқып, механизатор мамандығын алған бозбаланың ерлігі де көпті сүйсіндірді.

Қорыта айтқанда, халқымыз «еліміз аман, жұртымыз тыныш болсын» деген тілекті бекерге көп айтпайды. Бейбіт күнге не жетсін, дегенмен тосыннан келген не түрлі қауіпке кеудесін тосқан сарбаздарды құрметтей білгеніміз артық емес.

Даму

Смартфонды ҚАРУ ЕТКЕН САРБАЗДАР

Қазір әлеуметтік желіде аккаунт ашып, ақша тауып жатқандар көп. Блогер дейтін бір топ қауымның қатары жыл санап артып келеді. Көбісінің күнделікті ішіп-жегенін көрсетіп, жарнама үшін жұртты жарға жығып жатқанының да куәсі болып отырмыз. Қажеттілігі бас пайдасынан аспайтын мұндай аккаунтардың қатарын соңғы уақытта ұрпақтың бойындағы ұлттық рухты оятуға күш салып отырған әскери бөлімнің ресми парақшалары толтырып отыр. Осы орайда біз әлеуметтік желі арқылы әскери қызметтің күнделікті тіршілігін көрсетіп, жастардың бойындағы жігерді жануға жұмыс істеп жүрген әскери мобилографтарды әңгімеге тарттық. Олардың көзге көрінбейтін жұмысының артында ұрпақ тәрбиелеудегі орасан зор еңбек жатқанына куә болдық.

Жадыра МҮСІЛІМ

ИДЕОЛОГИЯЛЫҚ ЖҰМЫС ЖЕМІСІН БЕРІП КЕЛЕДІ

Ұлттық ұлан сапындағы сарбаздардың мойнына жүктелген жауынгерлік міндеттердің қатары көп. Мәселен, олар халықаралық маңызды шаралардан бастап елдегі түрлі мерекелік жиындар кезінде қауіпсіздікті қамтамасыз етіп, күн сайын ел тыныштығын күзету керек. Сондай-ақ Ұлттық ұлан бөлімшелері сотталған әйелдердің, кәмелетке толмағандардың жазасын өтеуіне арналған қылмыстық-атқару жүйесінің мекемелерін, түрмелерді және тергеу изоляторларын қоспағанда, қылмыстық-атқару жүйесінің қауіпсіздігі орта, барынша жоғары, төтенше және аралас мекемелерін күзетуді қамтамасыз етеді. Тіпті, маңызды мемлекеттік объектілерді және арнайы жүктерді күзетуге де қызмет көрсететін оларға төтенше жағдайлар оқиғаларының алдын алу да қоса жүктеледі. Ал арнайы мақсаттағы «Б» бөліністері ел аумағында қарулы қылмыскерлерді залалсыздандыру, заңсыз әскерилендірілген немесе қаруланған құрылымдар, ұйымдасқан қылмыстық топтардың әрекетіне тосқауыл қоятын арнайы операцияларға қатысуы тиіс. Міне, Ұлттық ұлан сапындағы әскерилердің атқарып отырған осындай маңызды қызметтері туралы бейнежазбаны бүгінде Инстаграм әлеуметтік желісіндегі national_guard_kaz парақшасынан көруге болады. Ұлттық ұланда баспасөз қызметінің маманы болып қызмет істейтін Мақсат Насыр ресми парақшаны өзі жүргізіп, мобилограф ретінде әртүрлі видеоролик түсіреді.

– Әлеуметтік желідегі парақшамызды жасөспірімдер мен жастарды әскери қызметтің қыр-сырымен таныстырып, Отан қорғауға шақыру үшін аштық. Қазір де тек сол мақсатта бейнероликтер түсіреміз. Әскери салаға ауысып келгеніме бір жыл болды. Бірақ ер азамат болған соң әскери өмірге бала күннен қызығып өстік. Оның үстіне, бұрын «Жетісу» телеарнасында «Ел қорғаны» деген хабарда жұмыс істедік. Содан бері әскерге деген қызығушылық артып, қоғамдағы сарбаздың оң имиджін қалыптастыруды мақсат еттім, – дейді Мақсат Насыр.

Әскерилердің күндегі қызметін көрсету үшін көп техниканың да қажеті жоқ секілді. Себебі мобилограф ұялы телефоны арқылы да видео түсіріп, монтаждап, желіге салуға мүмкіндік көп. Сөйтіп жүріп-ақ бір жылдың ішінде Ұлттық ұланға кіретін барлық қызмет түрлерін шолып, желі қолданушыларына таныстырып шығыпты. «Жыл сайын өтетін түрлі оқу-жаттығулардан бастап түзеу мекемелеріндегі қарауылдық қызмет, ішкі қауіпсіздіктің қалқанына айналған сарбаздардың күнделікті жұмысын да жеткізуе тырыстым. Ұлттық ұлан дегенде елдің ішкі қауіпсіздігі елестейді. Көпшілік концерттерде немесе халықаралық жиындарда тікеден тік тұрып қызметте тұрған сарбаздарды көреді. Алайда арнайы жасақтағы жігіттер мен кинологтардың оған дейін оқиға орнына барып тазарту жұмыстарын жүргізіп келетінінен хабарсыз. «Тойдың болғанынан боладысы қызық» болатыны секілді, шараға дейін олар халықтың қауіпсіздігі үшін қыруар жұмыс атқарады. Ата-ана үшін баласының амандығы, оның не ішіп, не киіп жатқаны маңызды. Сондықтан біз ата-анасының сұрақтарына жауап беру үшін күн сайын сарбаздың сәлемін, олардың күнделікті режимін, тамақтанып жатқан сәтінен қызықты видеороликтер түсіріп отырамыз», – дейді ол.

Бастапқы кезде «әскери салаға қызығатындарды қалай жинаймыз?» деп бас қатырған сәттер де болған. Бірақ әлеуметтік желідегі жазбаларға қызығушылық танытып, күнделікті пікір қалдыратындардың саны күн сайын өсіпті. Қазір ресми парақшаның 69 мың жазылушысы бар. Олардың арасында Отан алдындағы міндетін атқарып, елі мен жерін қорғағысы келетін жастардан жиі хат келеді. Сондықтан мобилограф әлеуметтік желідегі идеологиялық жұмыстар өз жемісін беріп келе жатқанын жеткізді. Десе де, әрбір бейнежазбаны жарыққа шығарар алдында жеті рет өлшеп, бір рет кесу дұрыс деген сөз. Өйткені жұрттың назарына ұсынуға болмайтын әскери құпияға абай болу аса маңызды.

«Парақшамызда тікелей эфирлерді де ұйымдастырып тұрамыз. Мысалы, сарбаздардың ант беру рәсімін міндетті түрде тікелей эфирде көруге болады. Ондай кезде қаралым жинаушылардың орташа саны 30-50 мыңға дейін жетеді. Бұл 69 мың жазылушысы бар парақша үшін желінің алгоритмі бойынша жақсы көрсеткіш. Әрбір жазбадан соң кері байланысқа шығып жататын жазылушылар да көп. Ұлттық ұлан сапына қызметке тұруға сұранатындар бар. Әсіресе, Құрмет қарауыл ротасына қызығушылық танытатын жігіттер жетерлік. Сосын былтыр арнайы жасақтың балаларымен бірге сұранып, Жамбыл, Түркістан, Қызылорда облыстарындағы «Қарасора» жедел алдын алу шарасынан арнайы репортаж жасадық. Өте жақсы қаралым жинады. Жасақ жігіттерінің қызметіне тәнті болғандардан оң пікірлер келіп түссе, ата-аналары, жақындары байланысқа шығып өз балаларын да осы қызметте көргісі келетіндерін айтып хат жазды», – дейді Мақсат Насыр. Мұндай әдемі кадр түсіру үшін мобилограф кейде дрон мен бейнестудияның көмегіне жүгінеді. Бәрінен маңыздысы кадрдың сәтті шығуы кәсіби жеделдік пен ашықтық қағидасын ұстануға байланысты. Әлеуметтік желідегі әскери тәрбиенің маңызын арттыру жұмысы мұнымен тоқтап қалмайтынын айтқан ол: «Алдағы уақытта Ұлттық ұлан сарбаздары туралы қысқаметражды фильм түсіру ойда бар» деп отыр.

ХАЛЫҚҚА КӨЗБОЯУШЫЛЫҚ ҰНАМАЙДЫ

Қорғаныс министрлігіне қарасты Астанадағы Құрлық әскерлерінің құрамындағы 68665 десанттық-шабуылдаушы әскери бөлімінің бүкіл тынысын жұрт бұл күні Тик ток желісіндегі «Столичная бригада в/ч 68665» парақшасынан көріп отыр. Әскери бөлімшедегі тіршіліктің тамырын телефон арқылы жұртқа көрсетіп, жастардың жігерін жануға, Отан қорғаудағы міндетті мақсат еткісі келетіндердің қатарын көбейтуге жұмыс істеп келе жатқан аккаунтқа 38 мың оқырман жазылған. Ал олардың күнделікті хаты мен ұсыныс-тілектеріне жауап беріп, күн сайын сарбаз өмірін сымсыз телефонға түсіретін кәсіби мобилограф емес, қарапайым әскери қызметкер болып шықты.

Әскери бөлімнің мәдени бос уақыт орталығының бастығы, капитан Әлихан Касенов әлеуметтік желідегі әскери бөлімнің парақшасын ашқанына бір жыл болыпты. «Бұл парақшаны ашудағы мақсат – жастар арасында үгіт-насихат жүргізу, олардың әскери өмірге деген қызығушылығын арттыру. Алғашында аккаунт ашу оңайға соққан жоқ. Себебі Қорғаныс министрлігінің бұйрығы бойынша бөлімшеде ұялы телефон ұстауға болмайды. Сосын бейнеролик түсіретін кезде әскери тәртіппен жүріп қалған жігіттерді камера алдында жүріп-тұрғызу қиын еді. Көбісі камерадан қашады. Дегенмен алғашқы бейнероликтен кейін-ақ әлеуметтік желіде оң пікір жазған оқырманның көптігін аңғардық. Қазір әскерилердің өздері сұранып, өз бөлімшелеріндегі қызметті көрсетуді сұранып жатады. Жақында бейнероликке түскен 15-20 әскери қызметші келіп алғысын айтып жатыр. Әскери қызмет болған соң тәулік бойы қызметте тұрады. Ондай кезде отбасында түсінбестік болуы заңдылық. Ал өз жолдасын, баласын желіде көріп жанұя мүшелері арасында түсініктіп орнапты. Кейбіреуі достарының алдында абыройы артып, жолдастарының арасында маңызды қызметте жүргенін мақтаныш ететіндер бар. Күнделікті әскердегі өмірді, сарбаздардың тыныс-тіршілігін барынша ашық беруге тырысамыз. Балаларының Отан алдындағы міндетті орындап жатқанын мақтан етіп, жылы лебізін білдіріп жататын ата-аналар бар», – дейді Әлихан Нұрымжанұлы.

Әлеуметтік желіде аккаунт жүргізуді әуеской ретінде бастаған Әлихан қазір тәжірибелі мобилографтардың өзін шаң қаптырып, операторлыққа әбден машықтанған. Өзінің айтуынша, халыққа көзбояушылық ұнамайды. Сондықтан сарбазды шынайы өмірін көрсетуді бірінші кезекке қоятын ол: «Біздің парақшадағы бейнежазбалар арнайы дайындықсыз түсіріледі. Біз көрерменге көзалдау жасағымыз келмейді. Сол үшін барлығы тосыннан түсірілген. Мысалы, жақында сарбаз асханасы туралы ролик түсірдім. Бір түнде ғана 700 мың қаралым жинады. Оқырмандардың тарапынан «комиссия келгендегі тамақ мәзірі», «арнайы түсірілген» деген пікір жазғандар бар. Шын мәнінде бұл видео тосыннан түсірілді. Таңертең жұмысқа келсем, сарбаздар асханаға кіріп жатыр екен, түсіре салдым. Бұл видеоны бірнеше сайттарда да көрсетті. Шынайы шықпаған дүниені оқырманның өзі де көргісі келмейтін еді. Біз әскердегі өмірді ғана көрсетпейміз, жастар арасындағы трендтерге қатысамыз. Мысалы, таяуда сондай бір видеоролик бір дегеннен 1 млн 300 мың қаралым жинады», – дейді.

Бүгінде әскери бөлімшенің әлеуметтік желідегі парақшасы тәулік бойы тынбайды. Бір тәулік қаралмай қалса, хат қоржынға келген хаттарды оқудың өзіне біраз уақыт кетеді екен. Ал әрбір оқырманның сауалына жауап беруге әскери қызметкердің уақыты шектеулі болғандықтан, кейде оқырман сұрағына кешіктіріп жауап беруге тура келеді. Айтпақшы, әскери бөлімшенің әлеуметтік желідегі парақшасы да темірдей тәртіпке бағыну керек. «Азаматтық өмірдегі блогерлер секілді кез келген дүниені өз бетімше сала алмаймын. Түсірген бейнероликті алдымен бөлім командирі, тәрбие жөніндегі орынбасар, құпия бөлімдердің бастықтары көреді. Құпия ақпараттың баржоғы тексерілген соң ғана саламыз. Сосын бізге келген хаттар мен пікірлерге де сараптама жасаймыз. Бірақ теріс пікірлерді де ешқашан өшірмейміз», – дейді ол.

Әскери бөлімшенің оқырмандарының арасында десантшы атанып, арнайы мақсаттағы бөлімшелерге жұмысқа тұрғысы келетіндер көп. Олардың арасында әскери қызметке қызығатын қыз балалар да бар. Ал қазақ әскерінің келбеті саналатын десантшы-шабуылдаушы бригаданың бүгінгі келбетіне қызығушылық танытушылардың жас айырмашылығына келсек, жазылушылардың 76 пайызы – еркектер, ал әйелдердің үлесі – 24 пайыз. Оның ішінде 18-24 жастағылар – 28, 25-34 жас аралығындағылар – 38, 35-44 жастағылардың үлесі 22 пайызды құрайды. Парақшаның 91 пайыз оқырманы қазақстандықтар, 54 пайызы украин, 3 пайызы қырғыз, ал Беларусь пен Өзбекстан 1 пайыз екен. Алайда оқырман арқылы аккаунтты коммерциялық мақсатта қолданудың қажет емес екенін айтқан Әлихан Нұрымжанұлы: «Бізге ақша табу мақсат емес, бізге керегі сол, қоғамдағы әскер туралы қатып қалған қатаң түсінікті жойып, жастарды патриоттық рухта тәрбиелеу», – дейді. Сондықтан да болар, Қорғаныс министрлігі арасындағы ресми парақшалардың арасында ол жүргізетін әлеуметтік желідегі аккаунттың қаралымы жоғары.

Назгүл НАЗАРБЕК *(фото)*

ӘСКЕРДЕГІ БІР ЖЫЛ

Назгүл НАЗАРБЕК

Отан қорғар әскер барда қорғанымыз мықты бола бермек. Шүкір, бүгінде мемлекетіміздің арқа сүйер айбынды әскері бар. Еліміздің әскери күштерінің дамуында Шымкент қаласының маңызы зор. Шымкентте бірнеше әскери бөлімнің, Ұлттық ұланның сарбаздары Отан алдындағы борышын өтеп, ерекше дайындық жүргізіп келеді. Біз үшінші мегаполистің шет аймағы саналатын «Сәуле» шағынауданында орналасқан №35748 әскери бөлімінде болып, сарбаздардың өмірімен танысып қайттық.

ЖАҢА ҚАБЫЛДАНҒАН САРБАЗДАР ҮЙРЕТІЛУДЕ

Аумағы бірнеше гектарды алып жатқан әскери қалашықта сарбаздардың үй-жайы, жатын орнына арналған казармалардан бөлек әскери қызметшілердің көпқабатты қызметтік үйлері сонадайдан көз тартады.

Біз барғанда сарбаздар сап түзеп, жаттығу шараларын жүргізіп жатыр екен. Батальон штаб бастығы, капитан Әли Айдын бізге сарбаздардың өмірі мен тыныс-тіршілігінен хабар беріп, таныстырып жүрді.

Капитан аланда еліміздің 3 өңірінен, яғни Қостанай, Алматы және Қонаев қалаларынан 1 апта бұрын ғана әскер қатарына қабылданып, осында келген жас сарбаздардың дайындық шараларын жүргізіп жатқанын айтты. Әр аймақтан келген 146 сарбаз мұнда 1 ай бойы әскер өміріне бейімделіп, шыныққады. Одан соң көрші қалалардағы әскери бөлімдерге бөлінеді. Мәселен, Алматыдан келген 50 сарбаздардың тең жартысы осында қалса, қалғаны «Жібек жолындағы» әскери бөлімге жіберіледі. Сол сияқты Сарыағаштағы әскери бөлімге де біразы бөлінеді. «Қазір жастардың көзқарасы өзгерген, олар әлдеқайда тез дамып жатыр. Оларды тәрбиелеудің басқаша амал-тәсілдері керек. Сол себепті Оңтүстік өңірлік қолбасшылығы жас сарбаздарды жаңаша тәсілдермен баулу үшін «Отар» гарнизонында бөлімдегі өте тәжірибелі, ең үздік деп іріктеліп алынған офицерлер мен сержанттарды оқытып, білімін жетілдіріп, тесттен өткізіп жібереді. Жаңа жүйе аясында сарбаздарды идеологиялық тұрғыда тәрбиелеу аса маңызды рөл атқарады. Ең алдымен олардың әскерге не үшін келгенін, мұнда жүрудегі басты мақсатын ұғындыру қажет. Күн сайын таңертеңгілік сапта баптар мен жарғылардың түрлерін, яғни сарбаз сарбазды ұруға, адам адамды балағаттауға болмайтынын, ондайға жол бергендерге қатаң шара қолданылатынын түсіндіреміз. Дәл қазір мұнда бөліміміздегі сайдың тасындай іріктелген офицерлеріміз сарбаздарды әскери өмірге бейімдеп жатыр», – деді штаб бастығы бізбен әңгіме барысында.

Байқағанымыздай, сарбаздар мұнда сапта жүруді, өзін ұстауды және автоматты жерден көтеру сияқты алғашқы дайындықтардан өтеді. Қонаев қаласынан сәуір айының соңғы күндерінде келген жас сарбаз Рамазан Рүстемовтің көзінен от байқадық. Отан қорғау алдындағы борышын өтеуге келгеніне ризалығын жеткізді. «Атаанам да әскери адамдар. Бала күнімнен мен де әскер қатарында болуды қалайтынмын. Сондықтан мұндай форманы киіп, Отан алдындағы борышымды өтеуге дайындалып жатқанымды сезіну бойыма күш-жігер, отаншылдық рух береді. Мұнда келгенімде салмағым 116 келі болатын. Қазір күнделікті дене шынықтырып, жаттығулар жасаудың нәтижесінде салмағым 106 келіге түсті. Өзімді жеңіл сезініп келемін. Әскер өміріне де үйреніп қалдым»,– дейді жас сарбаз.

ФИЛЬМНЕН ӘСКЕР ӘРЕКЕТТЕРІН КӨРЕДІ

Одан соң сарбаздардың үй-жайы саналатын казармаға беттедік. 1-ші және 2-ші қабат толығымен жас сарбаздардың жататын, сабақ оқитын орындарына арналған. Жатын төсектерінің жанындағы тумбаларға барлығына бірдей күнделікті пайдаланатын заттар қойылған. Ақ жағаларын күн сайын жуып, үтіктеп алады екен. Тұрмыстық бөлмеде үтік, шаш үлгісін реттейтін заттар орналастырылған. Одан кейінгі сабақ өтетін сыныптарда сарбаздар қолбасшының ұсынысымен бекітілген әскери фильмдер көріп отыр екен. Әрине, офицер фильмнің кейбір тұсынан тоқтатып қойып, ондағы соғыс тактикасын, идеологиялық тұрғыдағы әскерлердің әрекетін түсіндіріп жатыр. Фильмді жай ғана көріп қоймай, әрбір деталіне мән беру керек екені айтылуда. Тағы бір сыныпта жалпы әскери жарғылар үйретілуде. Мұнда да телевизор қойылған. Сабақ барысында қазір әлемде болып жатқан соғыстар төңірегінде сөз болып, ондағы қолданылып жатқан техника да назардан тыс қалмайды екен.

Әрбір жатын бөлмеде бейнебақылау қойылыпты. Оларды 24 сағат бойы арнайы наряд тапжылмай бақылап отырады. Мұнда сарбаздар ротасының таңертең ұйқыдан оянып, кешкі жатар орынға дейінгі әрбір уақыты, яғни күн тәртібі түзілген. Сабақ кестесі бөлек.

Таңғы сағат 6.40-та ұйқыдан оянып, төсек жинап, жуынған соң таңғы жаттығуға кіріседі. Онда аяқ және қолға арналған жүру және 1 000 метрге дейін қашықтыққа жүгіру бекітілген. Қарусыз есепке қоян-қолтық ұрысы дайындығы да бар. Сағат 7.40-та таңғы ас мерзімі. Таңғы астан шығып, бір орында және жүру арқылы қарусыз қозғалыс жасау саптық жаттығуы. Взвод командирлері оларға әскери қызметшінің ортада қауіпсіздігі, өртке қарсы қауіпсіздік шараларын жеткізеді. Сағат 9.50-ден бастап жалпы әскери жарғы даярлығы аясында сабақтар басталады. Онда бұйрық беру, бұйрықты тыңдау, оны бұлжытпай орындау сынды жарғылар түсіндіріледі. Одан кейінгі сабақта әскери қызметшінің міндеттері оқытылады. Қарумен және қарусыз жүру барысындағы саптық даярлықтан соң түскі ас. Сағат 15.00-ден кейін тағы дене даярлығы, сапта жүру, командирге бару сияқты жаттығулар үйретіледі. Кейін өзіндік дайындық барысында олар қаруларды жинап, шашу тәсілдерін үйренеді. Кешкі сағат 18.00-ден бастап бұқаралық спорт түрлерімен айналысады. Жігіттер сағат 19.40-тан 22.00-ге дейінгі уақытты жеке қажеттіліктеріне арнайды екен. Кестеге «Хабар» телеарнасын көру бекітіліпті. Бұл жас сарбаздардың бір күнгі күн тәртібінің кестесі. Келесі күні де дәл осыған ұқсас шаралар қарастырылған. Олардың қатарында бекітілген уақытқа газтұмылдырық киіп үлгеру, атыс даярлығы,



сарбаздың соғыс кезіндегі әрекеттерін үйрету шаралары бар. Тәрбие жұмыстары да қарастырылған. Ал демалыс күндеріне арнайы жоспар бекітілген.

САРБАЗДАР МӨЛШЕРМЕН ТАМАҚТАНАДЫ

Сенбі, жексенбі күндері кешкі сағат 17.00 мен 18.00 дейінгі аралықта ұялы телефонмен сөйлесуге уақыт беріледі.

Одан бөлек, взвод командирлері сарбаздардың ата-аналарымен арнайы WhatsApp желісінде чат ашып қойған. Егер демалыс күндері ата-анасы, туысы келетінін хабарласа, оған уақыт бөлінеді. Карантин сынды шектеу шаралары болмаса, оларды сыртқа сейілге жіберуге де мүмкіндік қарастырылыпты. Мұнда ата-ана мен баласының қауышу, кездесу бөлмесі бар. «Иә, ата-аналар балаларына тәттілер әкеліп жатады. Бірақ оған рұқсат берілмейді. Себебі біз олардың асқазанын күнделікті ас-ауқат мөлшеріне үйретіп жатырмыз», – дейді капитан.

Асханаға күн сайын бір әскери қызметші арнайы кезекшілікке тұрады. Ол мұндағы тазалықты, тағам мөлшерін, сарбаздардың келетін уақытын реттеп бақылап, үйлестіріп тұрады. Ал сарбаздардың күнделікті ас-ауқаты құндылығы ағзаға пайдалы, калориясы жоғары тағамдармен бекітілген. Барлығы да мөлшермен беріледі.

Әскери қалашықта монша, спортзал, жаттығу алаңдары қарастырылған. Механизмді бригада болғандықтан, мұнда техниканың барлық түрі кездеседі. Ұрыста жүру машинасы, танктер, жүк көліктері, зеңбірек түрлерінің барлығы да әскери техниканы сақтайтын паркке қойылған.

Мұнда жас сарбаздардан бөлек әскер қатарына қабылданғанына 6 ай болғандар да бар. Бірақ олардың жатын орны бөлек казармада. «Біз жаңадан келгендер мен бұрынғыларды мүлдем қоспаймыз. Тіпті, асханаға бару уақытының арасына да үзіліс қойылған. Бұрынғы сарбаздар мотоатқыштар батальонында. Қазір өз роталарында взводтарына бөлініп, жауынгерлік дайындық үстінде. Дәл қазір материалдық базаны қысқы кезеңнен жазғы кезеңге ауыстырып жатыр. Әр взводтың өзіне бекітілген рөлі бар. Сол лауазымдары бойынша сабағын өтеді», – деп атап өтті Әли Айдынұлы. Әскери бөлімде 6 батальон бар. Мотоатқыштар батальоны, артиллериялық дивизионы, зениттік және штабтық, материалды қамтамасыз ету батальондарына бөлінген.

«Біз сарбаздарға 1 жыл көлемінде барынша әскерге керекті дүниелерді үйретеміз. Әскери жаттығулардан бөлек психикалық, идеологиялық тұрғыда сабақтар өтіп, патриоттық сезімін оятып, физикалық және моральдық тұрғыда дайын сарбаз етіп жібереміз», – дейді тағы бірде штаб бастығы.

Осылайша, әскери гарнизонның жауынгерлік дайындығын, оқу корпусы мен жатын орнын көріп, әскер өміріне қанықтық. Еліміздің қауіпсіздігін қамтамасыз етер айбынды әскеріміздің барына марқайып қайттық.

Шымкент қаласы

МАТРОСТАРДЫ МАҚТАНЫШПЕН ҚАРСЫ АЛДЫ

Астананың теміржол вокзалында Әскери-теңіз күштері қатарында мерзімді қызметін өтеген 45 матросты Қорғаныс министрлігінің Орталық әскери оркестрінің сүйемелдеуімен жұртшылық зор құрметпен күтіп алды. Жастарды патриоттық рухта тәрбиелеу және әскери қызметтің имиджін арттыруды мақсат еткен шараның өтуіне Астана қаласы әкімдігі мен Астана қаласы Қорғаныс істері департаменті ұйытқы болды. Матростарды мақтанышпен қарсы алғандардың қатарында Астана қаласы Қорғаныс істері департаменті мен қалалық әкімдік өкілдері, Қарулы Күштердің және Ауған соғысы ардагерлері, «Жас сарбаз» әскери-патриоттық қозғалысы тәрбиеленушілері, сондай-ақ матростардың ата-аналары қатысты.

Осыдан тура бір жыл бұрын елордадағы Жастар сарайында Әскери теңіз-күштеріне баратын жастар үлкендердің ақ батасын алып әскерге аттанған еді. Енді, міне көзді ашып-жұмғанша бір жыл уақыт зырғып өтіпті. Әскери-патриоттық шығарып салу рәсімін ұйымдастырудың маңызы зор. Бұл тек әскерге баратын жастардың ерік-жігерін жанымайды. Мұндай тәрбиелік мәні бар игі іске куә болғандардың да көңілін толқытып, зор жауапкершілікті қуанышпен қабылдауына септігін тигізеді. Мәселен, сарбаздарды шығарып салуға келген 720 оқушы ертеңгі күні ел мен жерді қорғап сарбаз атанады. Алдыңғы толқын ағалар атқарған абыройлы міндетінен кейінгі толқын інілері өнеге алса, «ел қорғаны» деген қасиетті сөздің қадірін білуді қанына сіңіріп өсері хақ. Сондықтан олардың әскерден оралуын да салтанатты түрде қарсы алудың өзіндік мәні бар. Мәселен, үйіне қайтқан сарбазды қарсы алушылардың ақжолтай тілегі мен ақ батасы көпшілікті ойлантып, бойында мақтаныш сезімін тудырмақ.

Осылай деген «Қарулы күштердің ардагерлері» Республикалық қоғамдық бірлестігі төрағасының орынбасары, отставкадағы генерал-майор Марат Нағұманов туыс-туғанның ортасына оралған теңізшілерді құттықтап, азаматтық өмірге бейімделіп, болашағына дұрыс бағдар жасай білуіне тілектестік білдірді. Әскери-теңіз күштері бас қолбасшысының тәрбие және идеологиялық жұмыстар жөніндегі орынбасары, полковник Жұмабек Хасенов те «әскер» атты өмір мектебінен өткен матростардың барлығын Отан қорғау жолындағы абыройлы міндетін атқарып келуімен құттықтады. «Әскерге барған әр сарбаз шыңдалып, шыныққып келді. Олардың бәрі әртүрлі қару-жарақтан атуды үйренді. Жауынгерлік кемелердің жорығына қатысып, Әзербайжан, Иран, Ресей порттарында, нақты әскери кемелердің бортында болды. Бүгінде теңізшілер ғана емес, әскери-теңіз күштерінің кеңеюін көрсететін десанттық-шабуылдау батальонының сарбаздары да бар. Өйткені бұл – Каспий маңы өңіріндегі егемендігіміздің кепілі», – деді ол.

Мерзімді әскери міндетін өтеп келген запастағы матрос Айболат Аманкелді болашақта әскери сала бойынша білімін шыңдап, Отан қорғау жолындағы міндетін жалғастыруды жоспарлап отыр. «Әскери тәртіпке бейімделіп, төзімді болуды үйрендік. Көптеген дос таптым. Әскер жастарға үлкен мүмкіндік ашып отыр. Келісімшарт бойынша қызметті жалғастыруға немесе ҰБТ тапсырмай жоғары білім алуға болады. Әркімнің жүрек қалауы шешеді», – дейді ол.

Матрос Мұхаметжан Жанахметов те «Қызмет алдында қорқыныш болды, бірақ уақыты келгенде қорқатын ешнәрсе жоқ екенін білдік» деп отыр. Көп нәрсені үйретіп, үйден жырақта жүріп жақынның қадірін сезіндірген сарбаз өмірі туралы жеткізген ол: «Бұрын білмеген қару асынып, өзімді сарбаз ретінде сезіну, тіпті әскери кемеге бару – қызықты әрі тәжірибеге бай кезең болды. Өмірімде осындай кезең болғанына қуанамын», – дейді. Әскер өмірден өз жолын табуына және барды бағалауды үйреткенін айтқан матрос Мақсат Досбаев болса бір жылдың өзінде алдағы арман-мақсатын айқындап, ары қарай қандай таңдау жасау керек екенін бағамдап келгенге ұқсайды. Сондай-ақ ол берері мол, көкейге түйіргені көп Әскери теңіз күштеріндегі десанттық шабуылдаушы батальон құрамына алғысын білдірді.

Білектің күші, найзаның ұшы, қылыштың жүзімен қорғап келе жатқан кең-байтақ жердің әр тасын сақтап, ел қорғау ісіне ерекше мақтанышпен кірісуге келешек ұрпақты үндейтін шараның тәрбиелік маңызы осында жатыр. Сарбаз атанып, әскерге барған әрбір матростың бойын мақтаныш сезім кернесе, олардың әр сөзіне елітіп өскен ертеңгі ұрпақтың да рухы мықты, еңсесі биік болары анық.

Ж. АСҚАРБЕК

Ұлт пен тіл жайы сөз болды

Өткен бейсенбіде Қазақстан халқы Ассамблеясының XXXII сессиясының қорытындысы бойынша ҚХА «Көзқарас» талқылау алаңының кезекті отырысы өтті. Биыл сәуір айында ашылған алаңның бұл жолғы тақырыбы ұлт пен тіл және БАҚ жайына арналды.

Іс-шараға Ақпарат және қоғамдық даму министрі Дархан Қыдырәлі, ҚХА Төрағасының орынбасары, ҚР ПӘ ҚХАХ меңгерушісі Марат Әзілханов, депутаттар, ҚХА Ғылыми-сараптамалық кеңесі мен ҚХА кафедралар қауымдастығының мүшелері, сондай-ақ сарапшылық қоғамдастықтың басқа да өкілдері қатысты. Модератор Қолданбалы этносаяси зерттеулер институтының директоры, саясат ғылымдарының кандидаты Талғат Қалиев болған болса, Мәжіліс депутаты Никита Шаталов, Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі жанындағы «Қоғамдық келісім» мекемесінің басшысы Элина Паули, ҒжБМ Тіл саясаты комитетінің төрағасы Ербол Тілешов, QAZAQSTAN республикалық телерадиокорпорациясы басқарма төрағасының орынбасары Илхам Ибрагим, Түркі академиясының сарапшысы, филология ғылымдарының кандидаты Тимур Козырев, ҒЖБМ Ғылым комитеті Жошы Ұлысын зерттеу ғылыми институтының директоры, тарих ғылымдарының докторы (PhD) Жақсылық Сәбитов және тағы басқалар спикерлер ретінде сөз сөйледі.

Алаң шеңберінде жалпыұлттық бірегейлік, мемлекеттік тіл мен БАҚ-тың азаматтық бірегейлікті нығайтудағы маңыздылығы талқыланды. Азаматтық бірегейлікті қалыптастыру, барлық этникалық топтар арасында мемлекеттік тілді ілгерілету, этносаясаттың біртұтас, дәйекті түрде жүргізілуіндегі ғылымның рөлі, этникалық БАҚ-тарды дамыту және танымал ету жайы, сондай-ақ ҚХА-ның кезекті XXXII сессиясында Мемлекет басшысы қозғаған мәселелер бойынша алдағы жұмыстың негізгі бағыттары сөз болды.

Министр Дархан Қыдырәлі өзінің алғы сөзінде «Көзқарас» алаңы этносаралық саланы нығайту мен дамыту бойынша ғылыми-сарапшылық қоғамдастық пен мемлекеттік органдардың тиімді өзара іс-қимылы үшін платформа бола алатынын атап өтті. Ол Қазақстан халқы Ассамблеясының өткен XXXII сессиясы шеңберінде Мемлекет басшысы қойған міндеттерді іске асыру үшін ғылыми-әдіснамалық негізді дайындауда ғалымдар мен сарапшылардың ерекше рөлі туралы еске салды.

«Бірінші мәселе жалпыұлттық бірегейлік немесе ұлт немесе ел болып қалыптасу туралы екенін білесіздер. Бұл жердегі терминдерді ғалымдарымыз айқындау керек қой деп ойлаймын. Ұлт болып ұйысу, жұрт болып жұмылу – ұдайы жүретін процесс. Тарихқа қарасақ, қазақ халқының қалыптасу жолы арысы сонау қағанаттар кезеңі, қазақ хандығы кезеңі болса, бергісі Алаш пен азат ел болғанға дейінгі сан түрлі сынақтардан өтті. Қысқаша айтқанда, қазақ халқының тарихы бірігі мен кірігуден тұрады. Ұлт немесе ел ұғымын этностық тегіне ғана емес, баршаға ортақ құндылықтар мен азамат концепциясы негізінде қалыптастыру немесе қарастыру маңызды. Осылайша, елдің әрбір азаматы өзін біртұтас елдің ажырамас бөлігі ретінде сезінеді. Екінші мәселе – жалпыазаматтық бірегейлікті нығайту факторы болатын мемлекеттік тілді дамыту. Барлық азаматтың мемлекеттік тілді меңгеру мәселесі – елдегі басым бағыттардың бірі. Мемлекеттік тілді жалпыазаматтық интеграцияның тиімді құралы, ғылыми прогресс пен білімнің озық жетістігіне жол ашатын тетігіне айналу керек екендігіне Президентіміз айрықша тоқталды. Үшінші мәселе – жалпыұлтық бірегейлікті нығайту мен қоғамдық келісімді қалыптастырудағы БАҚ рөлін күшейту. Біздің министрлік бұл бағытта жүйелі жұмыстар жүргізіп келеді. Түрлі этностардың басылымдарын гранттармен қолдап отыр. Төртінші мәселе – этносаралық қатынастар саласындағы мемлекеттік саясатты ғылыми сарапшылықты қамтамасыз ету. Қасым-Жомарт Кемелұлы өзінің баяндамасында этносаралық саясат ғылыми тұжырымдарға негізделуі керек деген болатын. Осы ретте Үкіметке осы бағытта терең талдау жасалған тиісті сараптамалық баяндама жасауды тапсырды. Осыған орай, сіздерді осы маңызды құжатты дайындауға атсалысуға шақырамын», – деді Ақпарат және қоғамдық даму министрі Дархан Қыдырәлі.

Этникалық ұлт дегеніміз – бізге ата-анамыздың қаны арқылы тараған ерекшелік. Бұл біздің шығу тегімізді білдіреді. Ал саяси ұлт дегеніміз – азаматтық келісім арқылы қандай да бір игіліктерге қол жеткізіп отырған бір елде тұратын адамдардың тобы.

Алаң спикерлері өз сөздерінде азаматтардың әлеуметтік-саяси процестерге қатысу дәрежесін арттыру және жастар бастамаларын кешенді қолдау негізінде жалпыұлттық бірегейлікті қалыптастыру мәселелерін қозғады. Әлеуметтік келісімді нығайту үшін мемлекеттік тілді ілгерілетудің тәсілдері мен әдістері талқыланды. Сонымен қатар этникалық БАҚ-тарды дамыту, контент үйлестіру және бірлік пен өзара түсіністікке негізделген құндылықтарды жан-жақты ілгерілету сияқты маңызды тақырыптар көтерілді.

«Президент өз сөзінде біртұтас ұлт туралы айтты. Мұндағы айтылар ой ұлттың саяси ұлт ретінде әрі қарай дамуын көздейді. Бұл тұста жаңа ұлттың пайда болуы немесе ұлттың жаңаша сипатын енгізу туралы қате ой болмау керек. Оны қоғамға дұрыс жеткізуіміз керек. Ол үшін әуелі ұлт ұғымын ғылыми тұрғыдан дұрыстап түсініп алайық. Оның екі мағынасы бар. Біріншісі – этникалық ұлт болса, екіншісі – саяси ұлт тұрғысынан қарастыру. Этникалық ұлт дегеніміз – бізге ата-анамыздың қаны арқылы тараған ерекшелік. Бұл біздің шығу тегімізді білдіреді. Ал саяси ұлт дегеніміз – азаматтық келісім арқылы қандай да бір игіліктерге қол жеткізіп отырған бір елде тұратын адамдардың тобы. Әрине, осы екі тәсілдің таза ұстанымдарын заманауи өмірде кездестіру мүмкін емес деуге болады. Әрбір қауымдастық ұлт ұғымының өзіндік ұстанымдарын қосып алады. Кейбір мемлекеттер басында этникалық ұлт негізінде қалыптасқан болса, кейіннен миграция мен жаһандық миграция есебінен саяси ұлтқа айналып кетті. Мысалы, Франция мемлекеті. Франктар ғана қоныстанған ел қазір француз ұлты мекендейтін елге айналды. Онда азаматтығы бар адамдардың барлығы өздерін «французбын» деп санайды. Олар шыққан тегінің алжирлық, фломант екендігін жоғалтпай, өзін саяси ұлт тұрғысынан «француз» деп атайды. Қазаргі заманда дамыған елдердің басым бөлігі саяси ұлт аясында қалыптасып келеді. Мен сол мемлекеттің азаматымын дегеннен гөрі, мен сол саяси ұлттың өкілімін деген ұстанымдар нығая түсуде. Біздің де осы үрдістен айналып өте алмасымыз анық. Сондықтан оны қандай сипаттау қабылдау қажеттігін ойлануымыз керек», – деді ҚХА Төрағасының орынбасары, ҚР ПӘ ҚХАХ меңгерушісі Марат Әзілханов.

Іс-шара барысында спикерлер осы күн тәртібіндегі төрт мәселе бойынша пікір алмасты. Осы реттен алғанда бұл жиынды аралық меже деуге болады. Өйткені алға қойылған міндеттерді сапалы іске асыру мақсатында алдағы бірлескен жұмыстардың негізгі векторлары анықталды. Ұлт пен тіл мәселесін ҚХА алдағы уақытта түрлі алаңдарда талқылайтын болады. Солардың негізгісі «Көзқарас» талқылау алаңы болмақ. Түпкілікті шешім сол уақытта қабылданбақ.

Нұрлан ҚОСАЙ

ЕЛДІҢ СЕНІМДІ ҚОРҒАНЫ

Депутаттардың бірі әскери салаға қатысы жоқ «диван сарапшыларын» жаппай сапқа тұрғызып, Отан алдындағы міндетін атқаруға жіберу туралы сауал тастаған еді. Өйткені қазір екінің бірі әскердің әлеуметтік жағдайынан бастап қорғанысымыздың қуаты туралы талдау жасауға құмартып алды. Бір қызығы, қоғамдағы әскери салаға қатысты теріс пікір қалыптастырып отырғандардың көбі әскери борышын өтемегендер екен. Шындығында, көптің айтқанын құп көретіндер кабинетте отырып-ақ сарбаз дайындығы жайлы жазбалардың аражігін ажыратып жатпайды. Алайда егемен еліміздің сенімді қалқаны болар қуатты армиямыздың әлеуетін көзбен көрмей, әскерилердің дайындығы туралы дәлелсіз дүние айту – қате тұжырым болар еді.

Жадыра МҮСІЛІМ

Бұл сөзіміздің ақиқатына көз жеткізу үшін армияның аурасын сезініп, әскерилердің күнделікті оқу-жаттығуына куә болатын шараға қатысуды құп көрдік. Жастарды әскери патриоттық рухта тәрбиелеу және әскери қызметтің оң беделін одан әрі көтеру мақсатында ұйымдастырылған «Қуатты армия – еліміздің сенімді қалқаны: Қарулы Күштердің құрылғанына – 31 жыл» атты шарада журналистер сарбаз асханасынан дәм татып, оқу-жаттығуларына куә болдық. Атыс қаруларынан бастап, соғыс техникаларына саяхат жасап, әскери көліктердің соғыс жағдайына дайындығына көз жеткіздік. Елорда іргесіндегі Қорғаныс министрлігіне қарасты 68665 – Десанттық-шабуылдаушы бригаданың әскери бөлімінің өткізу бекетінен басталатын темірдей тәртіп әрбір казарманың есігінде де бұлжытпай орындалуы керек. Сондықтан да болар бұл бригаданың сарбазы атану – әрбір дархан далаға қалқан болар айбынды жігіттің арманы. Әскери бөлімге саяхатымыз десантшы сарбаздардың киім үлгісін таныстырудан басталды. Бөлім командирінің Тәрбие және идеологиялық жұмыстар жөніндегі орынбасары, подполковник Талғат Құлмановтың айтуынша, құрлық әскерлерінің бірнеше киім үлгісі бар. Оның ішінде Қорғаныс күштері, әуеге қарсы қорғаныс күштері мен әскери теңіз күштерінің киім үлгілері көрсетілген. Әскери қызметшілердің күнделікті киім үлгісінен бөлек, десанттық-шабуылдаушы әскерлердің күнделікті және парадтық киім үлгісі, Құрмет қарауылы ротасының да формасы бар. Далалық киімге әскери қызметшілердің полигонда оқу-жаттығу кезінде киюге арналған киімі киреді. Мергендердің киімдеріндегі погон мен өзіндік таңбасы әртүрлі, сондай-ақ олар жер бедерінің түсіне ұқсатып тігіледі.

Бұдан кейін БАҚ өкілдері бөлімшедегі атыс қарулары мен соғыс жағдайында қолданылатын бірқатар техникалармен танысты. Олардың ішінде әрбір офицердің жеке қаруы саналатын 9 миллиметрлі Макаров тапаншасы, Қарулы Күштердің арнайы мақсаттағы бөлімшелердегі сарбаз, сержант, офицерлердің 9 миллиметрлі дыбыссыз және отсыз тапаншасы, 5,45 миллиметрлі Калашников автоматы бар. Сондай-ақ 5,45 миллиметрлі Калашников автоматының модернизацияланған нұсқасы да таныстырылды. Оның артықшылығы сол, модернизацияланған қаруға көздеуіш немесе лазерлік құралдарды орнатуға болады екен. Одан бөлек, пайда болушы немесе жылжымалы нысандарды жоюға арналған. 7,62 миллиметрлі мергендердің негізгі қаруы – Драгунов мерген винтовкасы, 7,62 миллиметрлі Калашников оқшашары және 40 мм РПГ-7 танкке қарсы граната атқышты да көзіміз шалды. Бұл сауытты танктарға қарсы, артиллериялық қондырғы және бронды атыс нысандарын жоюға арналған. Ал радиациялық, химиялық және биологиялық барлауға арналған Telerob 1000 метр қашықтықтан басқарылады және жылдың 4 мезгілінде де барлау жасайды. Үш камерамен жабдықталған телеробот кешенінде 3 құрылғы орналастырылған. Құрылғының көмегімен радиацияның мөлшерін есептейтін мүмкіндік бар. Өте қауіпті аймақтарда 4 әскери қызметшінің міндетін бір ғана құрылғы атқара алады. Германияда жасалған техника елімізде былтырдан бастап тәжірибе жүзінде қолданып келеді. Бүгінде мұндай құрылғының Қазақстан бойынша екі данасы ғана бар. Біреуі Қонаев қаласындағы әскери бөлімде болса, екіншісі – осы. Айтпақшы, жылдамдығы 4.5 шақырым/сағат жүретін техниканың салмағы 66 келіні тартады.

Журналистердің назарына ұсынылған соғыс қаруларының арасында отандық өнімдердің де қарасын көзіміз шалды. Сондай-ақ әскерилердің оқу-жаттығуларын тамашалап, ауыр техникалардың мүмкіндігін сынаған көріністің куәсі болдық.

Қазір әскери бөлімде 400-ге жуық сарбаз мерзімді әскери міндетін орындап жатыр. Олар әуе десантшысы атану үшін алдымен парашюттен секіру үшін кем дегенде алты ай арнайы техникалық жаттығудан өтуі тиіс. Жартыжылдық дайындықтан соң десанттар 850 метр биіктіктен секірсе, кейін оның биіктігі арта береді. Сол күні қонақтар былтыр күзде ғана мерзімді әскери міндетін өтеуге келген 18-23 жас аралығындағы десантшы сарбаздардың дайындық техникасын тамашалады.

Талғат Құлмановтың сөзінше, әскери қызметшілердің әр күні әр сағатына дейін есептелген. Парашютпен секіруге, инженерлік дайындық, мина іздеу дағдыларын меңгеру игеру мен әуе шабуылына қарсы қорғаныс, саптық даярлық бойынша оқыту да кешенді түрде жүреді. Сонымен бірге әскери бөлімнің құрамында десантшылар ғана емес, танкшілер, инженерлік-саперлік рота, байланыс ротасы мен Құрметті қарауыл ротасы, арнайы мақсаттағы «Қалқан» батальонының жауынгерлері қызмет етеді. Сондықтан арнайы мақсаттағы бригада саналатын бұл бөлімді әскери қызметшілер мен заманауи техникалық жабдықтармен толық қамтамасыз етуге баса назар аударылады. Осылай деген бөлім командирінің орынбасары:

«Әскери қызметшілер бекітілген бағдарлама бойынша дайындықтан өтеді. Біздің әскери бөлім алты айлық бағдарламаға көшті. Алдымен әскери қызметшінің жеке дайындығына, содан кейін бөлімше, взвод, рота, батальон, ең соңында бригада құрамындағы дайындыққа назар аударылады. Мерзімді әскери қызметтегі сарбаздарды даярлау кезек-кезеңімен жүргізіледі. Мәселен, жүгіру қашықтығын біртіндеп арттыру, парашютпен секіртуге арналған жарты жылдық бағдарлама. Одан кейін сол бойынша аралық қорытынды шығарып, ары қарай тағы да сол бағдарлама бойынша қайтадан дайындалады. Жыл соңында қорытынды шығарып, командалық-штабтық оқу-жаттығу өткізумен аяқталады», – дейді.

Сондай-ақ әскери бөлімде ерлермен иық тірестіріп қызмет етіп жүрген әйелдер де бар. Олар негізінен байланыс торабында, радиотелефонист, психолог болып істейді. Бірақ олар да ерлермен бірге жалпы дайындықтан өтуі міндеттеледі.

Кинологиялық бөлімде қызмет ететін «Эмба» атты он жасар неміс овчаркасы бар. Қызметіне адал жануар 2018 жылы жалпы үйрету курсы мен мина іздеу бойынша жарыста топ жарып, бас жүлде алыпты. Мина іздеуге үйретілген епті ит қазақ және орыс тілдерінде берілген бұйрықты бұлжытпай орындайды екен. Оқу-жаттығу кезіндеептілігін көрсеткен Эмба жарылғыш минаны тез тауып, жиналғандарды тәнті етті. Қазір бригадада Эмба секілді тағы екі ит дайындалып жатыр. Оның біреуі – белгиялық иісшіл ит. Оның артықшылығы неміс овчаркасынан қарағанда жұмысты екі есе тез істейді. Мәселен, неміс иті минаны 3 минутта тапса, белгиялық овчаркаға қауіпті затты табуға 1 жарым минут жеткілікті. Кинологтың сөзінше, мина іздегіш иттерді үш айдан бастап дайындау керек. Одан уақыты асып кетсе, кеш болады. Сондықтан бөлімге иісшіл иттер күшік кезінде алынады.

Бұдан соң қонақтарды қарсы алған Қорғаныс министрінің орынбасары генерал-лейтенант Сұлтан Камалетдинов журналистермен бірге алдағы бөлімдегі жаңа казарманың тұсауын кесті. Отан қорғаушы күні және Жеңіс күнімен құттықтаған ол кәсіби мереке қарсаңында мерзімді қызмет сарбаздарының тұрмысымен таныстыруды жөн көріпті. Жақында ғана 200 миллион теңгеге 120 адамдық жеке құрам казармасының жөндеу жұмыстары аяқталған болатын. Мерзімді қызметтегі әскери қызметшілер үшін мұнда барлық қажетті жағдайлар жасалған. Ғимарат бейнебақылау камераларымен жабдықталып, олар мониторинг сынында, оқу аудиторияларында және бөлім аумағында орнатылған. Министрдің орынбасары алдағы мерекелер әскери дәстүрлердің сабақтастығымен, аға буынның ерлігі мен батырлығының үлгісімен байланысты екенін атап өтті.

– Бүгінде Қарулы күштер оқу-жауынгерлік міндеттерді орындап қана қоймай, бірлікті сақтауда және қоғамды патриотизмге тәрбиелеуде маңызды рөл атқарады. Жоғарғы Бас қолбасшының армияның жауынгерлік қабілетін нығайту, техника паркін жаңарту, әскерлердің ұтқырлығын, оның ішінде әскери-көліктік авиация мүмкіндіктерін арттыру жөніндегі тапсырмалары іске асырылуда, – деді генерал-лейтенант Сұлтан Камалетдинов.

Бұдан соң Әскери бөлімнің басшылығы қонақтарға ашық аспан астындағы музейді тамашалауға мүмкіндік берді. Әскери қалашықта 2005 жылы ашылған әскери техникалар мен ұшақтар орналасқан музейде 123 атыс техникасы бар. Оның ішінде 61 артиллерия қондырғысы,13 авиация және 17 бронды танк қару-жарақтарын көруге болады. Музей 4 қатардан тұрады: танк қару-жарақтары. артиллерия қару-жарақтары, авиация мен ракета және соңғы қатарда инженерлік және химиялық арнайы техникалар орналасқан. Техникалардың ішіндегі ең ескісі 1910 жылы шығарылса, жаңасы 1980 жылы қолданысқа берілген.

Шара соңында журналистер сарбаздардың түскі асынан дәм татты. Себебі сапқа сарбаздың тойып тамақ жеп, алаңсыз қызмет етуі маңызды. Әскердің әлеуметтік жағдайы толығымен қамтылып, техникасы сақадай сай болған елдің қорғаныс саласы қуатты, сарбазы кез келген сәтте сақадай сай болары хақ.

Қан майданға аттанғандар арасында ер азаматтармен бірге қазақ қыздарының да көп болғанын білеміз. Қазақстаннан II дүниежүзілік соғысқа қатысқан қыздардың нақты саны белгісіз. Деректер әр жерде әртүрлі жазылады. Соңғы жылдары бұл тақырыпқа жиі қалам тартып жүрген тарихшы Дина Игсатова мен Зәуреш Сақтағанованың жазбаларынан 1941-1945 жылдардағы соғысқа қатысқан Қазақстан әйелдері туралы деректерді кездестіруге болады.

ҚАН МАЙДАНҒА АТТАНҒАН ҚАЗАҚ *қыздары*

Батыр қыздардың қатарында Кеңес одағының батыры Әлия Молдағұлова, Мәншүк Мәметова, Халық қаһарманы Хиуаз Доспанованың есімі жиі аталады. Әлия мен Мәншүк туралы тарихи деректер де көп, тіпті көркем фильмдер де түсірілді. Хиуаз апайдың өмірінің соңғы сәтін көзбен көрдік. Үйіне барып, тілдескен де кезіміз бар. Батыр қыздың батасын да алдық.

Майданға аттанған қыздарымыз түрлі әскери құрамаларда қызмет етті. Бірі ұшқыш, енді бірі радист болса, енді бірі танкист, партизан, барлаушылар қатарында болды. Батыр қыздар туралы тарихшы Дина Игсатова «1941-1945 жылдары соғысқа қатысқан Қазақстан әйелдері» атты еңбегін жазды. Бұл ғылыми жинақ Динара Асановамен бірігіп дайындалған. Қан майданға аттанған қазақ қыздарының қатарында ұшақ механигі Дәмелі Жәкеева, зенитті артиллерия расчетінің командирі Ақлима Ақжолова, танкист қыздар Күлкен Тоқбергенова, Жамал Байтасова, пулеметші Жәмила Бейсенбаева, зенитші Ажар Оразғалиева, десантшылар Қалзия Асанова, барлаушы Жәмила Сәлімовалар бар.

Тарихшы Дина Игсатованың айтуынша, брондалған танкі әскерилері қатарына да қазақ әйелдері кірген. Олардың кейбіреулері радиотелефонистер, кейбірі пулеметші болыпты. Тек бір экипаж толығымен қыздардан тұрған. Ол Қазақстаннан келген қыздар құрамасы еді. Олар: Жамал Байтасова, Күлкен Тоқбергенова, Күлжәмила Талқанбаева, Жәмила Бейсенбаевалар болатын.

«Ерлігі үшін» медалін алған кіші сержант Жамал Байтасованы бөлімшедегілердің бәрі құрмет тұтты. Өз ісінің шебері, көңілді Жамал ұрыста қашан да төзімділіктің үлгісін көрсетті. Соғыста қазақ қыздары көрсеткен ерліктері өте көп. Бір Күлжәмиланың өзі жаудың бес атыс нүктесін жойған. Батыр қыздар туралы ақпараттар толық емес. Өйткені олар Литва жерінде қайтыс болған» деп жазады Дина Игсатова. Тарихшының айтуынша, Литва жерінде тарихи құжаттардың көбі әлі құпия сақтаулы.

Ғалым кітабының бір тарауын мәскеулік қазақ қызы Алтыншаш Нұрғазиноваға арнаған екен. Ол 1924 жылы Мәскеуде туған, 1941 жылы Мәскеу қаласындағы Сталин аудандық әскери бөліміне барып, сол жерден алты айлық курсқа аттанған. Кейін орталықта, Воронеж, Украина майданында соғысқан. Алғашында 8-гвардиялық дивизияның 235-і атқыштар полкінің 1-батальонының комсомол ұйымдастырушысы болды. Бірнеше рет ауыр жарақаттанып, госпитальға түседі. 1944 жылдың шілде айынан бастап 70 атқыштар дивизиясының 207-і атқыштар полкінің 2 батальоны сапында болды.

«Ол 1944 жылы 2 қазанда қайтыс болды. Польшадағы Краков жауынгерлік бейітінде жерленген. Қайтыс болғаннан кейін оған Қызыл Жұлдыз ордені берілді» деп жазылған тарихи деректерде. Бұл туралы ақпарат КСРО Қорғаныс министрлігі мұрағатында сақтаулы тұр. Алайда тарихшы Дина Игсатова Польшада жарық көрген екі томдық «Естелік» кітабына Алтыншаш Нұрғазинованың есімі енбегенін жазады. Кейінірек оны Польшаның Дукла қаласындағы әскери бауырластар зиратына жерлегені туралы деректер табылған. Онда Алтыншаш есімі Ақлынша деп жазылып кеткен.

Қан майданға аттанған қыздардың бірі – Сара Сартбаева. Ол туралы тарихшы Жұмабай Доспановтың зерттеу еңбектерінен кездестіруге болады. Семейде туған қыз соғысқа Ашхабадтан аттанған. Медицина қызметінің лейтенанты атанған. Там-тұм деректер ғана болмаса, басқа көлемді дүние таба алмадық.

Қазақтың батыр қызы Халида Маманова туралы да қызықты деректер көп. Оның тегі атақты Маман әулетіне қатысты екені белгілі. Заманында ең бай, бақуатты әулет саналған Маман байдың ұрпағының да даңқы аспандап тұрған еді. Бір кездері «Қазақ» газеті тоқтап қалмауы үшін қаржылай қолдау көрсеткен де осы әулет болатын. Тұңғыш қазақ романына бәйге жариялаған да Маман әулетінің ұрпақтары еді. Мамания мектебінің негізін салған бұл әулет туралы көптеп жаза беруге болады.

Журналист Қарагөз Серікқызы Халида Маманова туралы жазбасында: «Ол 1942 жылдың ақпанында соғысқа аттанады. Медицина институтын бітірген әр түлекке берілуі тиіс кіші лейтенант шені Халида Мамановаға бұйырмады. Тіпті, соғыс даласында медбике болып жұмыс істеуге де рұқсат етілмеді. Себебі ол «бай тұқымы», сенімсіз элемент саналады. Сөйтіп, Халида соғыс даласында бейіт пен окоп қазу жұмысына жегіледі. Міне, осы уақытта Халида Маманова Сталинге хат жазады. Хаттың мазмұны «Халық жауы» болсам, айыпкерлер ротасына жіберіңіз. Тірі қалсам, менен және туыстарымнан бүкіл айыпты алып тастаңыз» дегенге саятын. Осылайша, Халида айыпкерлер батальоны – штрафбатқа кетеді» дейді.

Соғыстан оралған соң да ол өзінің тартқан тауқыметі туралы ешкімге ақтарылып айтпаған. Халида елге капитан шенімен оралған. 1946 жылы Қазақ медициналық институтына патологиялық физиология кафедрасына жұмысқа тұрып, 1950 жылы кандидаттық диссертациясын жазып бітеді. Өкінішке қарай, бірақ ол жұмысын қорғай алмаған. Бай тұқымы болғаны үшін қорғатпаған. Кейінірек ол жұмысын Мәскеуде қорғауға мүмкіндік алып, медицина ғылымының кандидаты атағын алады.

Ғазиза Момынова – Батыс Қазақстанда дүниеге келген. Алматыдан соғысқа аттанған қазақ қызы. 391 атқыштар дивизиясының 473 дербес медициналық-санитарлық батальонында болған. 1943 жылы Қызыл Жұлдыз орденімен марапатталған. Жұмабай Доспанов өз энциклопедиясында Ғазиза Момынова деп алса, кей деректерде Роза Момынова деп те жазылып жүр.

Шығыс Қазақстаннан әскер қатарына шақырылған батыр қыздардың бірі – Баян Байғожина. Ол майданға аттанғанда бар-жоғы 18 жаста болыпты. Беларусь, Литва, Польша жерін азат етуге қатысқан. Гинденбург іргесіндегі қатты ұрыста жараланғанына қарамастан, ерлік көрсетіп, табандылық таныткан. Өкінішке қарай, жеңіске 12 күн қалғанда ерлікпен қаза табады. Оның денесі Гинденбург қаласында жерленген.

Қызылордалық ару Майра Қанатова да майданға өз еркімен аттанған. Ол Тереңөзек ауданы, «Қызыл Диқан» колхозында туған. Соғыста ерлік көрсетіп, жауынгерлердің арасында батылдығымен есте қалған батыр қызға «Ерлігі үшін» медалі берілген. Ал Оралдан аттанған Нұрғаным Байсейітова да соғысқа өз еркімен аттанғандардың бірі. 1942 жылы Мәскеудегі радиомамандар дайындау мектебіне курсант болып қабылданған. 1943 жылы Белорус майданы штабының тапсырмасымен сегізінші партизан бригадасының радисткасы ретінде жау тылына жіберген. «Қызыл Жұлдыз» орденімен марапатталған.

Партизан отрядында болған Торғаш Жұмабаева соғыс басталған кезде Минск облысында жау тылында қалып қойған. 1943 жылы Минскідегі «Большевик» партизан отряды қатарына кіреді. «Ұлы Отан соғысының партизаны» медаліне ие болған.

Мәриям Сырлыбаева да соғыс басталған жылы Алматы медицина институтын бітіріп шыққан екен. Ол қазақтың ұлттық 100-ші атқыштар бригадасының медсанротасына ординатор болып барып, бригадамен бірге майдан шебіне аттанған. Калинин майданына қатысқан. Оған әскери медицина қызметінің капитаны атағы берілген. Әскери дәрігер Мәриям Сырлыбаева Невель түбінен бастап, Польшаның Спот қаласына дейін барған. Брест қамалын алуға атсалысып, Торн, Тухель қалаларын азат ету соғыстарына қатысқан батыр қыздардың бірі.

Тарихшылар майданға аттанған қазақ қыздары туралы соңғы жылдары ғана зерттеле бастағанын айтады. Әзірге барлық құжаттар жария болған жоқ. Құпия сақталған деректер өте көп.

Тарихшы Дина Игсатованың қорында бірнеше кітапқа жетерлік зерттеулер жинақталған. Ол осы күнге дейін 5120 қазақ әйелдері туралы мағлұматтар тапқан. Ал тағы бір зерттеуші Жұмабай Доспанов 7747 қазақстандық әйелдер туралы мәліметтер жинап, «Қазақстанның майдангер әйелдері» атты энциклопедиясын дайындады. Ғалым, профессор Зәуреш Сақтағанова да соңғы жылдары майдангер әйелдер туралы ғылыми зерттеулер жариялап жүр.

Бірі – пулеметші, бірі – санитар, бірі – ұшқыш, бірі – радист болған қазақ қыздарының әрқайсысының тағдыры бір-бір көлемді шығармаға айналары сөзсіз. Бір әттеген-айы, II дүниежүзілік соғыстың аяқталғанына 78 жыл өтсе де, бұл тақырыптың әлі де толыққанды зерттелмей жатқаны. Санаулы тарихшы қыздарымыз зерттеп жүргені болмаса, құпия құжаттар әлі де жабық күйінде қалған. Ол құпия көмбені қай уақытта ашатынымыз тағы белгісіз...

Айна ХАСАН

Ботагөз МАРАТҚЫЗЫ

Жоғалған ЖАУЫНГЕРДІҢ ЖОҚШЫСЫ

Екінші дүниежүзілік соғыс кезінде Қазақстан аумағынан майданға аттанған 1 жарым миллионнан астам отандасымыздың 300 мыңға жуығы хабар-ошарсыз кеткен. Олардың ұрпақтары жауынгер аталарының қай мекенде жерленгендерін табу үшін әлі күнге дейін іздеу жұмыстарын жүргізіп келеді. Бұл істе көбіне оларға жоғалған жауынгерлерді іздеумен айналысатын волонтерлер көмектесіп жатады.

ЕСІМДЕГІ ҚАТЕЛЕР ҚАТТЫ АДАСТЫРАДЫ

Сондай игі жұмыстың басы-қасында жүрген еріктілер ретінде Facebook желісіндегі «Поиск воинов Казахстана пропавших без вести» тобын айтуға болады. Топ әкімшілерінің бірі, волонтер Күлән Нұрмұхамбетованың сөзінше, бұл жоба 2015 жылы Макка Қаражанова есімді Украинадағы қандасымыздың мұрындық болуымен ашылған екен. Бастапқыда өз атасын іздеу барысында көп кедергіге кезіккен Күлән апай осы салада біраз тәжірибе жинақтаған соң, дереу осы топқа мүше болып, хабарсыз кеткен жауынгерлерді іздеумен айналысатын еріктілер қатарына қосылған. Ол іздеу процестеріне өзінің мамандығы да үлкен көмек бергенін айтады:

– Мен орыс мектептерінде қазақ тілі пәнінен сабақ бергенмін. Сондықтан орыс ұлты өкілдерінің қазақша аты-жөндерін көбіне қандай қатемен жазатынын жақсы білемін. Хабарсыз кеткен солдаттарымыздың оңай табылмауына олардың аты-жөндерінің басқаша жазылуы да әсер етеді. Кезінде майданға шақырылғанда тіркеу жасайтындар олардың аты-жөндерін қалай естісе, солай жаза берген. Тіпті, кейде фамилия немесе есімдердің өзгеріп кететіні сонша, оларды тапқан күннің өзінде туыстары мойындамай, «Бұл біздің атамыз емес» деп бас тартатын кездер де болады. Ондайда әлгі солдаттың туған жері, соғысқа шақырылған орны тәрізді деректерді қоса келтіріп, ол кісілерге шынымен аталары екенін дәлелдейміз, – дейді Күлән Нұрмұхамбетова.

АҚЫРҒЫ ШАЙҚАСҚАН ЖЕРДІ БІЛУ ДЕ ЖЕТКІЛІКТІ

Бұл топтың мүшелері жан-жақты іздеу параметрлерін қолдану арқылы адамдар әдетте өздері іздеп таба алмайтын мәліметті тауып беріп жатады. Оның басты себебі, көп кісі қолда бар құжатты дұрыс оқып, тани алмауы немесе архивтермен жұмыс істеу ережелерін білмеуі мүмкін. Бұдан бөлек, топ мүшелері әлеуметтік желідегі осы мазмұндас өзге де шетелдік топтармен тығыз байланыста. Яғни жауынгерді іздеуге бір емес, бірнеше топтың мүшелері жұмылады. Егер іздеу жұмыстары нәтижесіз болса, топ мүшелері марқұм жауынгердің туыстарына Ресей Федерациясы Қорғаныс министрлігінің орталық архивіне хат жазып, сұраныс жіберуіне көмектеседі. Көмектеседі дегеніміз, ол мекеме өтінішті тек жауынгердің туыстарынан ғана қабылдайды. Тағы бір айта кетерлігі, егер жауынгердің қаза тапқаны туралы ешқандай ресми құжат жоқ болса, аталған топтың мүшелері іздеу барысында табылған деректерді зерттей отырып, оның соңғы шайқасқан жерін тауып, әлгі солдаттың есімін бауырластар зиратына енгізуге жәрдемдеседі.

Күлән апайдың айтуынша, марқұм жауынгердің кей туыстары аталарының нақты жерленген жерін біліп берулерін талап етеді екен.

– Біз, әдетте, жауынгер қаза тапқан ауылды немесе елді мекенді анықтап береміз. Бір адамдар бұл ақпаратқа қанағаттанбай, нақты қай орында жерленгенін білгісі келеді. Өкінішке қарай, ондай дәлдікке қол жеткізу көп жағдайда мүмкін емес. Өйткені бомба түскенде бірнеше шақырымдық радиустағы әскерлер түгел қырылып қалған ғой. Олардың әрқайсысын бөлек-бөлек жерлеп отыруға ол кезде шама қайда?! Менінше, атаның соңғы рет шайқасқан жерін білудің өзі жеткілікті, – дейді ол.

ӘЛІМЖАННАН ОЛИМОЖАМҒА АЙНАЛҒАН

Бір жауынгерді табуға айлап, кейде тіпті жылдап уақыт арнауға тура келеді екен. Неге сонша ұзақ десеңіз, Ресей Федерациясы Қорғаныс министрлігінің орталық архивіне жазған хатқа кемінде алты айдың ішінде жауап қайтарылады.

– Бұл мекемеге хат жазар алдында солдат туралы мейлінше мол дерек жинауға тырысу керек. Өйткені ондағылар сұраныс хаттағы деректер бойынша ғана іздеу жасайды, өздерінше зерттеу жүргізбейді. Мысалы, Әлімжан Калимов есімді солдатты осы архивтің арқасында таптық. Онда аты Олиможам деп өзгеріп кетіпті. Сонда біз тек қана «Алимжан» деген нұсқа бойынша сұраныс жасатсақ, ол архивтен табылмайтын еді, – дейді Күлән Нұрмұхамбетова.

Осындай қателердің кесірінен іздеу жұмыстары да ұзаққа созылады. Мәселен, «Поиск воинов Казахстана пропавших без вести» тобы мүшелерінің бірі Айга Берназарованың атасы 72 жыл бойы хабарсыз кеткендер тізімінде болған.

– Әкем атамды 55 жыл бойы іздеген. Әжем де сонша жыл зарығып жарын күткен. Ол сонау 1943 жылы жесір қалғанын білмеген ғой... Соғыс кезінде атам Уралбай Шалабаевтың фамилиясы Шалаваев болып қате жазылып кеткен. Ал оны жерлеу кезінде тегі тағы да өзгеріске ұшырап Малаваев болып жазылған. Біз Facebook-тегі осы топтың арқасында атам туралы әрбір түймедей фактіні жинап, ақыры ол кісінің ерлікпен қаза тапқан жерін анықтадық, – деп жазады ол.

ҚАЗАҚ СОЛДАТЫ ОТАНЫНА 80 ЖЫЛДАН СОҢ ОРАЛДЫ

Екінші дүниежүзілік соғыс кезінде хабар-ошарсыз кеткен қазақстандық жауынгерлердің жерленген орындарын анықтау және олардың есімдерін мәңгі сақтау мақсатында іздеу, мұрағаттық-іздестіру жұмыстарымен жүйелі түрде айналысатын ұйымдардың тағы бірі – «Атамның аманаты» қоғамдық бірлестігі. Ол 2019 жылы құрылған. Бүгінге дейін бұл бірлестікке 6 мыңнан астам өтініш түсіп, іздестіру тобының арқасында 2200-ге жуық қазақстандық сарбаздың жерленген орындары анықталған. Қазақстанның әр аймағында осы ұйымның 140-тан астам волонтері жұмыс істейді.

«Атамның аманатына» жүгініп, хабарсыз кеткен аталарын тауып жатқан жандардың хикаялары қызық. Солардың бірі жасы 80-нен асқан Мәдениет әже әкесі Хамен майданға аттанғанда небәрі 3 жаста екен. Соғысқа кеткелі әкесінен ешқандай хат-хабар келмеген. Іздестіру жұмыстарының нәтижесінде белгілі болғандай, Хамен Жұманұлы Екінші дүниежүзілік соғыста Ржев түбінде болған шайқаста қаза тауыпты. «Пионер» іздестіру тобы қазақ жауынгерінің сүйегін медальоны арқылы анықтаған. Бір жерден табылған үш сарбаздың екеуінің аты-жөні белгілі. Бірі Хамен Жұманұлы болса, екіншісі Төлеубай Жұмабекұлы, бірақ үшінші жауынгердің есімі жұмбақ күйде қалды. Олардың сүйегін елге әкелген соң, Мәдениет әже-ата салтымен әкесін үйіне бір күн түнетіп, үшеуін бөлмей қатар жерледі. Сөйтіп, қазақ солдаты отанына 80 жылдан соң оралып, туған жердің төсінде жай тапты.

Айтпақшы, жуырда Ақмола облысындағы Төңкеріс ауылында осы жерден майданға аттанған 69 адамның есімі қашап жазылған стелла ашылды. Сол жауынгерлердің жеке басын, жерленген жерлерін анықтауда үлкен жұмыс атқарған іздестіру тобының мүшесі Гүлнар Қанафина іздеу процесінде қолданған амалдарын айтып берді:

«Іздестіруді РФ Қорғаныс министрлігі Орталық архивінің «Память народа» және жинақталған деректер банкінің «Мемориал» сайтары арқылы жүргіздім. Сонымен қатар «Уикипедиядағы» мақалалар, Soldat.ru сайтындағы анықтамалықтар және ресейлік іздестіру форумдарындағы ақпараттарды пайдаландым. Іздестіруге қосымша мәліметтердің: әкесінің, атасының аты мен тегі, әйелінің/шешесінің аты-жөні, балаларының бар-жоғы, соғысқа дейінгі қызмет түрі, қай жерде және ол шақырылған кезде және т.б. жоқтығы кедергі келтірді. Үш күнге созылған іздестіру жұмыстары ақыры сәтті аяқталды. Барлығы 14 сарбаздың жерленген жері анықталды, олар Польша, Украина, Беларусь және Ресей аумағындағы бауырластар зиратында жатыр. Қалған адамдарды іздестіру РФ Қорғаныс министрлігі Орталық архивіндегі деректердің жаңартылуына орай жалғасатын болады», – дейді волонтер.

АРТЫНДА ЖЫРЫ ҚАЛҒАН
ЖАҚСЫБАЙ АТА

Нұрлан ОРАЗҒАЛИЕВ

Биыл Екінші дүниежүзілік соғыстың аяқталғанына 78 жыл толады. Халқымыздың тарихында ауыр зұлмат болып қалған осынау сұм соғыс қаншама боздақты жалмады. Қаншама асыл азаматтың дидарын топыраққа жасырды. Олардың бірінің артында аңырап әке-шешесі, улап-шулап бала-шағасы қалды. Енді бірінің артында жары қалса, енді бірінің артында жыры қалды…

Сондай боздақтың бірі – Жақсыбай Кенжебаев. Шамамен 1919 жылы дүниеге келген ол бала жастан өлең-жырға жақын болып өскен екен. Түрікменстан Республикасы Чаржау қаласындағы мұғалімдер дайындайтын Педагогикалық училищені бітірген соң енді үйленейін деп жүргенінде 1939 жылы армияға алынады. Украинаның Запорожье қаласында әскери борышын атқарған. «Армия күзде бітеді, елге қайтамын» деп жүргенінде сол жылы жазда соғыс басталып кетеді. Содан нағыз майдан шебіндегі әскери құрылымдар қорғанысқа жұмылдырылған екен. Осылайша, 1941 жылдың аяғында ол Украина майданында қала берген.

Жақсыбай ата ауылға хат жазғанда өлеңмен жазады екен. Хатының көбін тікелей інісі Байшаханға (шын аты Баймұқан) жолдап отырған. Оны ауылда мал бағып жүрген інісі төс қалтасында сақтап жүріпті. Бірақ, өкінішке қарай, бірде мал суарып жүргенінде құдықтан қауғаны еңкейіп тартып жатқанында қалтасындағы бүкіл қағаз-құжаты шымырауға түсіп кеткен. Бұл соғыс бітіп, ағасынан хабар-ошар жоқ, хат та, қара қағаз да келмей қалған кез болса керек. Содан ағасының көзіндей болған хаттардан айырылып қалған інісі біраз уақыт өкініп жүріпті. Есінде қалған өлең шумақтарын шамасы келгенше қағазға түсірген. Сол өлең жолдарын бүгінде Байшахан атаның ұрпақтары домбырамен жыр етіп айтып жүр.

Байшахан атам қазір бұл өмірде жоқ. Осыдан 21 жыл бұрын 76 жасында өмірден өтті. Мен жастайымнан домбыраға үйір болып өстім. Жыр-термелерді көп айтамын. Осы талабымды қуана қолдаған атам көзі тірісінде Жақсыбай атамыздың бір хатын маған өз қолымен жазып беріп, терме етіп айтып жүр деп аманаттап кеткен еді. Соны түрлі отырыста тарихын баяндап, домбыраға қосып айтып жүрмін. Жақсыбай атамыз жастайынан қыршын кетті ғой. Артында ұрпақ та қалмады. Үйленеріне екі-үш апта қалғанда армияға алынған екен. Содан біржолата оралмады. Соңғы жазған хатында «Украинаның Запорожье қаласында әскери госпитальда жатырмын» деп айттыпты. Қарасаң, өкінішті тағдыр. Бірақ Алланың қалауына шара не?!», – дейді Нұрғали Байшаханнемересі.

Кенжебай әулеті – Маңғыстау өңірінің тумалары. Тұқымымен өлең-жырға, мұғалімдікке, жазу-сызуға, есеп-қисапқа, домбыраға жақын. Мәселен, Кенжебайдың бір ұлы Жөнеубай Маңғыстауға белгілі руы Шалбар (Мәмбетқұл) Дауыл болыстың адъютанты болған. Ал біз сөз етіп отырған Жақсыбай ата осы Жөнеубай атаның төрт ұлының кенжесі. Осы жолдардың авторы Жөнеубай атаның үлкен ұлы Оразғалидың шөбересі. Қалған екі ұлы – Наурыз бен Жаңабай. Ол екеуі де майданда болған. Наурыз атамыз басынан жарақат алып, елге оралған. Ал Жаңабай атамыздың әуелгіде соғысқа бармауға броны болыпты. Шамасы, жергілікті ауылдық кеңесте хатшы болып қызмет атқарғанының арқасы болса керек. Бірақ жағдай қиындаған тұста 1943 жылы оны да майданға алып кеткен. Ол кісі содан оралмады. Бірақ артында ұрпақ бар. Осы ағалы-інілі екі майдангер Жаңабай Жөнеубаев пен Жақсыбай Кенжебаевтың есімі бүгінде Түрікменстан Республикасы Красноводск ауданының орталығы Жаңға ауылындағы «Ер есімі ел есінде» атты мәрмәр тасты ескерткіш-обелискіде қаза болған майдангерлер тізімінде «хабар-ошарсыз кетті» деп қашалып жазулы тұр. Жергілікті жұрт «9 мамыр – Ұлы Жеңіс күні» мерекесі сайын боздақтардың ескерткішіне гүл шоқтарын қояды.

«Біздің аталарымыздың тарихында Түрікменстанның көп айтылатын себебі, ол замандарда жұрт көшпелі өмір салтын ұстанған. Мысалы, күн суытқан күз айлары басталысымен олар Түрікменстанның табиғаты жылы Шағадам қаласына, Жантақтың ойына қарай көшіп, қыс бойы сол жақты жайлайтын болған. Ал наурыз айы басталысымен Сайөтестің маңындағы Ешкіқырған, Қыземшек деген жерлерді мизамтүйнекке дейін қоныстанған. Ал 1930 жылдары қуғын-сүргіннің басы басталғанда бірте-бірте сол жаққа қарай ойыса берген екен. Содан Ащыорпа, Қарабұғаз, Қошаба, Сүлмен деген жерлерді қоныс етіп қалып қойған. Тек тәуелсіздік алғаннан кейін олардың ұрпақтары біз Қазақстанға қайта оралдық», – дейді Дабыл Наурызов.

Жөнеубай ата ұрпақтарының ендігі бір арманы – хабар-ошарсыз кеткен Жақсыбай атаның қандай да болмасын мәліметін іздеу. Сол үшін де «AMANAT» партиясының «Атамның аманаты» жобасына хабарласпақ ниетте. Әзірге қолда бар мәлімет – атаның «Амандық хат» өлеңі. Иә, осылайша бір адамның тағдырын айту арқылы бір әулеттің, тіпті бір халықтың тағдырын баян еттік. Енді назарларыңызға атамның жырын ұсынайын. Қыршын кеткен жас боздақтардың рухы осынау мейрамды күнде бір аунап түсіп жатқан болар. Ұлы Жеңіс мерекесі құтты болсын!

АМАНДЫҚ ХАТ

Амандық сәлем жолдайын.
Сөзден де қиын таба алмай
Бір сағаттай қиналдым.
Қиынын сөздің табуға
Тіл менен жақты қинадым.

Айырған соң ауылдан
Бұрынғыдай болмадық.
Елден де хабар ала алмай
Көңілге қайғы орандық.

41-ші жылдың аяғы
Армияға алындық.
Төгілген қанды көргенде
Шыбын да жанның тілегін
Құдайдан сұрап жалындық.

Ұйықтап жатсам түсімде,
Атам да келіп қасыма:
«Айналайын, қарағым!
Басыңды көтер, ұйқыңды аш,
Ұйқы – дұшпан, аулақ қаш.
Қорықпа көрген бұл істен.
Қуанарсың кешікпей,
Барарсың аман жеріне,
Қосыларсың еліне», –
Деді де атам жоқ болды.
Атамның айтқан анық сөз
Көңіліме менің тоқ болды.

Мен орысша оқымай,
Елде жүріп далаңдап.
Кілең орыс ішінде
Жүрмін жалғыз қараңдап.
5-6 ауыз сөзбенен
Сөйлесемін амалдап.
Жазым да болып оқ тисе,
Қаламын қайда алаңдап.

Жүргенде жолдас сағынып,
Бір құдайға жалынып,
Жаңа таптым бір жолдас.
Фамилиясы Өтешов.
Жас та бір болса нар екен,
Адамдығы бар екен,
Сұрастырып қарасам,
Біздің де елмен қатарлас
Қазаншықтан бар екен.

Жақсы бір болса жолдасың,
Қабағыңды ашарсың.
Ішіндегі қайғыны,
Әңгімеменен басарсың.
Жаман бір болса жолдасың,
Өз-өзіңнен қашарсың.

Сөйлей көр тіл мен көмейім,
Жағымды қайрап безейін.
Айтылмаған сөздер көп,
Қайсысы бірін терейін.
Бұл соғысты бітіріп,
Аяқтағы тұсаудың
Ағытайын тиегін.
Шыныменен тілесе,
Мұсылманның ұлына
Бермей ме екен тілегін.
18 мың ғаламды
Жаратқан жалғыз құдай-ай!
Тіл тигізу құдайға
Пендесіне ұнай ма?
Қиыншылық бұл жерде
Адамзатқа ұнай ма?
Қиын да болса, қайтейік?!
Қиналады шыбын жан,
Төгіліп те жатыр қызыл қан.
Үлкен де аға, кіші іні,
Қатар да құрбы тең қайда?
Ойнап та күліп жүретін
Бұрынғыдай күн қайда?
Аман да болсақ барармыз
Туған да елім ауылға,
Бірге жүрген бауырға.
Сағынған шығар осы күн
Сүйген де жарым Ару да.

***

Ойласам ой түбіне жете алмаймын,
Ойымды өзім билеп кете алмаймын,
Егер мен алдағыны білсем болжап,
Кетер ем өз ойымды өзім билеп.
Талабым таудан биік, судан терең!
Соңынан талабымның ере берем,
Талабым ескілікте еске түссе,
Қызығын жас өмірдің қашан көрем!

Жақсыбай КЕНЖЕБАЕВ,
1941-1942 жылдар

КҮТУМЕН ӨТКЕН ҒҰМЫР

2005 жылы мамырда «Айқын» газетінде Жеңіс күніне арналған мерекелік нөмірге арнап мақала жазуға тапсырма алдық. Оқиғасы ерекше, тағылымдық-тәрбиелік тұрғыда болуы керек екені міндеттелген еді. Соның алдында Ақсу ауданында іссапарда болғанымда аудан орталығы Жансүгіров ауылында 1939 жылы күзде соғысқа аттанған жарын майданға жөнелтіп тұрып, өз қолымен пісірген ыстық күлшенің шетін тістетіп алып қалған кейуананың тұратынын естіген едім.

Қазақта алыс әрі қауіпті сапарға аттанған жанға шетінен тістетіп алып қалған нан бүлінбей, көгермей сақталса, ол адам тірі, «түбі оралады» деп ырымдайды екен. Сол туралы жазуға бел буып, Ақсуға барып, сол кезде тоқсаннан асқан апаға жолықтым. «Сырлы аяқтың сыры кетсе де, сыны кетпейді» дегендей, Мәдина әженің жас кезінде ажарлы, сымбатты болғаны бірден байқалып тұрды. Сұңғақ бойын әлі тік ұстайды екен. Киген киімі де жасына сай, жарасымды. Артық ештеңе жоқ. Үстіне қыл жұқтырмайтын кірпияздығы да сезіледі. Әңгімесі де ұғынықты. Жадының мықтылығы сондай, кейбір оқиғаларды мерзіміне дейін айтып отырды. Іздеп келгенімізге риза болып, дастарқаннан дәм татырып, батасын беріп, шығарып салды. Ақ орамалға оралған, өзі және отбасы үшін аса қастерлі күлшені де көрсетті. Жан жарын қан майданға аттандарып салғалы бері 66 жыл өтсе де, оның бір жерде тірі жүргеніне сондай сенімді болатын.

Хакімжан Хұсайынұлы 1909 жылы Ақсу ауданының Ақсу ауылында туады. Еңбек жолын он жеті жасында ревизор болып бастап, одан кейін теміржолда, колхозда бригадир болып істеген. 1930 жылы аудандық комсомол комитетіне қызметке қабылданған. 1931 жылы жұмысшы-шаруа қызыл армиясы қатарына шақырылып, екі жыл әскери борышын өтеген. Одан кейін Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы Халық комиссарлары кеңесінің бірлескен мемлекеттік саяси басқармасына қызметке алынған. Осында Кеген, Нарынқол, Жаркент аймақтарында міндетін атқарған.

«Хакімжан екеуміз 1931 жылы шаңырақ көтердік. Жарымның қызмет бабымен Жетісу жерінің біраз ауданының дәмін таттым. Жұмыстан келгеннен кейін екеуміз қолтықтасып көшеге шыққанда бүкіл ауылдың халқы бізге таңдана қарап, сыртымыздан сүйсінетін. Жастардың барлығы біздерге ұқсағысы келетін. Ол сондай сымбатты, күш-қайраты тасып тұрған, көзінде от ойнайтын жігерлі, жігіттің сұлтаны еді. Әскери киім өзіне керемет жарасатын. Ішкі істер халық комиссариатында істейтін. Мергендігімен де көзге түсіп, «Ворошилов атқышы» белгісімен марапатталған. Талай сыннан сүрінбей өткен, әскери және ішкі істер саласын жетік білетін мықты офицер болғандықтан, 1939 жылы күзде Екінші дүниежүзілік соғыстың алғашқы қарулы қақтығыстары бастала салысымен алғашқы лекпен майданға аттанды. Финляндия мен Кеңестер Одағы арасындағы соғысқа қатысты. Одан кейін неміс фашистеріне қарсы шайқасты. 1942 жылы жазда атақты Сталинград шайқасы кезінде хабар-ошарсыз кетті. Сол 1939 жылы күзде өз қолыммен пісірген тоқаштың шетінен тістетіп, қалғанын аман келгеннен кейін тауысасың деп ақ орамалға орап алып қалған едім. Тоқаштың қалған бөлігі бүлінбестен, көгерместен кеуіп, әлі күнге сол қалпында сақталып тұр. Соған қарағанда Хакімжан тірі. Жараланып, тұтқынға түсті ме деп ойлаймын. Соғыс біткенде басқа елдің әскерлері босатқан тұтқындардың көбі елге қайта оралудан қорқып, батыста қалып қойды ғой. Өзі де НКВО-да істегендіктен, тұтқындағыларға аяушылық болмайтынын жақсы білетін ол ретін тауып, сол жақта қалып қойды ма деп те болжаймын. Мүмкін, ауыр жарақаттанып, кім екенін ұмытып қалды ма деп уайымдаймын. Әйтеуір, аман жүрсе болды-дағы. Мен оған ғұмыр бойы адал болдым. Артында қалған балаларын жеткіздім, ұрпағын өсіріп отырмын, түтінін өшіргенім жоқ» деген еді сол жолы.

Өкінішке қарай, 1912 жылы 15 қыркүйекте Қапал ауылында туған Мәдина Сұлтанқызы 2005 жылы желтоқсанда қайтыс болды. Көкірегінде сарытап болып сақталған мәңгілік сағынышын, 70 жыл бойы үзілмей, алға жетелеген үкілі үмітін өзімен бірге алып кетті.

Патша заманында уезд орталығы болған Қапал ауылы өткен ғасырдың басында, 30-жылдарында да, одан бертіңгі кезеңдерде де Жетісу өңіріндегі ғана емес, Қазақстандағы іргелі елді мекен, аймақтық деңгейдегі мәдени және саяси орталықтың бірі болды. (Тек 1997 жылы бірнеше облыс тарқап, аудандар бір-біріне қосылғанда аудан орталығы мәртебесінен айырылып, содан бері бір кездегі дәрежесін жоғалтып, тозыңқырап кетті.) Сондықтан да болар, қазақ үшін қасіретті болған Кеңес Өкіметінің алғашқы кезеңінде, ойраны көп 30-жылдарында НКВД-нің, әскери комиссариаттың, басқа да уәкілетті органдардың аймақтық басқармалары да осында орналасыпты. Ашаршылық, қуғын-сүргіннің кесірінен жетімдер көбейгенде құрылған балалар үйлерінің бірі де Қапалда болған. Жергілікті ішкі істер органында басшылықта болған Хәкімжан Қайыповтың қосағы сол 30-жылдарға лайықты білімі бар Мәдина Сұлтанқызы сондағы балалар үйінде директор міндетін атқарады. Мәдениет үйінің директоры болады. Отағасын қатарластарымен бірге қан майданға аттандырғаннан кейін де қарап отырмай, өзіне жүктелген жауапты жұмыстарды жалғастырып, білім, мәдениет саласында зейнетке шыққанша еңбек етеді. Соғыс жылдарында ауылдастарымен бірге жеңісті жақындатуға барын салып, колхоздың ауыр жұмысына да жегіледі. Таңға дейін майданға жылы киімдер дайындап, байпақ пен қолғап тоқыған, пима басқан, өздері жарты құрсақ жүріп, әскерге азық-түлік қамдаған қиын кездерді жиі айтып отыратын дейді кейуананың көзін көргендер. Бес жылдан астам уақытқа созылған соғыс аяқталғаннан кейін тұралаған өндіріс пен ауыл шаруашылығын қайта өркендетуге де өзіндік үлесін қосады. Білімді адамдар тапшы кездерде өзіне жүктелген кез келген міндетті мінсіз атқарып, елдің алдынан көрінген. Содан да болар, бүкіл ғұмырында жерлестерінің сенімін иеленіп, айнала ортасының өзіне деген сый-құрметіне бөленіп өтті.

«Әжеміз жас кезінде керемет сұлу, дегдар болған деп ол кісімен замандас қапалдықтар күні бүгінге дейін жыр қылып айтады. Атаммен отбасын құрғаннан соң қиын-қыстаулы кезеңде екеуі Іргелі ауданындағы зиялылардың алдыңғы қатарында жүреді. Мүмкіндіктерінше елге адал қызмет етеді. Оқыған, сымбатты, әскери тәртіпті де жақсы білген, жастығына қарамастан қандай міндет жүктелсе де мінсіз атқарып, қатарының алдынан көрінген әжеміз атамыздың аяулы жары ғана емес, сенімді серігі болғаны да анық. Отағасын майданға аттандырғанда да, қосағы хабарсыз кеткенде де жақсылықтан үмітін үзбеді, ертеңгі күнге деген сенімін жоғалтпады. Ақыры сол сенімнің жетегімен жан жарын ұмыр бойы күтті. Өзі өмірден өткенше үмітін үзген жоқ. Көз жұмғанша қосағының есімін жадынан шығармады. Шамасы бар кезде Екінші дүниежүзілік соғыс туралы кез келген ақпаратты жібермей мұқият оқып, деректі фильмдерді үңіле қарап отыратын. Сондағысы атам туралы кішкене болса да хабар шығып қала ма, деректі фильмдерден таныс бейне көзге шалынып қала ма деген үміт қой. Кейде: «Әй, сол ана жақта қалып қойды-ау. Тым сымбатты еді, үйленіп те алған шығар» дейтін де, онысын өзі дереу жоққа шығарып, «Ондай жалындап, жанып тұрған жанның хабар-ошарсыз кетуі еш мүмкін емес, бізге жете алмай арманда жүр-ау» деп қиналатын. Әжеміздің өмірі мен адалдығы, қайсарлығы мен қажырлылығы бізге ғана емес, ауылдастарға да өнеге болды. Елге тұтқа бола білген талай азамат арнайы іздеп келіп, жолығып, ақыл-кеңесін тыңдайтын. Әжеміз өзінің жағымды энергиясымен адамдардың жанын емдейтін десем, еш қателеспеймін. Құқық қорғау саласының ардагері Асқар Шайхин шаршаған, торыққан сәттерінде арнайы келіп, әңгімелесіп, жанына таусылмас рухани азық алып қайтатын. Он-он бес минут болса да төсегіне қисайып, көз шырымын алатын. Кетерінде біразға жететін күш-қуат алдым деп алғысын жаудыратын. Азаматынан қалған аманатқа адалдықтан айнымай, балаларын өсіріп, жеткізді. Көзі тірісінде немерелерін аяқтандырып, шөберелерінің де қызығын көрді. Мүмкін, 93 жастан асып, қайтыс болғанша ешкімге ауыртпалығын салмай, өз аяғымен жүріп-тұрғаны, ақыл-есін сол күйінде сақтай алғаны да сол таусылмас қуатының, атамызға деген аппақ махаббатының, адамдарға адалдығының, айналасына тек жақсылық ойлағанының арқасы шығар деп ойлаймын», – дейді немересі Айжан.

Болат АБАҒАН,
Жетісу облысы

МАЙДАНГЕРГЕ МЫҢ ТАҒЗЫМ!

Ел қорғаған, қол бастаған батырларын, ақылы дария, сөз көсемі қарттарын қадірлеу – қазақтың қанына әлімсақтан сіңген қасиет. Өйткені қазақ халқы шарық тастай шыр айналған дүниенің небір шырғалаңынан батырлары мен данагөйлерінің арқасында аман шығып отырды. Ал батылдық пен ақылдылық сияқты қос кие де ардагерлердің бойында тоғысады. Сондықтан еліміз оларды жеке құндылықтай қастерлеп, барша қошеметке бөлеп келе жатыр. Заман қанша құбылса да, неше жерден идеология өзгерсе де, 9 мамыр – сапы сиреп, санаулысы қалған Екінші Дүниежүзілік соғыс ардагерлерінің көңілін бір серпілтетін, бүкіл қазақстандықты соларға тағзым еткізетін сыйлы мерекеге айналды.

Айхан ШӘРІП

ҚАЗАҚСТАНДА ҚАНША АРДАГЕР ҚАЛДЫ?

Бұл сұраққа нақты жауап беру үшін бір мәселенің байыбына барған жөн. Ел Парламентінде ардагерлерге қатысты заң жобасы талқыланған тұста ақтар мен қызылдар арасындағы азаматтық соғысты қоспағанда, XX ғасырдан бері Қазақстан территориясында соғыс болмағаны қаперге салынды. Тиісінше, 1941–1945 жыл аралығындағы Ұлы Отан соғысы да, 1945 жылдың тамызындағы кеңес-жапон соғысы да Қазақстаннан тыс аумақта жүрді.

Кеңес кезінде қазақстандықтар көп аттандырылған екінші ірі соғыс 1979–1989 жылдарды қамтыған Ауған соғысы болатын. Бертінде қазақстандықтар бітімгершілер қатарында тәжік-ауған қарулы жанжалы кезінде осы екі елдің шекарасының тыныштығын күзетті. Таулы Қарабақтағы қақтығысты реттеуге жұмылдырылды. XXI ғасырдың басында қазақстандық жауынгерлер Қазбат бітімгершілік батальоны құрамында Ирак жерін минадан арылтуға атсалысты. Тиісінше, мемлекет бұл санаттардың бәрін біріктіру туралы шешім қабылдады.

Нәтижесінде, Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің әзірлеуімен ел Парламенті 2020 жылғы 6 мамырда, ел тарихында тұңғыш рет «Ардагерлер туралы» заңын қабылдады. Оған сәйкес, енді Ұлы Отан соғысының ардагерлері; Ауған соғысының ардагерлері; басқа мемлекеттер аумағындағы ұрыс қимылдарының ардагерлері; жеңілдіктер бойынша ҰОС ардагерлеріне теңестірілген ардагерлер; сондай-ақ еңбек ардагерлері, 40 жыл еңбек өтілі бар, «Еңбек ардагері» медалімен наградталғандар да «ардагер» мәртебесіне ие болды.

Нәтижесінде, Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің мәлімдеуінше, Қазақстанда барлық санатта 2022 жылы жалпы саны 98,1 мың ардагер мемлекеттік қолдаумен қамтылды. Демек, осынша ардагер болды.

Бірақ 9 мамыр мерекесі – Екінші Дүниежүзілік соғыстағы жеңіске арналғандықтан, құрмет пен қошемет, мадақ пен марапат та бірінші кезекте өткен ғасырдың қырқыншы жылдарындағы қан майданнан өткен жауынгерлерге арналады. Сонымен бірге ардагерлер санатындағы өзге азаматтарға да сый-сияпат көрсетіледі.

Жаһандық соғысқа қатысқан ардагерлер қатары жыл өткен сайын қатты сиреп барады. Тіпті ҰОС ардагерінсіз қалған тұтас өңірлер бар. 2021 жылғы 6 тамызда, 96 жасында Атырау облысындағы II Дүниежүзілік соғыстан аман оралған соңғы ардагер Закария Сұлтанов дүние салды.

2022 жылғы қыркүйекте Павлодар облысының Шарбақты ауданындағы соңғы ҰОС ардагері Ефим Петренко 105 жасқа бір ай қалғанда өмірден өтті.

Осы аптада ақпарат құралдары Түркістан облысында қалған 15 соғыс ардагерінің бірі бақилық болғанын хабарлады. Облыс әкімдігі Жеңіс күніне орай көзі тірі 15 соғыс ардагеріне бір реттік материалдық көмек беру туралы шешім қабылдаған. Бұл қаражат 30 сәуірге дейін қариялардың есепшотына аударылып та қойды. Алайда осы ақпарат шыға салысымен қан майданда Отан үшін қасық қаны қалғанша соғысқан қариялардың бірі көз жұмғаны туралы суық хабар жетті. Осылайша, ең халқы көп облыста 14 ардагер ғана қалды.

Елімізде қазіргі кезде қанша ҰОС ардагері бар? Еңбек ведомствосының дерегінше, 2021 жылы республикада 665 ҰОС ардагері және мүгедегі болған. 2022 жылғы 1 сәуірдегі жағдай бойынша олардың саны 387 адамға дейін азайды. Яғни, ел бір жылда 278 ардагерінен айрылып қалды. Министрліктің мәліметінше, Қазақстанда 2023 жылғы 1 мамырдағы жағдай бойынша Ұлы Отан соғысының 222 қатысушысы өмір сүріп жатқаны тіркелген. Былтырдан бері ардагерлер сапы тағы 165 адамға кеміді. ҰОС кезінде жарақаттану, контузия алуы, мертігуі немесе ауыруы салдарынан мүгедек болған адамдар, сондай-ақ ҰОС жеңісіне үлес қосқан 60 106 азамат тұрады. Олардың ішінде: қоршаудағы Ленинград тұрғындары – 78 адам; концлагерьлердің бұрынғы кәмелетке толмаған тұтқындары – 175 адам; соғыста жарақаттану, контузиясы, зақымдануы немесе ауруға шалдығуы салдарынан мүгедек болып, дүние салған жауынгердің жұбайлары – 2 413 адам; ҰОС-да қаза тапқан (қайтыс болған, хабар-ошарсыз кеткен) жауынгерлердің жесірлері – 4 адам; тыл еңбеккерлері – 57 436 адам.

СЫЙЫ САЛМАҚТЫ БОЛАДЫ

Қазақстанда 9 мамырда Ұлы Отан соғысы ардагерлеріне сыйақы төлеу үшін бюджеттен 4,6 млрд теңгеден астам қаржы бөлінді. Нәтижесінде, әрбір ҰОС ардагері төл мейрамына орай кем дегенде 1,5 миллион теңгеден алады. Өңір әкімдіктері осындай шешім қабылдаған. Ақтөбе және Павлодар облыстарында – 2 млн теңгеден төлеген.

Бұл туралы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі Тамара Дүйсенова хабарлады.

«Қазақстанда Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне 9 мамыр қарсаңында тиісті материалдық сыйақы төленді. Оның сомасы барлығына бірдей. Бірақ жергілікті әкімдіктерге ол қаржыны жергілікті бюджет есебінен көбейтуге рұқсат етілген. Сол себепті бір жерде көбірек те болуы мүмкін. Қалай болғанда, 1,5 млн теңгеден кем болмауы тиіс», – деді Тамара Дүйсенова.

Салыстырар болсақ, 2021 және 2022 жылдары елімізде Жеңіс күніне орай ардагерлерге 1 миллион теңгеден аударылған болатын. Әйткенмен, былтыр Ақтөбе облысы бұл соманы екі еселеп, 2 млн теңгеге жеткізген. 2023 жылғы 1 мамырдағы жағдай бойынша зейнетақыны ескере отырып ай сайын аударылатын әлеуметтік төлемдердің орташа жиынтық мөлшері: ҰОС қатысушылары үшін – 220 754 теңге (161 адам алды). ҰОС кезінде жарақаттану, контузия алу, мертігу немесе ауру салдарынан мүгедек болған адамдар үшін – 229 286 теңге (61 адам). Басқа мемлекеттердің: Ауғанстан, Вьетнам, Алжир, Мысыр, Ирак және басқасының аумағындағы әскери іс-қимылдарының ардагерлері үшін – 215 201 теңге (25 752 адам). Жеңілдіктер бойынша ҰОС қатысушыларына теңестірілген адамдар үшін – 182 782 теңге (3 648 адам). ҰОС кезеңінде жарақаттану, контузия алу, мертігу немесе ауру салдарынан мүгедек болған адамдарға жеңілдіктер бойынша теңестірілген адамдар үшін – 140 838 теңге (14 424 адам). ҰОС жылдарындағы тыл еңбеккерлері үшін – 148 892 теңге (57 436 адам).

Ардагерлерді әлеуметтік қолдаудың қосымша шаралары да көрсетілуде. Олардың барлығы әскери қызметшілер үшін қолданылатын құқықтар мен кепілдіктерге ие. Салық салу бойынша жеңілдіктерді пайдаланады, Астана және Алматы қалаларындағы мамандандырылған госпитальдарда білікті медициналық көмек көрсетіледі, санаторлық-курорттық емдеу ұсынылады (367 млн теңгеге 1 989 адам).

ТМД елдері биыл Ұлы Отан соғысындағы жеңістің 78 жылдығын атап өтуде. 9 мамырда бұрын бір одақта болған бүкіл 15 республикада, соның ішінде Балтық елдерінде де батыр ұрпақтың фашизмге қарсы соғыста шейіт болған ұландарының жанқиярлық ерлігіне тағзым етіледі, көзі тірі ардагерлерге құрмет көрсетіледі.

Бұл ретте олардың барлығы бірдей 9 мамырға ақшалай сыйақы жасамайды. Қаржылық көтермелеу қарастырылған мемлекеттер арасында ардагерлерге ең көп сыйақы төлеу жөнінен Қазақстан алда, шоқтығы биік.

Мысалы, көрші Ресейде басын бәйгеге тіге жүріп, Жеңісті әперген ардагерлерді ұлықтауға емес, Жеңістің сыртқы, көзбояу атрибуттарын дәріптеуге көбірек мән береді. Мәскеу 9 мамырда В.Путиннің қатысуымен Жеңіс парадын кең ауқымда, салтанатты түрде өткізетіні жайында жаһанға жар салды.

Сонымен бірге РФ басшысының «Жеңіс күніне азаматтардың бірқатар санаттарына жыл сайынғы ақшалай төлем туралы» жарлығына сәйкес, ресейлік ҰОС ардагерлеріне 10 мың рубль (56 мың теңге) көлемінде төлем төленеді. РФ үкіметі «белгіленген сома мөлшері инфляцияға сай индексацияланбайтынын» мәлімдеді.

Мұның сыртында Ресейдің тек бірнеше өңірі ғана осы азын-аулақ төлемге жергілікті үстемеақыны қосуға ұйғарыпты. Мысалы, Санкт-Петербургта әлгі сомаға 5 мың рубль қосылды. Ханты-Мансы автономды округының үкіметі таңғалдырды: ардагерлерге арналған үкіметтік соманы 20 мың рубльге дейін өсірді. Мәскеу қаласында 10-нан 25 мың рубль аралығында аударылыпты.

Өзбекстан Президенті Шавкат Мирзиёевтің жарлығы бойынша Екінші Дүниежүзілік соғыстың әрбір қатысушысына және мүгедегіне 18 миллион сум (724 мың теңгеден астам) бір реттік ақшалай сыйақы ұсынылды.

Беларусь Министрлер кеңесі де өткен ғасырдың қырқыншы жылдарындағы жаһандық қырғында елді қорғаған және соғыс салдарынан зардап шеккен 10 мыңдай тұрғынға бір жолғы материалдық көмек беру туралы шешім қабылдады.

«Ұлы Отан соғысына қатысқан және оның салдарларынан зардап шеккен шамаман 10 мың ардагер Жеңіс күніне материалдық көмек алады. Оның мөлшері 850 рубльден 2 мың рубльге дейін жетеді», – деді Беларусь вице-премьері Игорь Петришенко.

Бұл қайта өскендегісі: 2022 жылы беларустік ардагерлер 750–1800 рубльден ғана алыпты. Бір жыл ішінде бұл елдегі ардагерлер саны екі мыңға жуық азайды (2022 жылы шамамен 11,8 мың адамды құраған). Бұл қатарда «1945 жылғы 3 қыркүйекке дейін Отан қорғау бойынша (жапон армиясына қарсы) әскери қимылдарға қатысушылар» да бар. Осылайша, бұл одақтас ел мерекелік сыйақыға жалпы сомасы 10 миллион рубль жұмсады.

«Қырғызстан ҰОС ардагерлеріне Ресейге қарағанда 10 еседей көп төледі» – Алатаудың арғы беткейіндегі ағайындардың ақпарат құралдары осындай тақырыппен шықты. Қырғыз Президенті Садыр Жапаров тиісті өкімге қол қойды. Оған сәйкес, Жеңістің 78-ші белесінің құрметіне ҰОС ардагерлерінің әрқайсысына 100 мың сомнан төленеді. Бұл жерде қос елдің ұлттық валюталарының долларға шаққандағы бағамы ұқсастау: 1 доллар 80 рубль немесе 87 сом тұрады.

Economist.kg порталының жазуынша, 100 мың сом төлемді 68 ардагер ғана алыпты. Көрші қырғыз елінде бүгінде сол сұрапыл соғысқа қатысқан осынша батыр ғана қалды.

Тәжікстанда соғыс ардагерлеріне 7 мың сомониға дейінгі көлемде төлем төленеді.

Ардагерлер қандай марапатқа да лайық. Олардың кеудесіндегі әрбір орден мен медальда соғыс кезіндегі өмір мен өлімнің арпалысы, бейбіт күндегі мандай тердің тамшысы бар. Қандай заман орнаса да, бұл құрмет ары қарай ұрпақтан-ұрпаққа жалғасқаны жөн. Өйткені өсер елдің өнегелі халқы батырлары мен қарияларын қатар құрметтейді. Батыр буын ерлігінің жарқын үлгілерін, биік рухы мен патриотизмін әрдайым шамшырақ етіп ұстанған, асыл мирас еткен ұрпақ қана Отанын лайықты қорғап, жауға алдырмайды. Бұл Қазақ елінің күн сөнгенше мәңгі тұруының басты бір алғышарты.

БЕРЛИНДІ БОМБАЛАҒАН БАТЫР

Қаһарман ұлдың атағы қашан қайтарылады?



Тарихтың ақтаңдақ беттерінде біз білмейтін құпия көп. Әсіресе, Ұлы Отан соғысына қатысқан батырлар хақында әлі күнге ақиқаты ашылмаған деректер жетерлік. Міне, сондай майдангердің бірі – ұшқыш Біләл Қалиев.

Қалиевтер отбасының ортаншы ұлы Біләлдің ерлігі аңызға бергісіз. Ол 1917 жылы Каспий жағалауында дүниеге келген. Сол кездегі Красноводскі қаласында (Қазіргі Түрікменстанның Түрікменбашы қаласы) орта мектепті бітіріп, кейін алты айлық статисттер курсын аяқтайды. Бір жылдай «Ягман» көмір кенішінде жұмыс істей жүріп, ұшқыштар даярлау мектебінде білім алады. 1939 жылы әскер қатарына шақырылып, Черниговте ұшқыштар училищесін бітіргеннен кейін Запорожье қаласында әскери қызмет етеді. Соғысқа сол жерден аттанады.

Ұлы Отан соғысы Қызыл Армия үшін барынша қолайсыз шақта басталғаны жасырын емес. 1941 жылдың 10 шілдесіне дейін неміс әскерлері Литва, Латвия, Белоруссияны түгелдей, Украина аймағының біразын басып алды. КСРО жерінің солтүстік-батыс өңіріне 500 шақырым, батысына 600 шақырым, оңтүстік-батысына 350 шақырым бойлай кіреді. Осы тұста 22 шілде күні немістердің «Геринг қырандары» деп аталған ұшқыштары ұшып келіп, Мәскеуді бомбылай бастайды. Әскердің рухын көтеріп, жауынгерлердің жігерін жану үшін кеңестік әскери әуе күштерінің алдына Берлинді бомбалау жоспары қойылады. Алайда екі ара тым алыс еді. Үлкен есептеулер мен тыңғылықты зерттеулер арқасында ДБ-3 (дальний бомбардировщик) деп аталатын ИП-4 ұшақтары Балтық теңізіндегі Сааремаа аралының әуежайынан ұшқанда ғана Берлинге барып қайтуға шамасы жететіні белгілі болады. Шындығын айтқанда, мұндай көзсіз ерлікке бару оңай емес еді. Сталиннің тікелей бұйрығымен қолға алынған бұл істе кеңестік ұшқыштардың ішінен ең мықты дегендері іріктеліп алынған. Солардың қатарында ұшқыш Удовиченко мен Павел Иоффе және Біләл Қалиев үшеуінен тұратын экипаж бар болатын.

1941 жылы 8 тамыз күні Балтық теңізінің Сааремаа аралынан алысқа ұшатын ДБ-3 бомбалаушы ұшақтары түн жамылып, Берлинді бетке алады. Балтық флотының 1-ші авиаполкінің командирі Е.Преображенскийдің әуе қырандары еш кедергісіз ойламаған жерден Берлин аспанында еркін самғап неміс астанасын аяусыз бомбылайды. Сонымен қатар 16 тамыз күні бұл сапар қайталанады. Балтық майданы Әскери кеңесінің Берлинге жасалған екінші әуе шабуылы жөніндегі баяндауында мынандай жолдар бар: «16 тамыз. 00 сағат 50 минуттан 02 сағат 40 минутқа дейін Берлинді бомбылау жөніндегі тапсырманы орындау... 4 ұшақтан оның маңындағы Штеттин, Нейбранденбург қалаларына 5-ФАБ-250 (Фугас әуе бомбасы), 56-ФАБ-100 және 62-ЗАБ-50, ЗПБ-600 (өртегіш бомбалар) тасталды».

Міне, осы ақпарат «Совинформбюроның» әуе толқындары арқылы хабарланғанда еңсесі езілген елдің жігері жанып, сенім ұшқынын лаулатады.

Осындай жауапты да аса қауіпті тапсырманы орындауда асқан ерлік пен кәсіби шеберліктің жоғары үлгісін көрсеткен ұшқыштарға «Кеңес Одағының Батыры» атақтары беріледі. Солардың қатарында Біләл Қалиев те болған. Бірақ осы ұшқыштар келесі бір тапсырманы орындау кезінде қайтып оралмады. 1942 жылы жау нысаналарын бомбалап қайтып келе жатқан екі ауыр ұшаққа «мессершмиттер» лап қояды. Күш теңемес еді. Мұны Хворостянка селосының тұрғындары анық көреді. Қызыл әскердің екі ұшағы да от-жалынға оранады.

– Әкем Әбіл-қан майданды көрген ардагер. Ол соғыстан оралған соң, соңғы күніне дейін Біләл бауырын іздеумен болды. Сол кісінің айтуымен барлық мұрағаттарға сұрау салып, алғашында құжаттарды там-тұмдап ғана жинай алдық. Барлық жерден «Әскери тапсырманы орындау кезінде қайтып оралмады» деген жауаптар алдық. Яғни, із-түссіз жоғалғандардың санатында болған.

Біләл ағам 1941 жылы кезекті бір тапсырманы орындап жүргенде жарақат алып, оны үйіне қысқамерзімді демалысқа жібереді. Қан қасаптың енді басталып, әскер күші жетпей жатқан кезінде жауынгерлерді демалысқа жіберу өте сирек кездесетіні белгілі. Мұндай құрмет ерлігімен көзге түскен батырларға ғана жасалса керек. Сол келгенінде ағам Сталиннің өзі сыйға тартқан орысша айтқанда «именной» сағатын тағып келеді. Сөйтіп, оны қарындасы Аққазға сыйлап кеткен екен. Сталин сол кезде кез-келген солдатқа мұндай тарту жасай бермейтіні анық. 1942 жылы үйіне ағам туралы «қара қағаз» келеді. Содан бастап ол туралы ешқандай дерек табылмады. Сөйтіп жүргенде Жеңістің 40 жылдығы қарсаңында, яғни 1985 жылы Ресейдің Хворостянка селосының тұрғындары қызылізшілерге 1942 жылы 14 шілдеде осы жерге Кеңес ұшақтарының құлағанын айтады. Қызылізшілер орманға, балшыққа құлаған ұшақтарды да, ұшқыштардың мәйітін де табады. Сонымен бірге олар ұшқыштардың кім екенін, қандай әскери бөлімде болғанын және олардың Берлинді алғаш бомбалағанын анықтайды. Хворостянка селосының маңында құлаған ұшақта Павел Иоффе, Иван Удовиченко мен Біләл Қалиевтің болғанын олардың мойындарындағы капсул-медальондағы мәліметтер дәлелдейді. Олардың Балтық теңізінің Е.Преображенский басқарған 1-авиаполктің құрамында 1941 жылы тамыз айында Берлинді бомбалағаны да белгілі болады, – дейді Әбіл Қалиевтің немере інісі Болат Әбілұлы.

Ұшқыштардың денесі табылғаннан кейін қызылізшілер Біләл әскерге алынған Түрікменстанның Красноводск маңындағы Уфра кентіне хабар жіберген екен. Онда «ұшқыш Біләл Қалиев – Совет Одағының Батыры» деп көрсетіліпті. Оны өз көзімен оқығандар болған. Бірақ ол құжаттар бүгінге дейін сақталмаған. Батырдың туған-туыстарын да ұзақ уақыт іздестіреді. Бірақ ешқандай хабар болмайды. Оның өзіндік себебі де бар. Қалиевтер отбасы ол кезде Шу мен Мойынқұм аудандарына көшіп кеткен. Содан Біләл Қалиевтің денесі табылғандығы туралы ақпараттан жақындары мүлде хабарсыз болады.

– Әкем Әбіл өзінің батыр інісін көзі жұмылғанша жоқтаған жаны жаралы адам еді. Талмай іздегенімен, еш дерегін біле алмай жүргенде 1989 жылы ол Уфрадағы Біләл ағам оқыған №3 орта мектептің мұғалімі Нина Дәулетовадан қуанышты хат алады. Осы хаттың ізімен ол бізді қасына ертіп, інісінің жерленген жері Липецк облысының Хворостянка селосындағы «Бауырластар» зиратына барып, бауырының рухына тағзым жасады. Сол жерге Әулиеатадан алып келген туған жер топырағын төгіп, құран оқыды. Алайда басына бөлек құлпытас орнатуға рұқсат берілмеді. Бұдан кейін әкем інісінің Кеңес Одағы Батыры атағын қалпына келтіру ісіне кірісті. Бірақ ол ісін аяқтай алмай, 1995 жылы дүниеден озды. Анам да көзі жұмылған әкемнің бауырының жоғын түгендеумен айналысты. Енді бұл міндет артында қалған бізге жүктеліп отыр, – дейді Болат Қалиев.

Кейбір деректерде кезекті тапсырмадан оралмаған ұшқыштарды немістердің қолына түсті деп құдіктенген Кремль олардың барлығынан Кеңес Одағының Батыры атағын қайтарып алған деседі. Қалиевтер отбасы сол себепті батыр аталарының ерлігін дәлелдей алмай жүрген секілді.

– Түрікменстандағы Біләл ағам оқыған орта мектеп пен көшеге ол кісінің есімі берілді. Жаңаөзен қаласы мен Байзақ ауданының Қызыл жұлдыз ауылында оның атында көшелер бар. Енді батыр ағамыздың Кеңес Одағының Батыры атағы қайтарылса деген тілегіміз бар. Сол күнге Аллам жеткізсе игі, – дейді Болат Әбілұлы.

Иә, қазір Қалиевтер отбасы осы бағытта жұмыс істеуде. Алайда ресейлік архивтерден ақиқатты аршып алу қиынға соғуда.

«Шындық әрқашанда жеңеді, бірақ кешігіп жүреді», – дейді Батыр Бауыржан Момышұлы. Бәлкім, бұл іске еліміздің Сыртқы істер министрлігі араласса, бір шешімі табылып қалар. Сосын Біләл Қалиевтің ерлігіне сай «Халық Қаһарманы» атағы да берілетін күн туар.

Саятхан САТЫЛҒАН,
Жамбыл облысы

Қан майданда жеңіс үшін жанын пида, басын құрбан еткен боздақтардың түрлі амал-айлаға барғаны аңыз болып айтылып жүр. Әсіресе, жау жағы бас көтертпей оқ жаудырғанда әскери құрамның ілгері жүруі үшін ажал оғы атқылап тұрған зеңбіректі денесімен жабуға екінің бірінің жүрегі дауалай қоймайды. Ал сондай әрекетке барып, даңқты Александр Матросовтың ерлігін қайталаған аягөздік Сабалақ Оразалиновке сол күйі батыр атағы берілмеді. Әрі ол дзотты кеудесімен жауып, тірі қалған бірден-бір жан.

ЖЕҢІС ОҒЫ *жүрегінде*

Бұл күнде атының өзі елдің есінен шығып бара жатқан Сабалақ Оразалинов 1925 жылы Шығыс Қазақстан облысының Аягөз ауданында дүниеге келген екен. Қазақ даласын жайлаған зұлматты жылдары ата-анасынан айырылып, балалар үйінде тәрбиеленеді. Ер жетіп, еңбекке араласа бастағанда батыстағы соғыс өрті бұрқ ете қалды. Сабалақ Оразалинов те замандастары сияқты өз еркімен майданға сұранады. 17 жасында Ашхабадтағы мергендер курсына қабылданып, 131-атқыштар дивизиясының құрамында ұрысқа кіреді. 1944 жылдың 18 қарашасында кеңес әскерлері фашистердің қоршауын бұзып өтіп, Эстонияның Моонзунд архипелагында шабуылдайды. Дегенмен кеңес әскері Саарема аралының Каимри деревнясы маңына келгенде фашистердің күтпеген қарсылығына тап болады. Әсіресе, дзоттан оқты үздіксіз боратқан пулеметшілер бет қаратпайды. Мұндайды күтпеген кеңес әскері окопта жан сауғалап тұр. Осы бір тұста 131-атқыштар дивизиясының 482-полкінің ефрейторы Сабалақ Оразалинов тосын әрекетке барады.

1980 жылы мейрам қарсаңында жарық көрген «Лениншіл жас» газетінің штаттан тыс тілшісі Мейірхан Ақдәулеттің «Бір ұрыстағы 12 жарақат» атты мақаласында ардагердің өзі сол сәтті былайша еске алады: «...Бір кезде рота командирі, аға лейтенант Климовтың «Дзоттты дереу жою керек» – деген командасы естілді. Бұл жерде қалай да тәуекелге бел буу керек болды. Жаудың ажал шашқан бекінісі қаруластар қатарын сиретіп барады. Әйтеуір, біреу өзін оққа байлап болса да, жау пулеметінің үнін өшіруге тиіс. Уақыт оздыру өзінді де, жолдастарыңды да ажалға байлап берумен бірдей еді. Қолыма екі ауыр граната алып, окоптан шығып еңбектей жөнелдім», – депті батыр.

Ажал оғы себелеп тұрған дзотпен бетпе-бет келу қайдан оңай болсын. Бар болғаны 150 метр жердегі «өлім ұясына» жеткенше жауынгерге 2 оқ тиіпті. Әйтсе де, алған бетінен танбастан маңызды шабуылдағы шешуші қадамды жасауға бет алады. «Бір белгісіз күш мені бораған оқ астынан атып тұрғызып алға сүйреді. Жүгірген бойымен гранатаны құлаштай лақтырдым да жата кеттім. Граната ұяға таяу жерге барып гүрс етті», делінген батырдың естелігінде.

Сабалақ Оразалинов окоптан дзотқа дейін әкелген екі гранатаның екеуі де нысаннан мүлт кетті. Тек алғашқысы пулетшілерді аздап есеңгіретіп қалғанымен олар ажал оғын бүркуді жалғастыра береді. Жарақаттары жанға батып, дымы құрыған сарбаз шалт қимылдап, ұяны кеудесімен жаба құлайды.

Таллиндегі әскери госпитальде 15 күннен кейін есін жиған Сабалақ Оразалинов өзінің ерлігі арқылы қаруластарына жол ашып бергенін, олар жауды күйрете соққылағанын білді. Бұл дзотты денесімен жапқаннан кейін «уралап» алға ұмтылған 8-рота жауынгерлері 200-ге жуық солдаттың көзін жойып, көптеген әскери техникасын істен шығарыпты. Жиыны 2 деревня неміс басқыншыларының қолынан азат етіледі. Осы бір шешуші шайқаста ерліктің ерен үлгісін көрсеткен Сабалақ Оразалинов елге қайтарылады. Дегенмен екінің бірі бара қоймайтын амалға барған жауынгердің ерлігі ескерусіз қалды. Сол кезде майдан газеттерінің бірінің тілшісі Оразалиновты даңқты Александр Матросовтың ерлігін қайталағанын жазса да оны ешкім көзге ілмеді. Мұны қаруластарының Сабалақтың тірі қалуына күмәнмен қарағаны себеп болса керек. Өйткені ұзақ жылдар аягөздік майдангердің аты соғыс даласында қаза болғандардың қатарында жүрген. Тіпті, жаңбырша жауған оққа қарамай, кеудесін ДЗОТ-қа тосқан жеріне ескерткіш белгі орнатылған. Сол жолы жауынгердің шала-жансар бейнесін көрген рота писары да оның тірі қалуы екіталай деп ойлаған сияқты. Себебі сол жолғы ұрыста Сабалақ Оразалинов 12 жерінен жарақаттанған екен. Жүрек тұсына тиген оқтың бірі майдангердің денесінде өмірінің соңғы күніне дейін жүрген екен.

Қызығы 40 жыл бойы Оразалиновтың ерлігіне әскери басшылар тиісті деңгейде назар аудармайды. Майдангердің Эстонияда, Ленинградта тұратын қаруластары Сабалақ Оразалиновке Кеңес одағының батыры атағын беру туалы ұсыныс жасағанымен оған тиісті деңгейде назар аударылмапты.

Тек 1980 жылы Қазақ телевизиясы әзірлеген деректі фильмнен кейін ғана майдангердің аты матросовшылардың қатарына қосылды. Бұл фильм КСРО-ның орталық арналарынан көрсетілгеннен кейін Сабалақ Оразалиновке Дондағы Ростов қаласынан майдангер Константин Чернышев хат жолдап, оның ерлігі Ленинград әскери округінің тарихында алтын әріппен жазылып қалатынын сөз етеді. Ал 1990 жылы Мәскеудегі бір топ бұрынғы әскери басшылар мен жазушылар құрастырған «Бессмертная племя матросовцев 1941-1945» атты жинақта Матростың ерлігін қайталаған 300-ден аса жауынгер туралы мәліметтер жарияланады. Сол кітапқа жанқиярлық ерлік жасап, дзотты денесімен жазып тірі қалған 6 кеңес жауынгерінің бірі ретінде Сабалақ Оразалиновтың аты енген екен.

Кейіпкеріміз көзсіз ерлік көрсеткен соңғы шайқастан соң елге оралып, Аягөз депосында, кейіннен Алматы шай фабрикасында еңбек еткен. 1988 жылы өмірден өтті.

Ш.АТЫХАНҰЛЫ

«ҚАЗМҰНАЙГАЗ»: АРДАГЕРЛЕРГЕ ҚҰРМЕТ КӨРСЕТТІ

Өткен ғасырдың ең бір зұлматты оқиғаларының бірі – Екінші дүниежүзілік соғыс еліміздің тарихында өшпес терең бедерлі із қалдырған ұмытылмас меже болса, Жеңіс мерекесі – ел тарихының бір бигі. Биыл 78 жыл толып отырған осынау датаға орай «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы ардагерлерді ардақтап, үйлеріне барып құттықтап қайтты.

«1941-1945 жылдар...» – бұл тек Қазақстан үшін ғана емес, адамзат тарихы үшін де орны толмас қасіретті жылдар. Жарты Еуропаны шарпыған қан майданда аталарымыз жастығы мен өмірін қиып, от пен оқтың ортасында толарсақтан саз кешіп, елін-жерін жаудан қорғады. Сол майдан даласында жер құшқандары да қаншама. Ендеше, қаза тапқандарды қастерлеп, аман оралған майдангерлерді құттықтау – ұрпақ парызы. Осы парызды есте тұтқан «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ ұжымы жыл сайын ардагерлерді ардақтап, құттықтап отыруды дәстүрге айналдырған. Осы жолы да ұлттық компания Астана қалалық «Ардагерлер кеңесі» ұсынған тізім бойынша 9 ардагердің үйіне барып, мерекелерімен құттықтап, бүгінгі бейбіт аспан үшін мыз! Сіздің батылдығыңыз, ерлігіңіз, абыройыңыз бен Отанға деген адалдығыңыз ұрпақтың жүрегінде және халықтың жадында өмір сүреді! Сізге зор денсаулық, ұзақ ғұмыр, бақыт және амандық тілеймін» делінген.

қарыздар ұрпақ атынан алғыс айтып қайтты. Қарт майдангерлерге сый-сыяпат толы қәрзеңке мен гүл шоқтарын, Акционерлік қоғам басшылығының құттықтау хаты мен ақшалай марапаттарын табыстады. Ашық хатта «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқарма Төрағасы Мағзұм Мырзағалиевтің әрбір ардагердің атына арнаған ыстық ықыласты тілегі жазылған: «Сізді Жеңіс күнімен шын жүректен құттықтайқарыздар ұрпақ атынан алғыс айтып қайтты. Қарт майдангерлерге сый-сыяпат толы қәрзеңке мен гүл шоқтарын, Акционерлік қоғам басшылығының құттықтау хаты мен ақшалай марапаттарын табыстады. Ашық хатта «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқарма Төрағасы Мағзұм Мырзағалиевтің әрбір ардагердің атына арнаған ыстық ықыласты тілегі жазылған: «Сізді Жеңіс күнімен шын жүректен құттықтай-

Көңілге қанша ауыр болса да жылдан-жылға қысқарып бара жатқан осы күнгі мерекелік тізімнен Қайыр Хасенов, Жақан Сейсебаев, Әбдірахман Сафаров, Рзағұл Байкешев, Михаил Кулик, Василий Сердюков, Екатерина Плужникова, Владимир Дровосеков, Раиса Сафоничева есімді ардагер қариялардың аты-жөндерін көруге болады. Жеңіс сарбаздарының алды бүгінде 100 жастан асып кеткен болса, кейінгілері 96 жасқа толған екен. Кейбірі түрлі себептермен үйлерінде болмаса да, компания өкілдері арнап әкелген сыйлықтарын олардың ұл-қыздарына табыстады. Ал осы күні көзіміз көріп, көңілін сұраған ардагерлердің дені тың, санасы ашық екеніне қуанып қалдық. Мәселен, Жақан ақсақал жасы 98-ге келсе де бізді өзі қарсы алды. Бір ғасырға жуық ғұмыр кешкен ақсақалдың жады әлі де мықты. 3 қыз, 1 ұл, 9 немере, 19 шөбересі бар екен. Ұлының үлкені 70-тен, немересінің үлкені 50-ден асқан. Майдан даласының оқиғаларын күні кешегідей жыр етіп айтып отыр. Үш соғысқа қатысқан қария 1942 жылдан 1948 жылға дейін Германия, Жапония және Солтүстік Кореяның майдан далаларында 6 жыл жүріпті. Белоруссия майданынан бастап Украина, Латвия, Литва, Польша, Румыния елдерін азат етуге қатысқан. Берлинге 60 шақырым қалғанда Финляндияға жібереміз деп алып қалған. Осылайша, жеңісті шығыс Пруссияда қарсы алыпты. Одан кейін Қиыр Шығыс майданына аттанған. Әңгіме тиегін ағытса, Жақан ақсақалдың таңды таңға ұрып Жеңіс жолын жыр етуге дайын екенін аңғардық. Бір жағы өзіне әдеттегіден тыс көңіл аударғанына қуанып отыр, бір жағы сағыныш та бар. Кеудесіне орден-медальдарын тағып, бүгінгі күнді асыға күткені байқалады. Сол марапаттарының ең үлкені – «Отан соғысы» Қызыл жұлдыз ордені мен Гвардия медалі. Майданда дүркіндетіп ататын БМ-13 «Катюша» реактивті қондырғысының көздеушісі болған. 1942 жылдан бастап осындағы қажырлы қызметін ескеріп, әскери қолбасшылық 1944 жылы Белоруссия жерін азат етуге атсалысқаны үшін осы наградалармен марапаттаған екен. Майдангер қария бізді үлкен ықыласты ақ батасымен шығарып салды.

«ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясының бүгінгі құттықтай барған қай қарияның шаңырағында да ерекше бір мерекелік көңіл күй сезіледі. Қатары сиреп бара жатқан Жеңіс жауынгерлерінің төрі естелік суреттер мен жазбаларға толы. Тіпті, өздері жоқ болса да, ұл-қыздары келген қонаққа құшақ ашып, дастарқанын жайып күтіп отыр. Тоғыз ардагердің бірі – Қариялар үйінде өмір кешіп жатыр екен. Ондағы атмосфера да алабөтен. Қай қария да ұрпаққа өнеге естеліктерімен бөлісіп, тарихты парыз тұтқан кейінгі буынға арнап алғысын айтып жатыр. Ал ол парыздың ең игісі – Ұлы Жеңіс мерекесіндегі ардагерлерге деген тағзым-құрмет, бейбіт күнге деген берілген баға.

Екінші дүниежүзілік соғысы басталған шақта майдан даласынан елге, елден майданға жазылған сағынышқа толы хаттар легі аз болмады. Бүгінде өткен күндер өрнегінен сыр шертетін мұндай үшбу хаттар Сыр елі мұражайында құнды жәдігер ретінде сақтаулы.

Сырға жеткен СЫРЛЫ ХАТТАР

Соғыс жылдары қаншама жан тағдырдың тауқыметін тартты. Сол уақытта ел ағалары қолына қару ұстап, жауға қарсы шапқанда, ауылда қалған еңбектеген баладан, еңкейген қартқа дейін шаруаға араласты. Ері елі үшін жанын пида етіп, қан майданда жауға қарсы қару кезеніп жүргенде, ауыр жұмысқа белсене араласып, еңіреген ерлерін жоқтатпаған қыз-келіншектердің ерен еңбегі ескерусіз қалмады. Майдангерлерден көптеген алғыс хаттар келіп тұрды. Басқасын айтпағанда, тіпті Сталиннің өзі де олардың атқарған еңбектеріне жылы лебізін білдіріп, хат жолдаған. Сондай хаттардың бірі Сыр өңіріне, оның ішінде Арал қаласының азаматшаларына жазылған.

Иә, сол кезеңнің замандастарына бұл хат үлкен қуаныш әкелгені сөзсіз. Ал біздер, яғни бүгінгі ұрпақ буындары үшін бұл хатпен танысу айтарлықтай қызығушылығымызды тудыратыны анық. Бүгінде көне құнды құжаттардың қатарын толтырған ол хат 1944 жылдың 1 мамырында «Аральская правда» газетінде жарық көріпті. Онда былай деп жазылған;

«Арал теңізі Қызылорда облысы Арал балық колхоздар одағы әйелдер кеңесінің төрайымы Қожақаеваға, көшірмесі үй шаруасындағы; Рысқалова Торғынға, Құдайбергенова Балманға, Сырлыбаева Патимаға, Қиынбаева Жоланға, Қожасова Дәмегүлге, Үмбетова Таразыға, Ансімбетоваға, Байызарова Набатқа, Ранова Орынайға, Қараманова Ақтеңгеге, Мықбасова Күміске, Ибрагимова Жанғанымға, Керімбердиева Дәржанға.

Қызыл Армия жауынгерлеріне жылы киім-кешек дайындағандарыңыз, әскери қару-жарақ жасауға 27 мың сом ақша жинап жібергендеріңіз үшін үй шаруасындағы әйелдерге, колхозшы әйелдерге менің туысқандық сәлемім мен алғысымды жеткізуіңізді сұраймын И.В.Сталин.»

Қызылорда облыстық тарихи-өлкетану музейінің қорында сұрапыл соғыс кезінен сыр тартатын сағынышқа толы 90-ға жуық хат табысталған. Оның әрбірі майдан даласының бір күнінен өрнек береді.

«Бұл хаттардың әрқайсысының өзіндік тарихы бар. Бір жауынгер қан майданды кешіп жүріп күнделік жазса, бірі жыр жазып, өлең шығарған. Осы хаттарды оқып отырып, түрлі тағдырға, тарихқа кезігесің», – дейді бұл жайында Қызылорда облыстық тарихи-өлкетану музейінің бөлім меңгерушісі Еңлік Баймырзаева.

Солардың бірі – Шиелі ауданы Жөлек ауылында майданға аттанған Батырхан Айтуғановтың хаты. Соғыс ардагері майданда отан үшін от кешіп жүріп, қолдағы қаруды бір сәтке қаламға алмастырып, елге хат жазған екен.

Сол сияқты отанын қорғау үшін майданға аттанған жауынгер ағаларымыздың ұрыста жүріп, шалғайда қалған туған-туысқандарына жазған хаттары да бар. Оның ішінде Шиелі ауданының тумасы Жүсіпов Базармұхаммедтің және басқа да майдангерлердің хаттары сақтаулы.

Жалпы соғыс жағдайында елдегі басылымды тарату ісі тұралап қалған. Есесіне, майданның алғы шебіне бірінші кезекте қару-жарақ пен азық-түліктер жеткізу қолға алынды. Сондықтан конверттер мен ашық хаттар толық көлемде шығарылмаған. Нәтижесінде, «солдаттық» деп аталып кеткен үшбұрышты хаттар пайда болады.

Үшбұрышты хаттардың да өзіндік жасалу үлгісі болады екен. Бір ерекшелігі, бұндай хаттар конверт секілді желімделмеді, әрі оларға пошталық марка жапсырылмады. Себебі жауынгерлердің хаттары міндетті түрде әскери цензурадан өтетін. Сондықтан оны желімдемей, хаттың сыртына жіберілетін мекенжайын ғана жазып отырды. Жалпы Ұлы Отан соғысы кезінде майданнан жазылған хаттарда далалық пошта мөрі мен оның жіберілген күнін көрсетуге қатаң тыйым салынған екен. Музейдің бөлім меңгерушісі бізге осылай деп мәлімдеді.

«Сол кездегі елге жазылған үшбұрышты хаттардың әрқайсысында қаншама сағыныш жырлар жазылып жатты. Жауынгерлердің бір мезгіл окопта отырып жазған хаттарды ауылда қалған аналары мен сүйген жарларының, іні-қарындастырының сенімдерін нығайтты. Жеңіс жолындағы еңбекке деген құлшыныстарын арттыра түскендігі де белгілі. Жалпы алғанда майданнан келген хаттарды сыртқы түріне, рәсімделуіне байланысты бірнеше топқа бөлуге болады. Олар конвертке салынған хаттар, пошталық карточкі немесе ашық хаттар. Сондай-ақ қарапайым дәптер беттеріне жазылып, үшбұрышты етіп бүктелген хаттар да болады», – деп түсіндірді Еңлік Әбілқасымқызы.

Қазір музей қорында сақталған хаттардың көпшілігінде Ұлы Отан соғысы кезеңіндегі кеңес әскерінің әскери қимылдарынан көрініс, кеңес жауынгерінің мылтықпен ату сәті бейнеленіп, патриоттық сөздер жазылған. Соғыс жылдарында майдандық хаттар арнайы қатты қағаздан жасалып, конвертсіз жіберіліп отырған. Барлық карточкалардың сыртында үйіне хат жазып отырған автоматты жауынгер суреті немесе кішкентай қызды бауырына қысып, фашистерден қорғап тұрған кеңестік жауынгер бейнесі, ордендер, ленталар, мәңгі алау секілді иллюстрациялық, символикалық суреттер салынған. Сондай-ақ майданнан жазылған пошталық карталар, ашық хаттар мен үшбұрышты хаттарда міндетті түрде шифрланған үш мөрдің түрлері кездеседі.

Жалпы Сыр мұражайындағы ғасырға жуық уақыт аралығында жазылған үшбу хаттар құндылығын жоғалтқан емес. Есесіне, патриоттық сезімге тола бұл хаттар бүгінде өткен күндер тізбегінен сыр шертетін құнды жәдігерлерге айналып отыр.

Ербақыт ЖАЛҒАСБАЙ,
Қызылорда облысы

Бақытжамал Оспанова,
Қазақстан Республикасының Ұлттық кітапханасы директоры:

«КІТАП пен ГАЗЕТ оқылмайды» деу – ҚАТЕ

Бүгінде кітаптай асыл дүниеге сұраныс азайып кеткен секілді. Әйтсе де, оқырманның қажетіне жарап тұрған кітапханалар жеткілікті. Алматыдағы Ұлттық кітапхана директоры Бақытжамал Оспановамен болған сұхбатымыз кітапхана ісінің бүгіні турасында өрбіді. Сонымен қатар кітапхана тіршілігі, оқырман мен кітап арасындағы байланыс, салаға қатысты өзекті мәселелер қозғалды.

– Бақытжамал Қайырбекқызы, сұхбатымызды өзіңіз басқарып отырған қара шаңырақ – Ұлттық кітапхананың соңғы кезде атқарып жатқан істерінен бастасақ. Еліміздің бас кітапханасында қандай жаңа жаңалықтар болып жатыр?

– Иә, өзіңіз білесіз, елімізде жылда 23 сәуірде Дүниежүзілік кітап және авторлық құқық күні аталып өтеді. Осы кәсіби мереке күніне орай Қазақстан Республикасының Ұлттық кітапханасы жыл сайын дәстүрлі түрде Дүниежүзілік кітап және авторлық құқық күнін кең көлемде атап өтеді. Соның аясында дәстүрлі түрде «КІТАП шоу» фестивалін өткізеді. Биылғы жылғы кітап фестивалін 21 сәуірде Түркі мемлекеттері ұйымы жариялаған «Түркі өркениетінің даму жылы» аясында өткіздік.

Фестивальдің басты мақсаты – «Оқитын ұлт» ұлттық жобасы шеңберінде халықтың кітап оқу белсенділігін арттыру, кітап пен оқуға деген қызығушылығын қолдау, балалар мен жасөспірімдердің оқу сауаттылығын арттыру және кітап оқу мәдениетін дамыту, сондай-ақ түркі халықтарының тарихи және әдеби мұрасын насихаттау болып табылады.

Мерекелік кітап фестиваліне еліміздің белгілі ақын-жазушылары, Қазақстан Жазушылар одағы, М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты, «Қыр баласы» қоғамдық қоры, Arman-PV баспасы, Француз Альянсы, Алматы қаласы Қазақстан халқы ассамблеясының өкілдері, орыс, корей, өзбек, поляк, әзербайжан, қырғыз мәдени орталықтарының басшылары, өнерпаздары қатысты.

Мереке аясында белгілі ақын-жазушылардың, зиялы қауым өкілдерінің қатысуымен Қазақстанның халық жазушысы, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Мұзафар Әлімбаевтың 100 жылдығына арналған «Қазақ балалар әдебиетінің өткені мен бүгіні» атты республикалық ғылыми-теориялық конференция ұйымдастырылды. Сонымен қатар балалар әдебиетіне арналған үш жаңа кітаптың тұсаукесері өтті. Осы іс-шараға орай «Балалар бақытының жыршысы» атты кітап көрмесі ұйымдастырылды.

Осы кәсіби мерекеміздің аясында Қырғыз Республикасының Халық жазушысы, мемлекет және қоғам қайраткері Ш.Айтматовтың 95 жылдығына арналған «Шыңғыс Айтматовты оқимыз» атты халықаралық дөңгелек үстел өткіздік. Бұл шараға Ш.Айтматовтың туған әпкесі Роза Айтматова мен қырғыз елінің белгілі мемлекет және қоғам қайраткері Төрекұл Айтматовтың немересі Асан Ахматов арнайы қатысты. Шара барысында Р.Айтматованың «Ата-бейит» атты кітабының тұсаукесер рәсімі өткізілді. Роза Айтматова оқырмандармен жазушы туралы естеліктерін бөлісті.

Сондай-ақ жақында өткен танымал француз фотографы Жан-Марк Годестің «Жанды кітаптар» фотокөрмесі оқырмандардың үлкен қызығушылығын тудырып, ерекше әсер қалдырды. Оның бұл көрмесі бізге дейін әлемнің көптеген елдерінде өткен. Жан-Марк Годес – өз шығармашылығы арқылы кітап мен жазуды ілгерілетуге, сауатсыздықпен күресуге үлес қосып жүрген фотограф-суретші. Ол сонымен қатар оқырмандар үшін арнайы шеберлік сағатын өткізіп, өзінің көркемдік жұмыс әдістерімен бөлісті. Сонымен қатар онлайн форматта белгілі поляк жазушылары Петр Войцеховский ж не Яцек Денельмен қызықты кездесу ұйымдастырдық. Кездесу аясында «ҚР Ұлттық кітапханасы қорындағы поляк әдебиетінің топтамасы» виртуалды кітап көрмесі ұсынылды. Бұл тек соңғы уақытта атқарған шаруаларымыздың бір парасы ғана.

– Бүгінде кітапханада қанша кітап қоры бар?

– Ұлттық кітапхана қорында 7 млн бірліктен астам әлемнің 123 тіліндегі бай кітап қоры мен 50 мыңға жуық оқырманымыз бар. Біздің мекеме еліміздің ең ірі кітапханасы ретінде сан мыңдаған оқырманын білім мен ақпаратпен қамтамасыз етіп, өзге кітапханалар үшін жетекші ғылыми-әдістемелік орталыққа айналып отыр. Ұлттық кітапханада жинақталған білімнің барлық саласын қамтитын заманауи құжаттар мен қазақстандық басылымдардың, қолжазбалық құжаттар мен алғашқы баспа басылымдарының, ноталы-музыкалық басылымдар мен күй-табақтардың бірегей қоры, шын мәнінде, халқымыздың баға жетпес мұрасы болып саналады. Сонымен қатар ғылымның барлық салалары бойынша қорғалған қазақстандық ғалымдар мен ТМД елдері ғалымдарының кандидаттық және докторлық диссертацияларының ғылыми қоры мен авторефераттары сақталған.

Оқырмандар саны күннен күнге артып, олардың ақпаратқа еркін және шектеусіз қолжетімділігін қамтамасыз ету мақсатында кітапхана қоры оқырманның талғамына сай, отандық және шетелдік өзекті тарихи, ғылыми, ғылыми-көпшілік әдебиеттермен, сондай-ақ мәдени, ғылыми және көркем құндылығы жоғары басылымдармен, басқа да ақпараттық ресурстармен толықтырылып отырады.

Көне қолжазбалар, алғашқы қазақ кітаптарының топтамасы, шығыс баспа кітаптары, орыс, батысеуропалық көне баспа кітаптар сақталған сирек кездесетін кітаптар мен қолжазбалар қоры – біздің мақтанышымыз. Соның ішінде зерттеушілер үшін ғылыми қызығушылық тудыратын XII–XIX ғасырлардағы тарих, география, медицина, математика, философия, лингвистика туралы шығыс қолжазбаларының бай қоры аса құнды.

Кітапхана «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы аясында жарық көрген басылымдардың депозитарийі болып табылады. «Бабалар сөзі», «Қазақ халқының философиялық мұрасы», «Әлемдік философиялық мұра», «Әлем әдебиеті кітапханасы», «Әлемдік саясаттану антологиясы», «Әлемдік әлеуметтану антологиясы», т.б. сериялармен жарық көрген басылымдар бірегейлігімен және қайталанбас туындыларымен ерекшеленетін халқымыздың мәдени мұрасының ажырамас байлығына, рухани құндылықтарына айналды.

– Кітапханадағы сирек жазбалар қорында сақталған дүниелердің жағдайына тоқталып кетіңізші?

– Ұлттық жазба мұраны сақтау бүгінгі таңда әлемдік қауымдастықтың алдында тұрған басты мәселелердің бірі ретінде танылып отыр. Қордағы сирек кітаптар мен қолжазбалар қоры мәңгілік сақтауға және түпнұсқа түрін ерекше қорғауға алынып, сақтауға жатады. Сирек қор температуралық режим мен ылғалдылықты, жарықты қамтамасыз ететін сақтау қоймасында орналасқан. Олардың ұзақмерзімді сақталуын қамтамасыз ету мақсатында алдын-ала сақтандыру және қалпына келтіру шараларын жүргізу арқылы жүзеге асырылып отырады. Қордағы құжаттар арнайы бір температуралық қалыпта сақталып, қорға температуралық-ылғалдылық режимін бақылау, құжаттарды көзбен шолу жұмыстары арқылы микроклиматтық экологиялық тұрақты мониторинг жүргізіліп отырады.

– Осы қорда көпшілік біле бермейтін қандай қызық жазба ескерткіштері бар? Бірнешеуін атап кетсеңіз?

– Қорда сақтаулы ең көне қолжазба кітап – XII ғасырда куфа жазуымен жазылған Құран кітабы. Беттерінде герб секілді таңбалы өрнектер бар. Мұқабасы бұзау терісімен қапталған. Ал XVIII ғасырда араб және парсы тілдерінде «насих» жазуымен жазылған Құран – қолжазба кітаптардың ең көрнектісі. Сонымен қатар түркі жазба ескерткіші – Фирдоусидің шағатай тіліндегі «Шахнаме» (XVIII ғ.) туындысы, 2003 жылы ЮНЕСКО-ның «Әлем жады» бағдарламасының Халықаралық тізіліміне енгізілген түркі халықтары байырғы мәдениетінің тарихында айрықша орны бар ұлы ақын, пәлсапашы, сопылық поэзияның негізін қалаушы, ойшыл Қожа Ахмет Ясауидің «Диуани хикметтері» (XIX ғ.), «Рисала: Миратул-қулуб» (XVIII ғ.), «Насабнама»: Қожа Ахмет Ясауидің ата-тегі туралы шежіре (XVII ғ.) және Сүлеймен Бақырғанидың «Хикметтер» (XVI ғ.) қолжазба кітаптары рухани құндылықтар болып табылады.

Шығыс жұлдыздары Низами Гәнжәуидің «Хамса» (XV ғ.), Әлішер Науаидың «Диуани» (XVII ғ.), Сағди, Хафиз, Жәми, Физули тәрізді ақындар мен ойшылдардың туындылары ерекше орын алады. Сондай-ақ сирек баспа кітаптарынан қазақ әдебиеті классиктерінің еңбектері, қазақ ағартушыларының көзі тірісіндегі басылымдары, алғашқы қазақ мерзімді басылымдары – «Түркістан облыстық ведомстволары», «Қазақ» «Еңбекші қазақ» және т.б. газеттер, «Айқап», «Абай», «Шолпан» журналдары сақталған. XVIII-XIX ғ. славян және корей кітаптарының топтамалары библиографиялық құндылықтар болып табылады. Соның ішінде корей халқының «Мунхон биго» энциклопедиясы ерекше орынға ие. Оның бірінші басылымы (Сеул, 1770) 140 томнан тұратын. Біздің қордағы данасы осы басылымның 50 том болып қайта шығарылған нұсқасы. Библиографтардың айтуынша, дүниежүзінде бұл нұсқаның 2-3 данасы ғана сақталған.

– Соңғы уақытта осы бөлім тағы қандай інжу-маржандармен толықты?

– Ұлттық кітапхананың сирек қоры жақында Мырза Ұлықбектің «Жұлдызды аспан каталогі» қолжазбасының көшірмесімен (түпнұсқасы Түркияның Ыстамбұл қаласындағы Топкапы сарайы музейінің кітапханасында сақтаулы), Қытайдың Цянь Лун патшасының Юйдай көпіріне арнап жазған өлеңі мен сызбасының көшірмесімен (түпнұсқасы Пекиндегі Гугун сарайында сақтаулы), «Түркістан (1866-1872)» альбомының көшірмесімен толықты. «Түркістан» альбомы тұтастай қазақ халқының үлкен бір өлкесіндегі археология-архитектуралық, этнографиялық, тарихи, мәдени мұраларды қамтыған 1 300 суреттен тұрады. Бұл альбомды бізге белгілі журналист, этнограф, зерттеуші, жазушы, Ұлттық кітапхананың құрметті оқырманы Тынышбек Дайрабай ағамыз сыйға тапсырды.

– Оларды бүлдірмей сақтап, болашаққа аманаттау ісі қалай атқарылып жатыр?

– Шетелдерден, ТМД елдерінен және Ұлттық кітапханамыз жинақтаған тәжірибелерді ескере келе, уақытшадан ұзақ мерзімге сақтау жүйесінің барлық деңгейін қамтамасыз ете отырып, құжаттардың толық қорғалуы мен сақталуының барлық мүмкін жолдары қаралуда. Уақыт күәлері ретінде, келесі ұрпаққа аман-есен жеткізу мақсатында деректі жазба мұраларын сақтау, құжаттардың қолданыста болған кездегі жыртылудан, үгітіліп кетуден, жоғалудан сақтауды қамтамасыз ету мақсатында қолжазбаларды жаңа технологиялық әдістермен сандық қалыпқа түсіру жұмысы жүргізілуде. Оқырманға көбінде микрофильм, микрофиша, ксерокөшірме, CD-DVD-ге жазылған электрондық көшірмесі беріледі де, ал түпнұсқа құжаттар арнайы жағдайда, қалыпты температурада сақталады. Ескіріп, тозып бара жатқан басылымдар мен қолжазбалар дер кезінде анықталып, Ұлттық кітапхананың құжаттарды ғылыми консервация зертханасында зарарсыздандыру, биологиялық тазалау, физикалық, химиялық тұрақтандыру жұмыстары жүргізіледі.

– Осыдан бірнеше жыл бұрын осы кітапханадағы барлық жазбалар мен кітаптарды цифрлық жүйеге көшіріп қоюды қолға алған едіңіздер. Ол жұмыстар не болып жатыр?

– Иә, біздің басты мақсатымыз – бай кітап қорымызды сақтап, болашақ ұрпаққа жеткізу және оқырмандардың құжаттарға барынша еркін қолжетімдігін қамтамасыз ету. Жалпы, ұлттық қорды цифрлау 2013 жылы басталған. Мұрағаттық қордағы құжаттар, сирек кездесетін кітаптар мен қолжазбалар, жалпыұлттық кітап қорынан 1931 жылдан 1947 жылға дейін қоғам игілігіне өткен және авторлық келісімшарт талап етпейтін құжаттар, сондай-ақ 1947 жылдан қазіргі уақытқа дейінгі құжаттар цифрланады.

Цифрлық технологиялар қызметінде орналасқан Бейнелеу студиясында үлкен форматты, жоғары мүмкіндікке ие сканер бар, оның ерекшелігі құжатпен қолмен ұстауды қажет етпей-ақ сканерлеп алады. Нәтижесінде, жазба үгітіліп, зақым келтірілмейді. Яғни, құжаттың нақты шынайы бейнесін сол қалпында сақтай отырып түсіреді. Ол сканерде сирек кітаптар мен қолжазбалар қоры цифрланады.

Бүгінге дейін авторлық келісімшарт арқылы жүздеген ақын-жазушылардың, басқа да авторлардың шығармалары цифрланып, электрондық кітапханаға тіркеледі. Сонымен қатар Ұлттық кітапхана Қазақстандық Ұлттық электронды кітапхана (ҚазҰЭК) қорын толықтыруға қатысады. Дәстүрлі кітаппен бірге электронды кітапхананы дамыту заман талабы екенін бәріміз көріп отырмыз.

– Қазір қоғамда «ешкім кітап, газет оқымайды» деген пікір бар. Осыған қатысты кәсіби кітапханашы ретінде не айтар едіңіз? Кітап оқитын оқырман саны шынымен азайып бара ма әлде бұл 90-жылдардан қалып кеткен қасаң пікір ме?

– Қоғамда кітап, газет-журнал оқымайды деген жаңсақ пікір қалыптасқаны рас. Өз басым күнделікті оқырманмен жұмыс істейтін кәсіби кітапханашы маман ретінде бұл пікірмен келіспеймін. Себебі кітапханаға асығатын, кітап оқуға құмар жастар, оқырмандар саны күннен-күнге артуда.

Ұлттық кітапханаға күніне 3 000 мыннан астам оқырман келеді. Оқырмандардың көпшілігі – жастар. Тағы бір қуантарлық жайт, жас оқырмандар арасында ұлттық әдебиетімізге деген сұраныс артуда. Олар үшін ақын-жазушылармен шығармашылық кездесулер, поэзия және әдеби кештер өткізіліп тұрады. Әлеуметтік желілерде өз ұсыныстары мен пікірін білдіріп, шалғай өңірлерден кітапхана қорында сақталған қажетті ақпараттарға тапсырып беруші оқырмандар да баршылық. Осы орайда қашықтағы оқырмандардың ұсыныстарын қанағаттандыру мақсатында құжаттарды электронды жеткізу қызметін жолға қойғанбыз.

– Жалпы, бір кездегі оқырман мен кітап арасында болған керемет байланысты қайта орнату үшін нақты қандай шаралар атқарылуы керек деп санайсыз?

– Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 2020 жылы Ұлттық қоғамдық кеңестің төртінші отырысында сөйлеген сөзінде кітапханалар мен кітаптың қоғам дамуында, қоршаған дүниені танудағы рөлі туралы атап өтті. Кітап оқу мәселесіне тоқтала келе, кітап оқу мәдениетін қалыптастыру, оның ішінде балалар мен жасөспірімдердің кітапқа деген қызығушылығын арттыру жөнінде тапсырмалар берген еді. Осы тапсырманы орындау мақсатында 2021 жыл – Балалар мен жасөспірімдердің кітап оқуын қолдау жылы, ал 2022 жыл – Балалар жылы болып жарияланды. Сол бастама аясында республика бойынша кітап оқуды қолдауға, кітап оқуды белсендіруге бағытталған түрлі мәдени іс-шаралар өткізілді. Бұл шаралардың барлығы кітап пен оқырман арасындағы байланысты күшейтуге, балалар мен жастарды кітап оқуға тарту, кітапқа деген қызығушылығын арттыруға бағытталған. Бұл жұмыстар әрі қарай да жалғаса беруі керек деп санаймын.

Біздің кітапханамызда атқарылып жатқан әрбір мәдени іс-шара оқырмандар мен кітап және кітапхана арасындағы тығыз қарым-қатынас орнату және ақын-жазушыларымыздың шығармашылығын оқырман қауым арасында кеңінен насихаттау мақсатында ұйымдастырылады. Осындай танымал ақын-жазушылармен, қаламгерлермен түрлі форматтағы кездесулер, сұхбаттар оқырмандардың кітап оқуға деген ынтасын еселейтіні анық.

– Ұлттық кітапхана деген мәртебелеріңіз бар. Өзге кітапханаларға қарағанда мүмкіндіктеріңіз біршама көбірек деген сияқты. Дегенмен бүгінде шешілмей жатқан түйінді мәселелеріңіз бар ма?

– Ұлттық кітапхана республика кітапханаларының ғылыми-әдістемелік орталығы ретінде жүйелі көпжақты қызметті жүзеге асырады. Кітапхана ісінің барлық бағыттары бойынша әдістемелік және тәжірибелік көмек көрсетеді. Ұлттық кітапханалық жүйенің құқықтық негіздерін қалыптастыруға, кітапхана ісін реттейтін нормативтік-құқықтық актілерді, нұсқаулықтарды, стандарттарды әзірлеуге қатысады. Кітапхана ісінің жағдайын зерделеп, сараптаумен және оның дамуын болжаумен айналысады, стратегиялық басымдықтарын анықтап, тиімді әдістемелік шешімдерді қабылдайды.

Өкінішке қарай, аймақтардағы кітапханашы кадрлардың кітапхана ісін жаңғыртудың өзекті бағыттары бойынша білімдерін жаңартуға, бұрын алынған білім мен дағдыларын жетілдіруге мүмкіндіктері жоқ. Дегенмен Ұлттық кітапханада республика кітапханашыларының кәсіби білім деңгейлерін арттыру мақсатында арнайы ашылған Каталогизатор мектебі және Жазба құжаттарын консервациялау және қалпына келтіру мектебі жұмыс істейді.

Дегенмен кітапхана саласы бойынша мәселелер жеткілікті. Мәселен, біздің елде әлі күнге дейін кітапханалар туралы арнайы заңымыз жоқ. Сонымен қатар кітапхана қорын толықтыру және жаңарту, кітапханалардың материалдық-техникалық жағдайы, кітапхана ғимараттарының жағдайы, оларға күрделі жөндеу жүргізу – шешілмей келе жатқан мәселенің бірі. Сондай-ақ кадр мәселесі, кей өңірлерде кітапханалардың жабылып қалуы, кітапханашылар жалақысының аздығы секілді қордаланған мәселелер тек біздің Ұлттық кітапхананың емес, елдегі барлық кітапханалардың басында бар шешілмеген сұрақтар.

– Қателеспесем, осыдан бес-алты жыл бұрын елімізде кітапханшылардың басын қосатын Қазақстандық Кітапханалық Одақ құрылды. Ұйымның мақсаты қандай? Аталған одақ нақты қандай істер атқарып жатыр?

– 2017 жылы Ұлттық кітапхананың бастамасымен республика кітапханаларының жұмысын нығайту және үйлестіру мақсатында Қазақстандық Кітапханалық Одағы құрылды. Бүгінде өз бағытымен жемісті жұмыс атқарып келеді. Одақты құрудағы мақсатымыз – еліміздің кітапханаларын біріктіріп, олардың мүдделерін қорғауға атсалысу болатын. Қоғамда кітапхананың және кітапханашы мамандығының әлеуметтік мәртебесін көтеруге, сондай-ақ кітапханалардың мүмкіндіктерін кеңейтуге ықпал ету. Біздің салада, аймақтарда жинақталып қалған өзекті мәселелерді талқылап, ортақ шешімін табу үшін бірлесіп күш салуды, қызмет етуді мақсат тұттық.

Осы одақтың ұйымдастыруымен жыл сайын облыстық кітапханалар басшыларының қатысуымен одақ кеңесінің отырысы өткізіліп, ой-пікірлермен алмасып, саладағы қордаланған мәселелер талқыланады. Қазір одаққа 163 кітапхана мүше ретінде тіркелген. Аталған қоғамдық ұйымның ұйытқы болуымен «Кітап және Кітапхана. Книга и Библиотека. Book & Library» атты үш тілде кәсіби журнал жарыққа шығып отыр. Бұл басылымда түрлі сараптамалар, кітапхана саласындағы өзекті мәселелер мен айтулы оқиғалар, кітап пен қоғам байланысы, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар, т.б. түйінді мәселелер жазылып келеді. Сонымен қатар одақ тарапынан республика кітапханашыларын ынталандыру мақсатында «Қазақстанның құрметті кітапханашысы» төсбелгісі табысталады.

– Бүгінде қоғамның кітапхана саласына деген көзқарасы қалай?

– Соңғы жылдары Мемлекет басшысының қолдауымен кітапхана саласына, кітапханашылардың әлеуметтік жағдайына баса назар аударылып келеді. Кітапханашылардың жалақысы да біршама өсті. Сонымен қатар 2025 жылға дейін жыл сайын 20 пайызға көтерілетін болады. Былтыр еліміздің кітапханашылары көптен күткен мерекеміз, 24 қазан – Кітапханашы күні болып ресми бекітілді. Бұл – біз үшін үлкен жетістік. Осы күнді атап өту – кітапханашы мамандығының мәртебесін көтеріп қана қоймай, осы мамандыққа деген мақтаныш сезімін қалыптастырады. Кітапханашының қарапайым еңбегін, кітапхананың қоғам дамуында алатын әлеуметтік маңызды рөлін мойындау болып табылады. Кітапханашының еңбегі қаншалықты қарапайым болғанымен, олардың қоғам дамуындағы рөлі орасан зор. Бұл да кітапханашыларға үлкен қолдау болды деп санаймын.

– Сұхбатыңызға рақмет!

Сұхбаттасқан
Нұрболат АДЫРБЕК

Сеулдегі жүздесу: КОНТЕНТ – дәуір патшасы

23-28 сәуір аралығында Оңтүстік Кореяда Дүниежүзілік журналистер конференциясы өтті. 2013 жылдан бері Кореяның журналистер ассоциациясының ұйымдастыруымен дәстүрлі түрде өткізіліп келе жатқан шараға 48 елден 54 журналист қатысты.

Биыл 11 рет өткізіліп отырған жиынның тақырыбы – «Цифрлық трансформация дәуіріндегі көшбасшылық және аймақтық деңгейдегі журналистика». Дүниежүзілік журналистер конференциясын жыл сайын Кореяның журналистер ассоциациясы ұйымдастырады. Бұл ұйымның 1964 жылы негізі қаланған, биыл 59 жылдығын тойлайды. Ассоциацияның мерзімді басылым, радио, телекоммуникация және интернет-платформалар сияқты әртүрлі салада қызмет ететін 203 компаниядан 11 мыңнан астам мүшесі бар. Шара Оңтүстік Кореяның Сыртқы істер, Мәдениет, спорт және туризм министрлігінің қолдауымен өтті.

Корея журналистер ассоциациясының президенті Ким Дон Хунның айтуынша, COVID-19 пандемиясының себебінен соңғы үш жылда аталмыш шара онлайн форматта өтті. Бұған дейін бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері «Журналистиканың дамуы мен болашағы», «Климаттың өзгеруі мен ондағы журналистиканың рөлі», «COVID-19 пандемиясынан кейінгі дәуірге дайындық» және тағы басқа тақырыптарды талқылаған. Биыл әлемнің түкпір-түкпірінен жиналған журналистермен жүзбе-жүз кездесудің сәті түсті. Конференцияның алғашқы күнінде екі тақырыпқа маңыз берілді – «Өңірлік дамудағы журналистиканың сын-қатерлері» және «Цифрлық трансформация дәуіріндегі көшбасшылық және журналистиканың болашағы».

«Бұл екі тақырыпты талдау әрі шешімін ұсыну – біздің парызымыз. Ұлтымыз, нәсіліміз, жынысымыз бен идеямыз алуан түрлі болса да, шындықты, бостандық пен бейбітшілікті ту ететін журналистік мақсат-мүддеміз ортақ», – деді Корея журналистер ассоциациясының президенті Ким Дон Хун.

Оның айтуынша, бүгінде ғылым мен технологияның жылдам дамып жатқаны соншалық, журналистика саласы бұл қарқыннан бір қадам ілгері болуы тиіс, олай болмаса орны толмас дағдарысқа тап болуы мүмкін. Сондықтан дүниежүзіндегі кәсіби журналистер үнемі серіктестікте жұмыс істеп, ұдайы өзара тәжірибе алмасып отыруы керек.

6 күнге созылған жиын бағдарламасына Сеул, Сувон, Пусан, Инчеон қалалары мен Кёнгидо провинциясына, сондай-ақ Кореяның демилитаризацияланған аймағына пресс-тур жасау енгізілген.

Кореяның мерзімді басылымдар қорының төрағасы Пё Ван Судың айтуынша, аталмыш конференция алғаш өткізілген жылдан бастап оған 100-ден астам елден мыңнан астам журналист қатысқан.

«Аймақтық проблемалардың күн тәртібінде талқылануы оның журналистер назарына ие болуымен, бұқаралық ақпарат құралдарында жиі талқылануымен тікелей байланысты екенін тәжірибе көрсетіп отыр. Сондықтан аймақтың дамуы кезеңінде журналистиканың маңызы зор әрі бұл істе әлемдік журналистер өзара идея, тәжірибе алмасуы және түрлі серіктестікке қол жеткізуі тиіс», – дейді Пё Ван Су.

Сыртқы істер министрінің саяси мәселелер жөніндегі орынбасары Чхве Ёнсам былтыр Камбоджада өткен АСЕАН саммитінде ел президенті Юн Сук Ёль жариялаған Оңтүстік Кореяның Үнді-Тынық мұхиты стратегиясы мен тұрақты және бейбіт, дамушы Үнді-Тынық мұхиты аймағының стратегиясына тоқталды. Оның айтуынша, осы бастамалардың аясында Корея Оңтүстік-Шығыс Азия елдерінің ассоциациясына кіретін мемлекеттермен, сондай-ақ Латын Америкасы мен Кариб аралындағы елдермен тығыз қарым-қатынас орнатпақ.

«Өңірлік дамудағы журналистиканың сын-қатерлері» тақырыбындағы алғашқы панельдік сессияда әр елден келген журналистер өзінің кәсіби мансабындағы кедергілер мен жергілікті БАҚ-тың проблемалары туралы айтып, тәжірибесімен бөлісті. Бұл сессияны Чунгнам ұлттық университетінің құрметті профессоры Чо Сон Кюм жүргізді. Талқылауға Кванджу-Чоннам журналистер ассоциациясының президенті Маенг Дэ Хван, Bangkok Post репортері Порамет Тангсатхапорн, El País испандық күнделікті газетінің тілшісі Пабло Леон, Пусан қаласында корей тілінде шығатын Busan Ilbo газетінің журналистері Ким Джун Ён және Ли Сан Бэ, Sierra Leone радио-корпорациясының БАҚ және қоғаммен байланыс жөніндегі директоры Мұхамед Асмиу Бах қатысты.

Порамет Тангсатхапорн билік, БАҚ меншігі, тұтынушылар мен нормативтік құжаттар ақпаратты орталықтандыруға айтарлықтай күш салынатындықтан, өңірді дамытудың негізі болған жергілікті проблемалар көлеңкеде қалып отырғанын айтады. Сонымен қатар репортер жергілікті жаңалықтар жариялау, өзекті тақырыптарды көтеру кезінде тай журналистері бетпе-бет келетін қиындықтар туралы айтты.

Тағы бір спикер Мұхамед Бах «бөлме ішіндегі үлкен піл» – биліктің БАҚ жұмысына саяси араласуы мен жарнама бюджетін қысқарту мәселесін талдады. Ол өз елінің кейбір аудандарында әлеуметтік медиа журналистердің қызметін іс жүзінде жойды деп есептейді. «Қазір кез келген адам смартфонға қол жеткізе алады және телефон иесі этикалық және кәсіби стандарттарға жүгінбестен кез келген уақытта, қалаған жерінде сурет түсіріп, жазба жазуға дайын. Смартфон радиодан, теледидардан немесе газеттерден бұрын жаңалық таратады. Дәстүрлі бұқаралық ақпарат құралдарының жұмысы қиындай түсті, мұндай жылдам ақпарат тіптен кәсібилікке қауіп төндіретін кезеңге жеттік», – дейді ол.

Бахтың айтуынша, Батыс Африкадағы көптеген елде бұқаралық ақпарат құралдары үздік кәсіби мамандарынан жоғалтып жатыр. Өйткені тәжірибелі редакторлар мен ардагер ТВ мамандар жергілікті БАҚ-тың болашағына күмәнмен қарап, мамандығын ауыстырып үлгерген, басым бөлігі жалақысы жоғары, болашағы жарқын қоғаммен байланыс, баспасөз қызметі және тағы басқа салаға ауысып жатыр.

«Цифрлық трансформация дәуіріндегі көшбасшылық және журналистиканың болашағы» сессияның модераторы – Корея журналистер ассоциациясының мүшесі Чон Мин Хо болды. Бұл талқылауға Корея, Қытай, Франция, Біріккен Араб Әмірліктерінен келген сарапшылар қатысты. БАӘ-дегі Gulf News порталының цифрлық контентті жоспарлау жөніндегі редакторы Анупа Куриан Муршедтің айтуынша, кез келген брендті және оның көшбасшылығын қолдаудың жалғыз жолы – сапалы әрі сенімді контент. Сондай-ақ «Журналистикада, әсіресе цифрлық дәуірде көзқарас бірлігі қажет. Трендтерге, технологиялар мен заманауи құралдарға сәйкес келетін және бейімделетін дәйекті, мазмұнды стратегия керек. Біздің табысқа жетуіміздің кілті – үздіксіз ойлау процесі. Басшыдан бастап қарапайым қызметкерге дейін ой тастап, идея айтуда сарандық танытпадық», – деді Анупа Муршед.

Xinhua (Синьхуа) ақпараттық агенттігі бас редакторының орынбасары Чжоу Нин технологияның қарқынды дамуынан қорқудың қажеті жоқтығын алға тартады, өйткені контент – қай дәуірдің болмасын патшасы санала бермек.

«Медиаландшафт, қоғамдық пікірдің экологиясы және коммуникация мақсаттары жаңа медиа мен технологияның ықпалынан айтарлықтай өзгеріске ұшарады десек те, цифрлық трансформация дәуіріндегі жаңа технологиялар құралы қалай құбылмасын, «контент – патша» деген тұжырым еш өзгермейді. Бар болғаны, журналистер ChatGPT сынды жасанды интеллект құрастырған ақпаратты місе тұтып отырмай, алғашқы дереккөзден мәлімет алу үшін кез келген мәселеге тереңдеу аса маңызды әрі белсенді зерттеулер жүргізіп, визуалды, ақылой және жазу машығын үнемі жетілдіріп отыру қажет», – дейді ол.

Конференцияда сондай-ақ фейк жаңалықтармен күрес, жарнама және табыс табудың балама үлгілері, жаңа технология мүмкіндіктері тақырыбында талқылаулар өтті.

Айдана НҰРМҰХАН,
Оңтүстік Корея
Сеул қаласы

Конференцияның алғашқы күнінде жергілікті Busan Ilbo тілшілері Ким Джун Юн мен Ли Сан Би қатысушыларға ерекше жобасын таныстырды. Олар Пусан қаласындағы Санбок тарихи көшесінің тұрғындарымен тілдесудің ерекше жолын ойлап тапқан.

САНБОК КӨШЕСІНІҢ КЕЙІПКЕРЛЕРІ

Пусан төбелерімен өтетін бұралмалы Санбок көшесі ұзақ уақыт бойы босқындарға баспана болды. Корей соғысы кезінде Солтүстік Кореядан келгендер ескі қаладан алыс, тау бөктерінде салынған уақытша шатырларда тұрды. Кейінірек, 1970-80 жылдардағы даму дәуірінде бұл үйшіктер ірі қалаға жұмыс істеуге ағылған зауыт жұмысшыларына да пана болды. Ал бүгінгі күні Санбок – Пусандағы танымал көшелердің бірі, ол жерден қала алақандағыдай әдемі көрінеді. Алайда көшенің қазіргі жағдайы мүшкіл. Бұл аймаққа бірді-екілі жолаушылар тасымалдайтын автобус кіреді. Пусан үшін қалыпты саналатын өркениет аталмыш ауданға жете қоймаған: ауызсу мен электр желісі атымен жоқ, краннан тот басқан су ағады. Ал тұрғындары көбіне қарт кісілер мен табысы төмен отбасылар. Сондықтан Санбок үнемі БАҚ өкілдерінің назарында және бұл көше туралы контент жасау жергілікті журналистер үшін әрдайым өзекті. Busan Ilbo газетінің тілшілері аталмыш ауданнан жасалатын әдеткі репортаждардың сценарийін бұзып, жергілікті халықпен тілдесуді мақсат тұтады.

«Бұған дейін де Санбок көшесі туралы бірнеше репортаж жасап жүрдік. Ол жердегі тұрғындардың тағдырын баяндаудың түрлі жолын іздейтінбіз, алайда жергілікті әкімдіктің көмегімен һәм қадалауымен жасалатын сұхбаттардан әрі аса алмадық. Өкінішке қарай, бұл аймақты жергілікті әкімдік қатаң бақылауда ұстайды. Өйткені мұндағы жұрттың тұрмыстық жағдайы, табыс көзі төмен. Журналистік билетіміз көрсетіп, арнайы рұқсат қағазын алып сұхбат құруды емес, кейіпкермен еш делдалсыз тікелей дидарласуды қаладық», – дейді тілші Ким Джун Юн.

Busan Ilbo тілшілеріне тың идея келеді. Олар жергілікті халыққа қажетті қызмет түрін ұсынып, оны өздері басқармаққа бекінеді.

«Тұрғындармен тікелей тілдесу үшін алдымен бұл ауданға жерсіну қажеттігін түсіндік. Зерттей келе, Санбокта кір жуатын орындар тапшы екенін білдік. Ертеректе Санбок көшесінен репортаж жасаған уақытта егде әйелдердің қыстың күні суық сумен кір жуып жатқан сәттері есіме түсті. Мұндағы қарттар мен табысы төмен халық кір-қоңын қолмен жуады, өйткені бас-басына кір машина сатып алатын жағдай әрі су тартатын мүмкіндік жоқ. Кір жуатын орын ашудың тұрғындарға пайдалы болатынын анық түсіндік. Газет редакциясын екі кір жуатын және екі кір кептіретін машина сатып алуға көндірдік, шамамен 20 миллион вон (6,8 миллион теңге) шығындадық. Сөйтіп, 2022 жылдың мамырында Санбок көшесінде Хочхон ауылындағы қараусыз қалған бір үйден өз-өзіне қызмет көрсететін кір жуатын орын аштық. Бар-жоғы 10 шаршы метр болатын ескі үйді бір ай бойы жөндеуден өткізіп, түрлі түсті бояумен әрледік. Ашылған бойда халық белсенді келе бастады», – дейді тілші Ли Сан Би.

Жергілікті халық бұл орынға келіп, тегін кір-қоңын жуа алады, бір ғана өтініш – кір жуылып біткенше Санбок тұрғыны өзінің өмірі, отбасы, кәсібі туралы баяндап беруі керек. Журналистер кейіпкерлермен болған сұхбатты Busan Ilbo сайты мен Sanbok Laundromat деп аталатын Youtube арнасына жариялап отырады.

«Әр сейсенбі сайын газетке, сайтқа және Youtube арнасына Санбок тұрғындарының хикаясын жариялап отырдық. Алғашқы жарты жылда оқырмандардан, әріптестерімізден көптеген ыстық ілтипат алдық. Журналистер қауымы жергілікті медианың көкжиегін аша алған креатив жоба деген баға берді. Бұл жоба жергілікті әкімшіліктің түрлі кедергілеріне қарамастан, кішкентай ауыл халқының үлкен проблемасын айтуға болатынын көрсетті. Сондықтан оқырман арасында кең танылып, жақсы қолдауға ие болды. Қазір де Сонбок көшесінің кейіпкерлерінің оқиғасы сайтта жақсы оқылып, Youtube арнасында көп қаралым жинайды», – деді Ким Джун Юн.

ЖАҢА ТӘРТІПТЕГІ МЕДИА

Бүгінде түбі бір түркі дүниесі барлық салада тығыз әріптестік байланыс орнатуға мүдделі. Геосаяси жағдай ушыға түскен қазіргідей сәтте бауырлас елдердің бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарып әрекет етуі маңызды стратегиялық қадам деуге саяды. Ал бұл байланыс саясат пен экономиканың аясында ғана шектеліп қалмай, мемлекет өмірінің барлық саласына серпін сыйлағаны керек. Әсіресе, ақпарат аламанында түркі дүниесіне бірлесіп шешетін мәселе жеткілікті. Жаңа медиа дәуірінде жарықтың жылдамдығымен тарап, көпшіліктің санасын сан саққа жүгіретін жалған ақпаратпен күресте күш біріктіру күн тәртібінде. Түркітілдес 8 мемлекеттің БАҚ өкілдерінің басын қосқан түркі дүниесі шолушыларының симпозиумында да дәл осы мәселе жан-жақты талқыланды.

Түркияның Ыстанбұл қаласында өткен шараға Түркі мемлекеттерінің ұйымына мүше Түркия, Әзербайжан, Қазақстан, Өзбекстан және Қырғыз Республикасының журналистерімен бірге Мажарстан, Түрікменстан, Солтүстік Кипр сияқты байқаушы мемлекеттердің БАҚ өкілдері қатысты.

АҚПАРАТ ҚАЛАЙ БҰРМАЛАНАДЫ?

Шара Түркия президенті әкімшілігі жанындағы Коммуникация басқармасының қолдауымен өтті. Жиынды аталған басқарманың бөлім басшысы Оғыз Гөксу алғысөзімен ашты. Өз сөзінде Коммуникация басқармасының өкілі симпозиумды түркі әлемінің ақпарат кеңістігіндегі ортақ мәселелерді талқылаудың, шешімін ұсынудың алаңы ретінде қарастыратынын атап өтті.

– Сонымен қатар жалған ақпарат таратуға қарсы күрес жүргізу мәселесіне қатысты ұсыныс пікірлерді ортаға саламыз. Бүгінде адамзат баласы медиаконтентті тұтынушыдан оны өндірушіге айналды. Цифрлық технологиялардың қарқынды дамуынан біз цифрлық құпиялылық, киберимпериализм, цифрлық диктатура, деректердің қауіпсіздігі мен құпиялылығын сақтау, цифрлық фашизм сияқты мәселелермен бетпе-бет келдік. Бұл алаңда шындықты, нақты ақпаратты қорғау – біздің басты басымдығымыз.

Ақпараттық кеңістікте Түркияға қатысты жалған ақпарат жиі таралады. Әрі кейіннен олардың тең жартысы расталмай жатады. Түркия президенті Режеп Тайып Ердоған жалған ақпарат ұлттық қауіпсіздіктің мәселесіне айналып қана қоймай, жаһандық қауіпсіздікке қауіп төндіретінін атап өтті. Түркия үшін жалған ақпаратпен күрес – ұлттық қауіпсіздікті сақтау стратегиясының бір бөлігіне айналды, – деді О.Гөксу.

Ал мұндай сәтте түркітілдес елдерге стратегиялық коммуникация саласында бірлескен талдау жүргізу ауадай қажет. Бұл талдау жалған ақпараттың таралуының, деректерді бұрмалау мен жала жабу фактілеріне тосқауыл болуға мүмкіндік бермек.

Түркия президенті әкімшілігі жанындағы Коммуникация басқармасының бөлім басшысы әлемдік ақпараттық кеңістіктегі негізгі қатер ретінде исламофобияны атап өтті.

– 2001 жылғы 11 қыркүйектен кейін ақпараттық кеңістікте бұл мәселе өзекті бола түсті. 2015 жылдан бастап жыл сайын шығарылатын исламофобия туралы Еуропалық есепте «исламофобия» ұғымы мұсылмандарға гегемония орнатқысы келетіндер қолданатын нәсілшілдік түрі ретінде анықталады. Демек, бұл мәселеде Түркия ауқымды жұмыс жүргізіп жатқанымен, оған жалғыз тойтарыс бере алмайтыны түсінікті, – деді Оғыз Гөксу.

Бұл орайда Коммуникация басқармасы Түркияның тәжірибесі негізінде халықаралық әріптестік аясында жалған ақпаратқа қарсы күресті жалғастыруды ұсынады. Мәселен, Таулы Қарабақ қақтығысы кезінде Түркия мен Әзербайжанның бұқаралық ақпарат құралдарымен бірлесіп, ақпарат тарату ісіне жұмылған. Нәтижесінде, әлемдік медиа жағдайды дәлме-дәл бағамдауға мүмкіндік алды.

– Біз әрбір әлеуметтік платформаны цифрлық майдан деп қарастырамыз. Сол алаңда елдің қоғамдық-саяси, әлеуметтік-экономикалық өміріндегі айтулы жаңалықтарды жеткізуге күш саламыз. Дәл қазіргі сәтте жаңа медиа елдің имиджіне әсер ететін бірден-бір тетікке айналады. Қайткен күнде де мемлекеттік тәуелсіздігі ендігі жерде оның ақпараттық кеңістігінде цифрлық бостандық арқылы танылады. Бұл орайда Түркияның қорғаныс өнеркәсібі сияқты ақпараттандыру саласында да импортқа тәуелділікті төмендетіп, ондағы төл өнімдеріміздің үлесін 70-80 пайызға көтеруіміз қажет, – деді Коммуникация басқармасының өкілі.

Жиында сонымен қатар әлеуметтік желілерде тарайтын фейк ақпараттың қауіптілігі де сөз болды. Бұл орайда әлеуметтік желіде жалған ақпарат таратушыларды заң аясында жауапкершілікке тартатын елдердің тәжірибесіне назар аударылды. Ал Түркияның өзі 2020 жылдан бастап 1 миллионнан астам қолданушысы бар әлеуметтік медианың елде арнаулы өкілін тағайындауды талап ете бастады. Мамандар бұл талаптың қазірдің өзінде әлеуметтік желі қолданушыларының құқығын қорғауға ықпал еткенін айтып отыр. Яғни, адамның жеке шекарасына қол сұғатын ақпараттар желіден алынады. Ал оны таратқандар заң алдында жауап береді.

– Жалған ақпараттың жылдам таралуы расында адамдарға дәл, шынайы және ең қажетті деректерді жеткізуге кедергі болып отыр. Мәселен, жыл басындағы Қахраманмараш өлкесіндегі жер сілкінісі кезінде жақын маңдағы су қоймасының қирап, сел қаупі төнгені туралы ақпарат тарады. Осы ақпаратқа сенгендер уақытша паналау орындарын тастап қашты. Бұл оқиға іздеу-құтқару жұмыстарына да кедергі келтірді. Құтқарушылар да жұмысты тоқтатып, қаладан шықты. Әрине, олар аз уақыттан кейін өздерінің негізгі жұмысына кірісті. Бірақ осы аралықта олар үйінді астында қалған қаншама адамды құтқарып үлгеретін еді, – дейді О.Гөксу.

«ЖҰМСАҚ» КҮШТІҢ ҚҰДІРЕТІ

Ақпарат кеңістігіндегі ұлттық өнімдердің үлесін арттыруда мамандар түрік телесериалдар индустриясының даму қарқынына тоқталды. Түрік тілі мен мәдениетін, тарихын насихаттаудың «жұмсақ» күші саналатын түрік сериалдары қазір әлемнің 156 елінде көрсетіліп, 700 миллион көрерменнің көзайымына айналып үлгерді. Кино индустриясы елге 500 миллион доллардан астам пайда әкелген. Юнус Эмре институты түрік сериалдары көрсетілетін елдерде түрік тілін үйретуге кіріскен. Бұл институттың қызметіне түрік халқының өмір сүру салтына қызыққандар да жиі жүгінеді екен. Танымал телесериалдар түсірілген орындарды көру үшін Түркияға турист көп келеді.

Симпозиумның келесі бөлігі талқылауға ұласып, оған симпозиум қатысушылары үн қосты. Өзбекстан делегациясының өкілі Аброр Гулямов өзбек медиасындағы жалған ақпаратпен күрестің тәсілдерін тілге тиек етті. Ал Әзербайжан журналисі Юнус Оғыз Таулы Қарабақтағы оқиғаны ақпараттандыру тәжірибесімен бөлісті.

– Таулы Қарабақ оқиғасы кезінде түрік әріптестерімізбен бірлесіп оқиға орнынан тікелей эфирге шығып, нақты ақпарат таратуға тырыстық. Сол кезде бір байқағанымыз, жеңіс үшін әскери әлеует пен экономика, қару-жарақтан бөлек тұрақты ішкі саясат та керек екені аңғарылды. Ал оны қалыптастаруда медианың ықпалы зор, – деді Юнус Оғыз.

Солтүстік Кипрден келген Сабахаттин Сагироғлу Түркі дүниесінің ынтымақбірлігін арттыруда Еуропалық ұйымды үлгі етуге шақырды. Сондай-ақ ол ұйымға ортақ тіл ретінде түрік тілін қарастыруға болатынын атап өтті.

– Қайткен күнде де біздің ұйымға ортақ әліпби, жазу, сөйлеу тілі керек. Түрік тілі ортақ тіліміз болғаны жөн. Ортақ тарих оқулығын шығарғанымыз жөн. Бұған ешқандай кедергі жоқ сияқты, – деді ол.

БАҚЫЛАУДЫҢ ДА ӨЗ ШЕГІ БАР

Түркиядағы ең ірі «Анадолу» ақпарат агенттігінің редактор-координаторы Яхья Бостон «Жаңа ғасырдағы медиа» тақырыбында баяндама жасады.

– Жаңа 100 жылдықтағы медиа бұл – қызықты тақырып. Мен журналистикадағы еңбек жолымды 1995 жылы бастадым. Осыдан 28 жыл бұрынғы журналистикамен қазіргі журналистиканы салыстыруға келмейді. Бұрын бұқаралық ақпарат құралдарын «төртінші күш» деп атайтын. Қазір бұл тенденция жойылып, медиа түрлі сипатқа ие болды. Тіпті, әлеуметтік желінің қоғамдық көзқарасқа ықпал ететінін байқап отырмыз. Шынайы ақпарат бұрмаланатын жағдайға жеттік, – дейді Яхья Бостон.

Сонымен бірге ол әлеуметтік желінің белсенді пайдаланушыларының табысына назар аударуға шақырды. Оның пікірінше, мұның заңды тетігі жоқ. Яғни, нарық бақыланбайды. Бұл фактор жаңа медиадағы ақпараттың бұрмалаудың бірден-бір себебі.

– Қазір қолында смартфоны бар кез келген адам журналист бола алады. Осыдан барып корреспондент қызметінің маңыздылығы жоғалды. Есесіне ақпараттық қауіпсіздік пен сөз бостандығы өзекті бола түсті. Әрине, жалған ақпарат таратуда Үкіметтің әлеуметтік желіні реттегені керек. Бірақ ақпараттық қауіпсіздікті қорғау деп жүріп, азаматтардың сөз бостандығын шектеуге болмайды, – дейді Яхья Бостон.

Өз сөзінде спикер ақпараттық қауіпсіздікті реттеудегі әлемдік тәжірибеге тоқталып, түрік медиасында таралатын мәліметтерді жоққа шығарудағы, шынайылығына көз жеткізудегі «Анадолу» агенттігінің жұмыс тәртібін мысал етті. Сондай-ақ ол бұл іске жасанды интеллекті пайдалану мәселесін бірлесе ойластыру қажеттігіне тоқталды.

– Жасанды интеллект мақала жазып шықты. Демек, оның журналистикадағы рөлін айқындайтын кез жетті. Жасанды интеллект мақалаға деректі цифрлық медиадан алады. Ал журналист мақала жазуда қарапайым адамдармен пікірлеседі.

Жаңа медиада икемді ақпарат тарату құбылысы байқалады. Мәселен, АҚШ, Франция тәжірибесінде ақпараттың сайлауға ықпалы байқалады. Мұның бәрі әлеуметтік желі арқылы ақпараттандыру ісін жүргізетіндердің әрекетіндегі ашықтық жоғын көрсетеді. Әсіресе, қаржыландыру көзін ашық көрсетілмей, тұтынушыға жеткізілетін ақпараттың шынайылығына күмәнденуға болады. Шетелдік қорлардан қаржыландыратын медиалар да қаржыландыру көзін көрсетуі қажет. Осының бәрінің шешімі ретінде түркі мемлекеттеріне ортақ YouTube, Facebook деңгейіндегі платформа жасақтауымыз керек, – деді Я.Бостон.

ЖАСТАРДЫҢ АУДИТОРИЯСЫ ДА ЕСКЕРУСІЗ ҚАЛМАЙДЫ

Өзбекстаннан келген медианарықты зерттеуші ғалым Умид Жақыпов адамзат баласының қазіргі ақпарат алу тәсілдеріне тоқталып, кеңістікте әлеуметтік желіні пайдаланушылардың саны артып бара жатқанын айтты.

– Жүргізілген зерттеу жұмыстарының нәтижесіне көз жүгіртсек. Бүгінде адамдар тәуліктің 6 сағатын смартфонның немесе ноутбук, компьютердің экранына үңілумен өткізеді екен. Олардың 90 пайызы осы уақыт аралығында әлеуметтік желіні ақтарып шығады. Біздегі халықтың 43 пайызы күндізгі уақытта интернетке кіретіні анықталды. Ал цифрлық технологияның даму қарқыны көш ілгері Жапония тұрғындарының 21 пайызы ғана интернетке күндіз кіреді. Теледидар көретіндер де азайып келеді. Бұл зерттеу 16-64 жас аралығындағы отандастарымызға сұрау арқылы жүргізілді. Ал 14-16 жастағы жасөспірімдердің ақпаратты қайдан алатыны, олардың дәстүрлі медиаөнімдерін тұтыну үдерісі зерттелмеген,– деді өзбек ғалым.

Солтүстік Кипр журналисі Аттила Ковач өзбек ғалымның ойын жалғастырып, медианың альфа ұрпақпен тіл табысу заман талабы екеніне назар аударды. Ал Қырғыз Республикасының bulak.kg сайтының бас редакторы Семетей Аманбеков медианарықты аудиторияның сұранысына сай бейімдеу қажет деп санайды.

– Табиғи процеске қарсы келмеуіміз керек. Аудиторияның ынғайына қарай жүргеніміз жөн. Визуальды өнімге сұраныс жоғары болса, демек бұл халықтың талабы. Осыны ескеріп, түркі дүниесіне ортақ тарихты, құндылықтарды насихаттайтын анимациялық туындылар жасауымыз керек. Ең бастысы, бұл іске блогерлерді де көптеп тартсақ ұтарымыз көп болмақ, – дейді С.Аманбеков.

Симпозиумды жаңа ғасырдағы энергетикалық ынтымақтастық тақырыбында өткен панелдік сессия қорытындылады.

Шынболат КҮЗЕКБАЙ,
Астана–Ыстанбұл–Астана

Науан хазіретті ұлықтай алдық па?

Алаш қозғалысының көрнекті өкілі, Көкшетау мешітінің алғашқы бас имамы болған Науан хазірет Таласұлының өмір жолы мен рухани ағартушылық қызметі жайлы Ақан батырдан тарайтын аталас бауыры, Көкшетау қаласының құрметті азаматы, «Парасат» және «Құрмет» ордендерінің иегері, Көкшетау қалалық ардагерлер кеңесінің төрағасы Шияп Шарапұлы Әлиевті әңгімеге тартқан едік.

КӨКШЕ ЖЕРІНДЕГІ ҰЛЫҚ ҚАЙРАТКЕР

– Науан хазіреттің өмірі мен ағартушылық қызметін елімізге танымал көптеген ғалымдардың зерттегенін білеміз. Осы зерттеулердің басты-бастыларына тоқталсаңыз?

– Хазіреттің шын аты Наурызбай екені баршаға аян. 2009 жылы шыққан «Қазақ әдеби тілінің сөздігінде» (11 том, 498 бет) «Науан» сөзі парсы тілінен аударғанда биік, үлкен, ноян деген мағына береді екен. Мысалы, мына бір өлеңде былай айтылады: «Құрыш құс ұшты заулап ауаны есіп, Алдымнан ашылды бір науан есік». Жаңағы сөздіктің 15 томы, 144 бетінде «хазірет» сөзінің мағынасы араб тілінен аударғанда ұлы мәртебелі, мырза, тақсыр деп жазылған. Ислам энциклопедиясында жазылғанындай, хазірет атағы лауазым иесінің дін қағидаларына жүйрік, ғұлама адам екендігін аңғартады. Тарихта біз Хазірет Әубәкір, Хазірет Әли, Хазірет Сұлтан, тағы басқа да ислам дінінің ғұламаларын білеміз. Ендеше, хазірет деген атаудан көңілге түйетініміз – Науан Таласұлының құрметке лайықты білікті тұлға болғандығы.

Енді туған жылына келейік. Мысалы, Кеңес үкіметі тұсындағы ғалым, имам Сәдуақас Ғылмани өзінің «Заманымызда болған ғұламалар, ғұмыр тарихтары» кітабында Науан хазіретті 1844 жылы туған десе, ғалымдар Қадыржан Әбуев, Әшірбек Муминов 1843 жылы туды деп жазады. Ал Ақан сері болса, туған бажасы Науан хазіретті аға тұтып, құрметтеп өтті. Науқастанып жатқанда көңілін сұрап келген Науанға арнап, Ақан табан аузында былайша өлең шығарады.

– Ассалаумағалейкум, Науан аға,
Үй-іші аман болар, бала-шаға.
Көрген соң дидарымды көңілім сергіп,
Қалдым ғой шыққандай бір сахараға.

Ал Науан хазіреттің 1916 жылы 73 жасында қайтыс болғанын ескерсек, оның 1843 жылы туғандығына ешкім де күмән келтірмес болар.

– Науан хазіреттің шыққан тегі, отбасы жайлы ғалымдар әртүрлі пікір айтып жүр. Бұл орайда сіз не айтар едіңіз?

– Айналасын жасыл-желек көмкерген Баратай және Ақан ауылдары басынан бақ таймаған, дәулеті шалқып, жауына дес бермеген Ақан батырдан тарайтын Шұңғырша әулетінің атамекені. Бұл жерде үш атаның балалары: Шұғыл, Жарасқұл, Сүйіншәлі ұрпақтары қоныстанған. Жарықтық Ақан атамыз қол бастаған батыр ғана емес, өз дәуірінде атақ-даңқы алысқа тараған айтулы аңшы, ғажап саятшы да болса керек. Жасанған жаудан беті қайтып көрмеген қайсар да өжет ұлы бабам 105 жасқа келіп, өмірден озды. Оның есімімен аталатын ауыл, жер-су, тау атаулары Көкше өңірінде жиі кездеседі.

Ел басына күн туған жаугершілік заманда елдің қорғаны, қалқаны болған батырлар түн баласы кірпік ілмейді екен. Ақан батыр да қасына он шақты нөкерін ертіп, ауылдан 2-3 шақырым жердегі көлді жайласа керек. Ал Ақмола облысының Сандықтау және Атбасар аудандарының шектесетін тұсындағы кең жазық, шөбі шүйгін Ащылы Жекебаяқ жұртын Ақан батыр қалмақтардан тартып әперіпті. Нұлы, орманды бұл жер Шұңғырша әулетінің жазғы жайлауы болған. Ақын інім Құдайберлі Мырзабек «Ащылы Жекебаяқ» кітабында былайша тебіренеді.

Ащылы – Жекебаяқ жайлаған жер,
Шытырлатып құлынды байлаған жер.
Баласы Шұңғыршаның ат шаптырып,
Қуалап көбелегін ойнаған жер.

Толғатып самал соқса Ақан таудан,
Кеудемді жыр кернейді мақамдалған.
Жабырқап жатыр ма екен мені күтіп,
Ащылы Жекебаяқ атам қонған.

Көкшелік ғалым Қадыржан Қабиденұлы Әбуев өз кітабында: «...Әкесі Талас ауқатты, ағайын арасында беделді кісі болған», – десе, Әлихан Бөкейханов «Киргизы» атты еңбегінде: «Науан будучи сыном бедного казаха он поехал в Бухару, как некогда Ломоносов в Москву», – деп кедей отбасынан шыққанын айтады. Ақан батырдың Құттыболат тармағынан тарайтын Науанның қарапайым отбасынан шыққандығы шындық. Ол жастайынан зейінді, алғыр болғандықтан менің ұлы бабаларым өз бауырларына басып, қамқорлықтарын аямады. Сөйтіп, ол алғашқы білімді Көкшетау өңірінде он жеті мешіт салдырған Жылкелді молдадан алады. Кейін өз дәуірінде сөзі де өтімді, дәулеті шалқыған Рүстембай атамның қолдауымен Қызылжар қаласындағы медреседе төрт жылдай оқып, білім жетілдіру мақсатында Бұқараға барады. Ғалымдардың зерттеулеріне қарағанда, мұндағы медреселерде өзбектер, тәжіктер, қазақтар, татарлар, қарақалпақтар, ұйғырлар көбірек білім алыпты.

– Науан Таласұлының білім саласындағы алғашқы қадамдары қандай болды?

– Бұқара қаласындағы оқу орындарының ішінде «Мир и Араб» және «Көкілташ» медреселері сонау XVI ғасырда тұрғызылыпты. Қазіргі таңда олар тарихи ескерткіштер ретінде ЮНЕСКО қорғауында. Ал, Науан Таласұлы болса 300-ге жуық шәкіртпен бірге «Көкілташ» медресесіне оқуға түседі. Мұнда араб тілін, фихhты, логиканы, арифметиканы, араб және түрік каллиграфиясын оқиды. Оқу мерзімі 10-20 жылға жалғасады. Бірақ емтихан тапсырмайды. «Көкілташ» медресесінде он бес жылдай оқып, дарынды қабілетімен көзге түскендіктен ұстаздары оны Бағдат шаһарына аттандырады. Мұсылман халқының білім ордасы саналатын бұл қалада 3-4 жыл оқып, Бұқараға қайта оралған уақытта медресе басқармасы Науанды ұстаз етіп тағайындайды. Осы жаңалықты естіген көкшелік зиялылар Бұқараға арнайы делегация жіберіп, елге оралуын сұрайды.

Осылайша, жасы қырықтан асқанда Көкшетау мешітіне бас имам болған шақта патша үкіметі қазақ жеріне шоқындыру саясатын енгізе бастайды. Сондай-ақ 1870 жылғы 26 наурызда қабылданған заңға сәйкес қазақ жерінде мектеп-медреселердің ашылуына тыйым салынады. Ал медреселер мұсылмандардың қаражатынан жалақы төленетін, орыс тілінен сабақ беретін мұғалімі бар мектептерде ғана ашылды. Бұл да өз кезегінде қазақтарды шоқындырудың айла-тәсілі болатын. Науан Таласұлы Атығай, Қарауыл, Керей, Уақтың басы қосылған үлкен бір аста көрші елдің жүргізіп отырған жөнсіз саясатын әшкерелеп, оған дер уақытында қарсылық білдірмесек, мысқалдап енген дерт сияқты түбінде батпандап шығатынын айтады. Сосын шоқынған қазақ балаларының мойындарындағы крестерін сыпырып алып, Қылшақты өзеніне ағызып жіберген.

Патша үкіметінің қазақ даласында жүргізіп отырған масқарашылдық қастандықтары жайлы ол түркі еліне ашық хат жазып, мұсылман балаларын еріксіз шоқындыруын батыл айыптайды. Сөйтіп, саяси шу шығып, Ресейдің басы дауға ілінеді. Осыдан кейін Науан хазіретке қарсы өшпенділік өрши түседі. Жалпы, ел бірлігін мұрат еткен Науан хазіреттен асыл сөздер де көп қалған ғой. Ол қайтар алдында былай деп айтса керек: «Мен өмірден өткенде жыламаңдар, ертең елдегі имандылықтың ұйытқысы молдалар қуғанатын заман туады. Менің сол кер заманды көрмей кеткеніме қуаныңдар».

– Патша үкіметінің жүргізіп отырған саясатына қарсы шыққаны үшін Науан хазірет Сібірге жер аударылды. Оны қамаудан босатуға кімдер ықпал етті?

– Науан Таласұлы алты жылға Иркутскіге жер аударылғанымен көп қиындық көрген жоқ. Отбасымен бірге күтушілері де болған. Жылда қыркүйек айы туа Шұңғыршаның қырық жігіті атақты жерлестерінің хал-жағдайын білу мақсатында сапарға аттанады екен. Қазақ зиялылары, олардың ішінде Алаштың арда ұлдары Ахмет Байтұрсынұлы, Әлихан Бөкейханұлы, Мәмбетәлі Сердалин, Шәймерден Қосшығұлов, Айдархан Тұрлыбаевпен бірге Жанбатыр және Бабаназар қажылардың көп еңбек сіңіргені тарихтан белгілі. Олар Петерборға барып, патша ағзамға хат тапсырады. Бұл жөнінде жазушы Сарбас Ақтаев өзінің «Науан хазірет» деген зерттеу еңбегінде айрықша жазған.

1903 жылдың 9 қарашасы күні Дала Генерал-губернаторының кеңесінде тіркелген мына бір анықтама Омбы мемлекеттік архивінен табылды. Бұл құжат мына жағдайды баяндайды: «Ақмола облысының әскери губернаторы жанындағы аса маңызды істер жөніндегі шенеунігі Яхонтовтың түсініктемесі бойынша мұсылман үгіті жөніндегі істің меңгерушісі генерал-майор Романов жергілікті әкімшіліктің өкімімен жабылған медресені ашу және Сібірге жер аударылған молда Таласовтың басына азаттық беру жөніндегі қырғыздар Бабаназар Жаңабатырұлы, Әбутәліп Бакизин және басқалардың өтініштерін аса мәртебелі сіздің құзырыңызға жеткіземін». Дала Генерал-губернаторы кеңесі меңгерушісінің және аға іс жүргізушінің қолдары бар бұл құжат Бабаназар қажының ұрпағы жазушы, сенаторлар кеңесінің мүшесі Жабал Ерғалиевтің архивінде сақтаулы екен.

Міне, Науан хазіреттің ісін бұзғызамын деп Санкт-Петербургқа барып, сол сапарында орыс патшасынан сыйлыққа оқалы шапан, алтын сағат алып қайтан Бабаназардың осы бір әрекеті жаңадан орнаған кеңес үкіметіне жақпайды. Сондықтан да ол бір түнде «Себкрайға», Сібірге бар әулетімен үдере көшіп, жан сақтауға мәжбүр болған екен.

– Науан хазірет ақталыпты, Жанбатыр мен Бабаназар істі бұзғызыпты, – деген әңгімені ел естіп, бүкіл Атығай – Қарауыл әулеті дуан орталығы – Көкшетауға күні бұрын жиналып, алысқа сапар шегіп кеткен қадірлілерін тілектестікпен қарсы алған топтың алдында Шерияздан қажы:

Жанбатыр, Бабаназар екі жүйрік,
Суарған суат көлден екі сүйрік.
Алланың берген бұл да бағы шығар,
Көтердің ислам дінін екі жүйрік, – деп қуттықтап, өлеңмен қарсы алған екен.

– Сіздің ойыңызша, Науан хазіреттің өмірі мен ағартушылық қызметі толық зерттелді ме? Алдағы ойларыңыз қандай?

– Зерттеу жұмыстары ғалымдардың қызығындағы, тарихтың еншісіндегі шаруалар болғанымен, ұрпақтары біздер де қол қусырып отырған жоқпыз. Науан хазірет Бұқарадан елге оралысымен Көкшетау мешітіне бас имам болып сайланып, медресе ашады. Онда діни сабақтан басқа математика, география, қазақ тілі мен орыс тілі оқытылады. Хазіреттің медресесі, қонақ және жататын үйлері Абай және Кенесары көшелерінің қиылысында әлі тұр.

Науан хазірет Таласұлының рухани ағартушылық қызметін зерттеу онан әрі жалғасады. Мәселен, Бағдатта қай жылдары болып, нақтылы қайда оқығаны, Науанды елге қайтып келуге шақыруға барғандар кімдер? Бұл сауалға жауап беру үшін, әрине, Бағдат, Бұқара архивтеріне зер салу керек. Сонымен бірге, Науанның жәдидтік әлде кадимдік оқытуды ұстанғандығына байланысты кесімді көзқарас жоқ. Шын мәніне келгенде ол қадим мектебінен тәлім алған.

Кеңес үкіметі уақытында Науан хазіреттің тұлғалық бейнесін әдебиетте, драматургияда жағымсыз кейіпте көрсетуге әрекет жасалғанын білеміз. Ол көбінесе-көп аса қатыгез, шәкірттеріне дөрекі, басшылыққа бағынбайтын адам ретіндегі жағымсыз қылықтарымен сипатталған. Осыған орай Сейітқали Шылымов ақсақал пьесаның дұрыс жазылмағанына шағымданып, Қазақ ССР Жоғарғы Советіне арыз жазады. Осыдан кейін пьеса авторы Ғабит Мүсірепов режиссер Жақып Омаровпен бірге 5-6 шәкіртін шақыртып, драманы өзгерту жөнінде өтініш жасапты. Сөйтіп, «Ақан сері» пьесасы өзгертіліп, қайта жазылды.

Науан хазіреттің тұлғалық келбетін ақтап шығаруға үлес қосқан ғалымдардың арасында профессор Қадыржан Әбуевті ерекше атап айтуға болады. Ол 2000-ші жылдары Науан хазірет туралы бірнеше мақала жариялаған. Оның «Науан хазірет» атты кітабымен қатар 2010 жылы Өмірзақ Озғанбайдың «Рух күрескері» және Сарбас Ақтаевтың 1999 жылы жазған «Ханзаданың қасіреті» атты кітаптары жарық көрді. Бұл кітаптардың авторлары Науан хазіреттің шынайы келбетін бейнелеп, өмір жолын нақты құжаттармен дәйектеуге тырысқан.

Науан хазіреттің сүйегі Қопа көлінің шығысына қарай көне зиратта жерленген. 2000 жылы зираттың кіреберісінде жаңадан құлпытас орнатылды. Құлпытастағы эпиграфикалық жазба барынша шынайы мәлімет береді. Онда Науан хазіреттің туған және қайтыс болған жылын, атқарған қызметін, тұлғалық артықшылығын анықтауға болады. Қазіргі кезге дейін қазақстандық және әлемдік ғылымда осы құлпытастағы эпитафияға қатысты ғылыми еңбектің жарық көрмегендігін, дәйекті зерттеу жүргізудің қажеттігін еске салғым келеді.

Науан Таласұлы өмірден өткен соң Көкшетау мешітіне бас имам болып үлкен ұлы Қалымтай сайланды. Ағамыздың Аққу есімді келіншегі болды. «Өз басым қазақта мұндай сұлу, мінсіз әйелді бұрын-соңды көрмегем», – деп әкем Шарап жиі-жиі айтып отырушы еді. 1929 жылғы конфискацияға іліккен Қалымтай мен Аққу Бухтарма, Чуйский орман шаруашылығына жер аударылып, сол жерде қайтыс болды. Ал, Науанның кіші ұлы Қазезтай соғыс кезінде қойма меңгерушісі, бертіндегі Петропавл маңындағы теміржолда жолсерік болып істеді. Көкшетауға жақындап, №15 разъезде де тұрды. Оған топырақ Ақан ауылының зиратынан бұйырды. Тоқпай жеңгей Көкшетауға көшіп келіп, Шанхай мөлтек ауданына қоныстанды. Жауын болса, үйінің еденін су басып кететін. Әйтеуір, көптеп көмектесіп, екі бөлмелі пәтер әпердік.

Көкшетаулық мұсылман жамағат Науан хазіреттің өсиеттеріне адалдық танытудан еш танған емес. Жүз елу мыңдай тұрғыны бар облыс орталығының аймағында алты мешіт жұмыс істейді. Шаһардың қақ ортасындағы аумағы 5137,57 шаршы метр еңселі мешіт Науан Таласұлының есімімен аталады. Архитектуралық сәтті шешімі және әсем безендірілуімен ерекше көз тартатын имандылық сарайы жерлестеріміздің жеке қаражатына салынғанын айрықша атап өткім келеді.

Мешіт имамдары діни ағартушылық қызметке қоса, қайырымдылық шаралармен де белсене айналысып жүр. Соңғы үш-төрт жылдың көлемінде тұрмыстары жұтаңдау он бес шақты отбасыға пәтер сатып әперді. Ал коронавирус індеті кезінде он мыңдай адамға материалдық көмек көрсетілді. 2018 жылы қажылыққа барып, мұсылмандық парызымды өтеп келген соң, ағайындармен ақылдаса келе, Баратай ауылында мешіт салуды ұйғардық. Игілікті бұл шаруаны меценат жігіт Әуезхан абыроймен атқарып шықты. Ауыл адамдары да қарап қалмай, қаржылай көмек жасады. Иә, Науан хазірет мешітіне жұма намазына барған сайын Аллаға шүкіршілік етіп, бабамның аруағы халқымды қолдап, қорғап жүрсе екен деп ишарат етемін.

Кенесары ханның 280 жылдығы мен Науан хазіреттің 180 жылдығына арналған конференциялар бойынша «Хан көрген, Хазірет көрген Көкшетау» кітабы жарыққа шығатын болды. Осы орайда Науан бабамыз жайлы аңыз-әңгімелерді жинастырып, ұрпақтарының тағдырына да көңіл бөлу керек сияқты. Облыс орталығында жақында ашылған «Алаш арыстары» паркінде қуғын-сүргін құрбандары Зарап Темірбеков, Шәймерден Қосшығұлов, Сәдуақас Ғылмани және басқа да қайраткерлермен бірге Науан бабамызға да музей ашу, кезінде өзі тұрған үйді мемлекет меншігіне қайтару жөнінде де жұмыстар жүргізіліп жатыр. Құдай қаласа, 2024 жылы Көкшетау қаласының іргетасы қаланғанына 200 жыл толуына орай біраз шаруаның басы қайырылар деген үміттеміз. Ұлы тұлға, көрнекті дін қайраткерінің аталас бауыры болғандықтан бар күш-жігерімді, білімімді осы игілікті іске жұмсауды перзенттік парыз санаймын.

> *Науан хазірет Таласұлының рухани ағартушылық қызметін зерттеу онан әрі жалғасады. Мәселен, Бағдатта қай жылдары болып, нақтылы қайда оқығаны, Науанды елге қайтып келуге шақыруға барғандар кімдер? Бұл сауалға жауап беру үшін, әрине, Бағдат, Бұқара архивтеріне зер салу керек. Сонымен бірге, Науанның жәдидтік әлде кадимдік оқытуды ұстанғандығына байланысты кесімді көзқарас жоқ. Шын мәніне келгенде ол қадим мектебінен тәлім алған.*

Сұхбаттасқан
Балталы СӘРСЕНБАЕВ

Суретте: *Көкшенің қазыналы қариясы Шияп қажы Әлиев; Көкшетау қаласындағы Науан хазірет мешіті.*



ӘУЛИЕАТА

ИНВЕСТОРЛАРҒА ЕСІК АШТЫ

Терең де тағылымды тарихымен танылған Жамбыл жері егін шаруашылығын дамытып, мал басын арттыруға таптырмас аймақ. Сондай-ақ өңірдің өрісін өндіріс ошақтары мен алпауыт кәсіпорындар да өркендетіп келеді. Химия өнеркәсібімен әлемге әйгілі Әулиеатаның инвестициялық әлеуеті де жоғары. Бұған «Zhambyl Economic and Investment Forum–2023» халықаралық экономикалық және инвестициялық форумы аясында толықтай көз жетті.

Форум барысында Жамбыл облысының инвестициялық мүмкіндіктері инвесторларға кеңінен таныстырылып, ауыл шаруашылығы бағыты, жаңғыратын энергия көздері, туризм, жер қойнауын тиімді пайдалану салалары бойынша инвесторлар тарту үшін жан-жақты жұмыстар жүргізілді. 900-ге жуық шетелдік инвестор мен консулдық корпус өкілдері, еліміздің өзге облыстарынан келген кәсіпкерлер аймақтың инвестициялық тұрғыдан аса тартымды тұстарымен танысты. Мәселен, меймандар шараның алғашқы күні Шу ауданындағы «Тараз химиялық паркі» арнайы экономикалық аймағының мүмкіндіктерін бағамдады. Онда қызығушылық білдірген шетелдік инвесторларға аймақтың инфрақұрылыммен жабдықталу деңгейі таныстырылып, оларға парк тарапынан көрсетілетін жеңілдіктерге тоқталды. Сонымен қатар кәсіп ашуға ниетті инвесторларға мемлекет тарапынан көрсетілетін көмектердің жай-жапсары түсіндірілді. Бүгінде арнайы экономикалық аймақта жалпы құны 249,7 миллиард теңгені құрайтын 5 инвестициялық жоба жүзеге асырылып жатыр.

Осы күні инвесторлар Жамбыл ауданындағы еуропалық үлгідегі этно-туристік демалыс аймағының ашылуына қатысып, өңірдің туристік бизнесті дамытудағы мүмкіндіктеріне көз жеткізді. Сондай-ақ Қордай ауданындағы жылына 1,2 миллион тонна цемент өндіретін зауыттың құрылыс алаңында болып, аталмыш салаға инвестиция құюдың тиімділігі жайында өзара пікір алмасты.

– Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес, өңірімізде жаңа жұмыс орындарын ашу, қомақты инвестиция тарту бойынша ауқымды жұмыстар атқарылып жатыр. Айталық, өткен жылдың қорытындысы бойынша облысқа жалпы сомасы 400 млрд теңгеден астам инвестиция тартылды. Ал биыл 3 айда облыстың негізгі капиталына 70 млрд теңгеге жуық инвестиция салынды. Бүгінде облыста жалпы құны 1,5 трлн теңгені құрайтын 10 ірі инвестициялық жобаның пулы жасақталып, онда 4 500-ге жуық жаңа жұмыс орны құрылады деп жоспарлануда, – дейді Жамбыл облысының әкімі Нұржан Нұржігітов.

Жоғарыда атап өткеніміздей, аймақ ауыл шаруашылығын дамытуға өте қолайлы. Форум аясында қонақтар бірқатар агроөнеркәсіп нысанын аралап, арнайы семинар-кеңес өткізді. Ауыл шаруашылығы вице-министрі Әбілхайыр Тамабек, облыс әкімінің орынбасары Қанатбек Мәдібек бастаған топ Қордай ауданындағы GreenwiII ЖШС-нің жылыжай кешенімен, Меркі ауданындағы «Мыхан Орда» ЖШС-нің жаңбырлатып суару технологиясымен, «Жеміс-жидек» серіктестігінің құлпынай алқабы және «Ар-Ас» шаруа қожалығының «Тау қымыз» өнімін шығаратын цехтың жұмыстарымен танысты. Жиынға көрші Қырғыз Республикасы Талас облысының әкімі, Ауылшаруашылық министрлігінің, Қытай, Оңтүстік Корея, Түркия елдерінің ірі компанияларының өкілдері, шаруалар, ғылыми-зерттеу институтының мамандары қатысты.

Ал цифрландыру бағыты бойынша Иран, Литва, Қытай, Сауд Арабиясы және республиканың барлық аймағынан келген қонақтар Ш.Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз инновациялық институтының базасындағы IT академияның жұмысымен танысты. Сондай-ақ Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрі Бағдат Мусин форумының қатысушыларымен, жергілікті тұрғындармен кездесті.

Ауқымды шара аясында Байзақ ауданында «Алель Агро» АҚ-ның құрама жем шығару зауыты, картон және қаптама шығаратын бірегей зауытының іске қосылу рәсімі өтті.

Халықаралық форумының екінші күні пленарлық отырыстармен басталды. Жиынның ашылуында сөз алған Жамбыл облысының әкімі Нұржан Нұржігітов форумның аймақ үшін маңыздылығын атап өтті. Сондай-ақ ауқымды шара ең алдымен, өңірдің инвестициялық мүмкіндіктері мен өзара тиімді ынтымақтастықты, бизнес бастамаларды іске асыруға әзірлікті көрсетуге бағытталғанын жеткізді. Жамбыл облысы жоғары экономикалық және зияткерлік әлеует шоғырланған, қарқынды дамып келе жатқан өңір екенін айтқан аймақ басшысы өңірдің бес басты бәсекелестік артықшылығына тоқталып өтті.

– Аймақтың климаттық жағдайы қоңыржай континенталды, құнарлы жерлердің едәуір үлесімен қатар, «жасыл технологияларды» енгізе отырып, ауыл шаруашылығын дамытуға өте ыңғайлы. Біздің облыс баламалы энергия көздері саласындағы жобаларды іске асыру үшін ең қолайлы өңірлердің бірі болып табылады. Келесі артықшылығымыз – жоғары логистикалық әлеует. Яғни, облыс өңіраралық жүк тасымалдарын жүзеге асыруға, отандық және халықаралық жолаушылар ағынына қызмет көрсетуге мүмкіндігі бар және сауданы дамыту әлеуеті зор.

Біз, өз өнімдерімізді әлемнің 17 еліне экспорттаймыз. Осындай транзиттік әлеуетке ие бола отырып, өңір бүкіл Орталық Азияның негізгі логистикалық орталығына айналып келеді.

Жергілікті билік тарапынан инвестициялық климатты жақсарту бағытында тиісті жұмыстар қолға алынған. Жамбыл облысы Еуропа мен Азиядағы алпауыт мемлекеттерінің ірі трансұлттық компанияларымен ұзақмерзімді әріптестік ынтымақтастықтың бірегей тәжірибесіне ие.

Өңірде 350-ден астам ірі және орта кәсіпорын болса, олар негізінен химия, азық-түлік, металлургия, құрылыс материалдары өндірісіне ден қойған. Аймақта 200-ден астам түрлі пайдалы химиялық элемент кездеседі.

Облыс – фосфорит және плавикошпат шикізатының бірегей базасы. Әрі мұнда түрлі түсті металдар, барит, көмір, қолөнер және техникалық тастар, құрылыс материалдарының да қоры жеткілікті.

Біз агроөнеркәсіптік кешенде, туризм, өнеркәсіп және баламалы энергия өндірісі салаларында жалпы сомасы 3,8 млрд АҚШ долларын құрайтын әлеуетті инвестициялық жобаларды әзірлеп, қызығушылық танытып жатқан инвесторларға ұсынуға дайынбыз, – дей келе Нұржан Нұржігітов облыс шетелдік инвесторлардың қатысуын кеңейтуге және аймаққа туристерді тартуға мүдделі екендігін баса айтты.

Басқосу қорытындысы бойынша 7 ірі шетелдік тауар өндіруші компаниямен құны 700 млн АҚШ долларын құрайтын меморандумдарға қол қойылды. Олардың қатарында Үндістан, Сингапур, Германия, Венгрия секілді мемлекеттердің инвесторлары бар. Шетелдік компаниялар Жамбыл облысы аумағында ферроқорытпа, цемент зауытының құрылысы, құрылыс материалдарын өндіру, күн электр станцияларын салу, тамақ өнеркәсібі және логистика индустриялық паркі секілді жобаларды жүзе асырмақ.

Форум аясында Жамбыл облысының әкімі Нұржан Нұржігітов бірқатар отандық және шетелдік компанияның өкілдерімен 20-ға жуық іскерлік келіссөз жүргізді.

Сондай-ақ облыс әкімі Нұржан Молдиярұлы консулдық корпус өкілдерімен жеке кездесті. Кездесуге Алматыдағы Иран Ислам Республикасының Бас консулы Мохсен Фағани, ҚХР Бас консулы Цзян Вэй, Бельгия Корольдігінің Құрметті консулы Ван ден Вейх қатысты. Тараптар екіжақты ынтымақтастық пен стратегиялық әріптестікті дамыту мәселелерін, елдер арасындағы сауда-экономикалық қатынастардың әлеуетін талқылады. Облыс әкімі өз кезегінде өңірдің инвестициялық мүмкіндіктеріне тоқталып өтті. Консулдық корпус өкілдері Жамбыл облысымен әлеуметтік-экономикалық байланыстарды нығайтуға мүдделі екендіктерін жеткізді.

Форум барысында кәсіпкерлер үшін B2B кездесулер ұйымдастырылды. Кәсіпорындар арасында тауарларды жеткізу және серіктестік байланыстарды дамыту туралы келісімдерге қол жеткізілді. Оған облыс әкімінің орынбасары Қанатбек Мәдібек және шетелдік және отандық кәсіпкерлер қатысты. B2B форматында қол қойылған келісімдер мен меморандумдардың құны 96,5 млн долларды құрады. Сондай-ақ отандық кәсіпкерлер мен шетелдік инвесторлар арасында 17 стратегиялық келісім мен меморандум жасасуға мүмкіндіктер береді.

Халықаралық ауқымды шараның қорытындысы бойынша жоғарыда айтылған жетістіктерден бөлек, өнімді экспорттау үшін жаңа нарықтар ашу, экономиканы әртараптандыру бойынша 6 компаниямен құны 42 млн АҚШ долларына тең келісімдер жасалды. Сондай-ақ отандық кәсіпкерлер мен шетелдік инвесторлар арасында 20 стратегиялық келісімдер мен меморандумдар жасалып, облыстың ауыл шаруашылығы саласы, туристік нысандары мен жер қойнауын пайдалану бойынша жаңа жобалар ұсынылды.

Саятхан САТЫЛҒАН,
Жамбыл облысы

Солтүстік Қазақстан облысындағы Шал ақын ауданында шенеуніктер шаруаны сергелдеңге салып, жерді жалға алу мерзімін ұзартпай жүр. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет өкілдері мен кәсіпкерлердің құқықтарын қорғаушылардың бұл облыс бойынша осындай жалғыз жайт дегенге күмәнмен қарайды. Сол себепті енді барлық ауданда тиісті тексеріс жүргізілмекші.

ЖЫРҒА АЙНАЛҒАН жер дауы

ЗАҢҒА КӨЗ ЖҰМА ҚАРАҒАН

Шал ақын ауданындағы Приишим ауылдық округінің аумағындағы жалпы көлемі 1000 гектар болатын үш жер телімі 2013 жылы «Темірханов» шаруа қожалығына уақытша жер пайдалану құқығымен 10 жылға берілген екен. Биыл 23 мамырда бұл мерзім аяқталады. Сондықтан шаруа заңда көрсетілген үш айлық мерзімді сақтап, алдын ала 16 наурызда eOtinish сервисі арқылы аудан әкіміне өтініш жолдайды. Онда мал шаруашылығымен айналысатын кәсіпкер дәл осы жер телімдерін жалға беру мерзімін ұзартуды сұрайды. Бірақ әкім-қаралар оның өтінішін уақытылы қарамай, әлі күнге дейін созбалаңға салып жүр. «Көктемнің бір күні – жылға азық» дегендей, жер емген шаруа алтын уақытының өтіп бара жатқанын айтып шырылдайды.

«Жалға алынған алқаптың ішінде егістік жерлер бар. Онда біз малға жемшөп дайындаймыз. Аудандық әкімдік шешімді кейінге қалдырғандықтан, біз көктемгі егіс жұмыстарын бастай алмай отырмыз. Уақыт өтіп барады, топырақ құрғап жатыр. Егер мамыр айында көктемгі егісті бастамасақ, маусымда кеш болады, қыстығыні жемшөпсіз қаламыз. Кейін оны сатып алуға қаражат іздестіру керек», – дейді «Темірханов» ШҚ инженері Қазыбек Темірханов.

Шаруашылықтың 400 шақты малы бар. 90-нан астамы – қазақтың ақ бас сиыры, 300-і – Еділбай қойы. Жылқы басы үшеу-ақ болғандықтан, шаруа биыл тағы 90 шақты Қамбар ата түлігін сатып алуды жоспарлаған екен. Енді жер мәселесі шешілгенше, жарғақ құлағы жастыққа тимей жүр.

Аудандық жер қатынастары бөлімінің басшысы Жеңіс Жақыпов шаруаның мұңын тыңдап, мәселесін шешуге уақыт таппаған. Істің соңы сиырқұйымшақтанып бара жатқандықтан, шаруа облыстық кәсіпкерлер палатасына жүгініп, көмек сұрады. Бұл мәселені қарастырған кәсіпкерлердің құқығын қорғау және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі кеңестің отырысында сарапшы Шыңғыс Жылқыбаев түсіндіргеніндей, жалға алуды жаңа мерзімге ұзарту Жер кодексінің 37-бабының 2-тармағымен реттеледі. «Оған сәйкес жер пайдаланушы Темірханов жер учаскесінің шекаралары өзгермеген және жер пайдаланушы өз міндеттерін тиісінше орындаған жағдайда 10 жылдан 49 жылға дейінгі жаңа мерзімге жалдау шартын жасасуға құқылы. Шаруа салығын уақытылы төлеген, шекарасын өзгертпеген. Мұндай жағдайда мәселе жер комиссиясының қарауына шығарылмайды, ауылдық округ әкімі шешеді. Өтінішті қанағаттандыру үшін ешқандай кедергі жоқ», – деді сарапшы.

Бірақ жергілікті билік заңды белден басып, шаруаның мәселесін жер комиссиясының қарауына ұсынған. Жер комиссиясы оң шешім шығарғанына қарамастан, әлі күнге дейін аудан әкімінің тиісті қаулысы жоқ. Әкімдік қызметкерлері кәсіпкерге шешім өзгергенін, үш учаскенің біреуінің ғана мерзімі ұзартылатынын, басқасын жалға беруден бас тартатынын ауызша айтыпты. Бұл жер Бірлік ауылы тұрғындарының малын жаю үшін керек екен. Кәсіпкер бұған да келісіп, жерінің бір бөлігін ауылдың малын бағуға тегін ұсынған көрінеді.

«Бұл мәселе былтырдан бері туындап отыр. Қазір халыққа жайылым жер жетпейді. Бірлік ауылында 1,5 мың гектар жер тапшы. Президент те жайылым жерлерді көбейту туралы айтып отыр. Біз сол тапсырма бойынша ғана жұмыс жүргіздік. Бірақ шаруаға кедергі жасап, мал бағуға, шөп шабуға тыйым салынбады. Ауылдың халқы сол жерді алып беруді сұрады. Бар болғаны – сол», – деді Шал ақын аудандық жер қатынастары бөлімінің басшысы Жеңіс Жақыпов.

Кәсіпкерлердің құқығын қорғау және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі кеңестің төрайымы Инесса Қуанова мәселенің барлығы заң аясында шешілу керектігіне назар аударды. Экс-судья шенеуніктер шаруаға кедергі келтіріп, бюрократияға жол бергенін қадап айтты. Ақыр соңында жер қатынастары бөлімінің басшысы маман жетіспегендіктен, тиісті қаулы уақытылы қабылданбағанын, бірақ құжаттың жобасы дайын екенін айтып ақталды. Өтінішті қараудың 15 күндік мерзімі әлдеқашан өтіп кеткені мемлекеттік қызметшіге абырой әпере қоймасы хақ.

Сондай-ақ заңгерлер жаңа келісімшарт жасасқан кезде жердің шекарасы өзгермеуі керек екенін түсіндірді. Тіпті, жерінің бір бөлігін ауыл халқына берген күннің өзінде шекарасын өзгертпей, басқа жолмен шешуге кеңес берді.

АНТИКОР НЕГЕ ҰЯЛДЫ?

Таңқаларлығы сол, жыл басынан бері Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл департаменті осы бөлімнің жұмысындағы жемқорлық тәуекелдеріне талдау жүргізіп, бірқатар ұсыным берген екен. Сол кезде жерді жалға беру келісімшартының мерзімін ұзарту туралы да мәселе туындапты. «Сонда сіздерден бұл мәселе жер комиссиясының қарауына шығарылмайды, шығарған емеспіз, барлық ұсынымдарды орындап жатырмыз деген жауап келді. Бірақ наурыз айында біздің ұсынымдарға қарама-қайшы келесіздер. Не себептен? Біз үш ай бойы сіздерге барлығын тәптіштеп түсіндіріп, жұмыс жүргіздік, қолдау көрсеттік, ұсыным бердік. Бірақ сіздер біздің ұсынымдарды орындамайтын болсаңыздар, талдауды не үшін жүргіздік? Сіздер барлығын керісінше жасап отырсыздар» деген Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл департаменті басшысының бірінші орынбасары Айдос Жүнісов осындай жағдай қалыптасқаны үшін ұялып отырғанын жасырмады. Антикордың ұсынымдарына Шал ақын ауданының жергілікті атқарушы органдары шын мәнінде қағаз жүзінде ғана есеп берген болып шықты.

> *Жер пайдаланушы Темірханов жер учаскесінің шекаралары өзгермеген және жер пайдаланушы өз міндеттерін тиісінше орындаған жағдайда 10 жылдан 49 жылға дейінгі жаңа мерзімге жалдау шартын жасасуға құқылы. Шаруа салығын уақытылы төлеген, шекарасын өзгертпеген. Мұндай жағдайда мәселе жер комиссиясының қарауына шығарылмайды, ауылдық округ әкімі шешеді. Өтінішті қанағаттандыру үшін ешқандай кедергі жоқ.*

Соңғы бір жылдың ішінде кәсіпкерлер палатасында мұндай мәселе осымен үшінші рет қаралып отыр. Кеңес төрайымы Инесса Қуанова мемлекеттік органдар Президенттің тапсырмасын желеу етіп, заңды жиі бұзатынын айтты. Тіпті, жер жалдау мерзімін ұзарту сияқты қарапайым ғана жұмыстың өзі соңғы кезде солтүстікқазақстандық кәсіпкерлердің кәдімгідей бас ауруына айналып отыр.

СҚО кәсіпкерлер палатасы директорының орынбасары Жеңіс Қазиев шенеуніктердің құзіреттілігінің шектеулі болуы шаруаны кәдімгідей сергелдеңге салғанын қадап айтты. Жеңіс Абайұлы бұл жайт, басқа да аудандарда болатынына назар аударды. Сондықтан прокуратураға және жер инспекциясына осы мәселені зерделеп, тексеріс жүргізу және кінәлілерді жауапқа тарту туралы ұсыныс жасалды.

Роза ШӘКЕН,
Солтүстік Қазақстан облысы

ЖІГІТТЕР ҮМІТТЕН ҮДЕДЕН ШЫҒА МА?

ташкент қаласында бокстан әлем чемпионаты басталып кетті. халықтың назары да сонда ауған. себебі соңғы жылдары олимпиададан боксшыларымыз құралақан қайтты деп еңсеміз түскендей болып еді. қателіктің орны толды ма? әлде қазақстанда бірінші спорт саналатын бокстың деңгейі шынымен құлдырады ма? бұл сұрақтардың жауабын ташкенттегі тартысты дода көрсететін болады.

Көктем ҚАРҚЫН

Чемпионаттың алғашқы күні еліміз үшін жеңіспен басталды. Дүниежүзілік додаға алғаш рет қатысып отырған 22 жастағы Талғат Сырымбетов 60 келіге дейінгі салмақта таиландтық Сакда Руамтхаммен жұдырықтасты. Талғат үш раунд бойы шабуылдап, төрешілердің бірауыздан шешімімен жеңіске жетті. Ал Айбек Оралбай 92 келіге дейінгі салмақта 2019 жылғы әлем чемпионатының қола жүлдегері, болгариялық Радослав Панталеевпен шеберлік байқасты. Айбек бірінші раундта-ақ қарсыласын нокдаунға жіберді. Қазылар есебі – 5:0. Дегенмен қуануға әлі ерте. Айбектің келесі қарсыласы да осал емес. Ол 1/16 финалда әлем чемпионатының күміс жүлдегері, италиялық Азиз Аббес Мухийдинмен кездеседі.

Тартысты сынның екінші күні Сағындық Тоғамбай қарсыласын нокаутпен ұтты. Жастар арасында Азияның үш мәрте чемпионы, дәл осындай әлемдік додада финалға дейін жеткен қазақстандық боксшы 86 келіге дейінгі салмақта бастапқы кездесуін конголық Натан Нланду Мбелимен өткізді.

Сағындық екінші раундта қарсыласын екі рет нокдаунға жіберді. Үшінші кезеңде төреші жекпе-жекті тоқтатты. Жеңісті жолды әрі қарай Санатәлі Төлтаев жалғастырды. Ол 1/32 финалда Израиль өкілі Ахмад Штивимен жұдырықтасты. Нәтижесінде, С.Төлтаев қарсыласын ұпай санымен ұтып, 1/16 кезеңге шықты.

Әлем чемпионатының үшінші күні жеңілістің ащы дәмімен басталды. Талғат Сырымбетов 60 келіге дейінгі салмақта 1/16 финалда Азия чемпионы, иорданиялық Мохамед Абу-Джаджехпен жұдырықтасты. Бұл әлем чемпионатына бірінші рет қатысып отырған 22 жастағы Талғаттың екінші жекпе-жегі еді. Талғат бірден шабуылға көшіп, соққыларын жиі дарытуға тырысты. Бірақ бірінші раундта төрешілер иорданиялық боксшы басым деп тапты. Екінші кезеңде М.Абу-Джаджех ескерту де алды. Бұл жолы таразы басы Т.Сырымбетовке ауды. Үшінші раундта та Талғат аянып қалмады. Алайда төрешілер жеңісті иорданиялыққа берді – 1:4. Осылайша, Талғат келесі кезеңге өте алмады. Ізінше Санатәли Төлтаев 1/16 финалда Маврикий елінен келген Ришарно Колинмен қолғап түйістірді. Төрешілер шешімімен жеңіс қарсыласына берілді. «Өкінішке қарай, бүгінгі жекпе-жегімде қарсыласыма есе жібердім. Қашанда жеңіс пен жеңіліс қатар жүреді. Мен үшін қашанда жанкүйерлер қолдауы ерекше. Қарсыласым өте тәжірибелі боксшы. Олимпиада және әлем чемпионатында бақ сынаған. Мен жекпе-жек барысында жарақат алып қалдым. Соған қарамастан бар күшімді салдым. Жеңілісім үшін жанкүйерлерден кешірім сұраймын. Қолдау көрсеткен барша азаматқа рақмет айтамын», – деді Санатәли Төлтаев.

Ал жарыстың төртінші күні шаршы алаңға Қамшыбек Қоңқабаев (90 келіден жоғары) шықты. Ол ресейлік Алексей Дроновпен сынға түсіп, қарсыласын нокаутқа жіберді.

ӨЗГЕ ЕЛДІҢ САПЫНДАҒЫ ҚАЗАҚТАР

Чемпионаттағы ерекше назар аударған тағы бір жайт, өзге елдің туы астында жұдырықтасып жатқан ұлты қазақ боксшылар. Айталық, өткен аптада қытай құрамасындағы Тоқтарбек Таңатхан алғашқы жекпе-жегінде жеңіске жетсе, тағы бір қазақ боксшысы Данабек Байғазы есімді қандасымыз шаршы алаңға шыққаны белгілі болды. Ол Ташкенттегі әлем біріншілігінде алғашқы кездесуін сәтті бастап, хорватиялық боксшы Лука Пратьячичті ұтып, жарысты жалғастыру мүмкіндігіне ие болды. Сондай-ақ кеше Өзбекстан құрамасының сапынан қандасымыз Руслан Абдуллаев шаршы алаңға шығып, екінші айқасын да қарсыласын мерзімінен бұрын ұтты. Ол бірінші сайысында Пуэрто-Рико спортшысын да жарыс жолынан шығарған болатын. Руслан Абдуллаев – 2022 жылғы Азия чемпионатының чемпионы. Осы әлем біріншілігінде 63,5 келі салмақтағы алтынға басты үміткердің бірі. Ташкент төрінде тағы бір қандасымыз Бекнұр Қали Моңғолия елінің намысын қорғауға келген. Өкінішке қарай, ол жарақатына байланысты алғашқы жекпе-жегіне шыққан жоқ. Сонымен қатар Бахрейн туы астында тағы бір қазақ Азат Махметов сынға түсіп жатыр. Ол былтырдан бері 51 келі салмақ санатында аталмыш елдің намысын қорғап жүр.

ҮМІТТЕН КҮДІК БАСЫМ

Спорт журналисі Нұрғазы Сасаев бокстан Ташкентте өтіп жатқан, ерлер арасындағы Әлем чемпионатында жүлдені «күреп» аламыз дегенге күмәнданады. Оның пікірінше, қорытынды нәтижеміз көңілден шықпай қалуы да ықтимал. Ал оның себебі – өте көп. Біріншіден, бүкіләлемдік біріншілік Өзбекстан астанасында өтіп жатыр. Ала шапанды көршілеріміз тек бізден асып түсуді ойлайды. Өз жеріндегі әуесқой бокс «додасында» алтынды көбірек алып, рекорд жаңартуды да теріс көрмейтін шығар. Екі елдің боксшылары кездесе қалса, нақақ қиянат қылмасына ешкім де кепіл бола алмайды. Екіншіден, биыл Әлем чемпионатының саяси астары – «бес елі» әрі ол тым тереңде. АҚШ пен Ұлыбритания бастаған 12 мемлекет Ташкентке боксшыларын жіберген жоқ. Себеп – бүкіләлемдік біріншілікке Ресей және Беларусь елдерінің қатысуына рұқсат берілуі. Сондықтан осындай алпауыт мемлекеттерге ілесіп, теріс айналып кетпей, сонау Еуропа төрінен келіп отырған Франция секілді елдерді «өкпелетпеу» де ойластырылатын шығар. Үшіншіден, биылғы әлем чемпионатының жүлде қоры тым қомақты (5,2 миллион АҚШ доллары).

– Бүгінге дейін рингке шыққан боксшыларымыздың ішінен Қамшыбек Қоңқабаев қана баршамызды риза қылып, абыройымызды асқақтатты. Аты-жөнін атаудың қажеті бола қоймас, кейбіреулері сенім үдесінен шыға алмай, жерге қаратты. Бұған тек ұтылған боксшыларымыз кінәлі емес. Бұл ретте жаттықтырушылар құрамы да жауапты екенін ұмытпайық.

Ал кімнен үміт күтеміз?! Дөп басып айту қиын. Сәкен Бибосыновтың (51 келі) жартылай финалға дейінгі жеребесі жеңілдеу сияқты. Бапкерлер құрамы сенім артып отырған жігітіміздің бірі осы болар. Сонымен қатар Махмұд Сабырхан, Серік Теміржанов, Қамшыбек Қоңқабаев және Асланбек Шымбергенов секілді тіс қаққан жігіттеріміз осындай қиын-қыстау, қилы «заманда» (кезеңде) ел үмітін ақтауы керек. Алайда биылғы әлем чемпионатындағы кейбір жекпе-жектің тағдырын боксшының бағы да, бабы да емес, Ташкент төріне жиналған төбе билер төрелігі шешіп кетуі ғажап емес,– дейді Нұрғазы Сасаев.

Ал спорт сарапшысы Аслан Қаженовтың айтуынша, әлем чемпионатының жаттығулары жарты жыл бұрын басталды. Мемлекет тарапынан қаржы да бөлінді, жігіттерге толықтай жағдай жасалды. Әлем чемпионатында біз осы еңбектің жемісін көруіміз керек. Қазір тек басы басталды. Әлі көп боксшы шаршы алаңға шыққан жоқ. Он үш жігіттің әрқайсысына бөлек-бөлек тоқталуға болады. Әр салмақтың өз қиындығы бар. Біздің жігіттердің де дәрежесі, бокстасу стилі әртүрлі.

– Салыстырмалы түрде айтсам, жеңіл салмақтардың жүлдеге қол созуға мүмкіндігі бар. Әсіресе, Сәкен Бибосынов финалға жетсе, негізгі қарсыласы өзбекстандық Хасанбой Дусматовпен жолығады. Сосын жеңіл салмақта Махмуд Сабырханда мүмкіндік бар. Асланбек Шымбергеновтің де жеребе тартуда түскен сеткасы жақсы. Ал Санжар Тәшкенбай алғашқы кездесуін сәтті өткізсе, медальға қол соза алады. Орта және ауыр салмақтағы боксшыларымыздың жағдайы қиын. Себебі әлем бойынша бұл салмақтарда бәсекелестік жоғары. Менің болжамым бойынша, екі қазақ жігіті финалға шығуы керек. Оның бірі алтын болса қуанар едік. Бұл – менің жеке пікірім. Бұдан жақсы нәтиже көрсетсе, ол да біз үшін үлкен қуаныш. Қазір Қазақстан құрамасы алтын ала алмай қалуы мүмкін деген де пікір айтылып жатыр. Себебі чемпионат Өзбекстанда өтіп жатыр және Ресей толық құраммен қатысып жатыр. Кубадан да, Жапониядан да мықты боксшылар келді. Жалпы, бәсекелестік жоғары. Алғашқы ойындардан кейін көпшілік ұлттық құраманы іріктеуде талантты балалардың жолы кесіліп қалған жоқ па деп ойлана бастады, – дейді Аслан Қаженов.

Сондай-ақ спорт сарапшысы жақында ұлттық құраманың бас бапкері Қайрат Сатжановтың орнынан ауысып кеткенін айтты. Негізі, бас бапкер осы әлем чемпионатына жігіттерді өзі әкелуі керек еді. Сөйтіп, қаншама жылдық жұмысының нәтижесіне жауап беруі керек болатын. Ал жаңа келген бас бапкер Мырзағали Айтжановтан ондай пікірді даулай алмаймыз. Өйткені ол ұлттық құраманың жұмысына енді ғана қосылып жатыр. «Сосын ұлттық құрамадағы жігіттердің көзінен жалын мен жігерді көрмедім. Бокс еліміздегі бірінші спорт. Сондықтан халық та бұл додаға үлкен үмітпен, сын көзбен қарап отыр», – деп түйіндеді Аслан Қаженов.

Әлем чемпионаты 14 мамырға дейін жалғасады. Ал қазақстандық боксшылардың бағы шаба ма, бабы шаба ма, оны уақыт көрсетеді.

ҒАЛЫМ МҰРАСЫ НАСИХАТТАЛДЫ

Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті көрнекті ғалым Зәки Ахметовтің туғанына 95 жыл толуына орай, «Гуманитарлық ғылымдар тоғысындағы әдебиеттанудың жаңа парадигмалары» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференция ұйымдастырды.

Жиынға отандық және шетелдік ғалымдар, Парламент депутаттары, мемлекет және қоғам қайраткерлері, оқытушылар мен студенттер қатысты. Президент кеңесшісі Бауыржан Омаров Мемлекет басшысының құттықтау хатын оқып берді. Онда Зәки Ахметовтің қазақ ғылымының дамуына өлшеусіз үлес қосқан көрнекті әдебиет теоретигі екені көрсетілген.

ЕҰУ ректоры конференцияға қатысушылардың назарын академик еңбектерінің құндылығына аударды. «Қазақтың өлең құрылысы» монографиясы қазақ әдебиеттанушылары үшін ғана емес, бүкіл түркі әлемі үшін ауқымды зерттеу болғанын атап өтті.

«Қазақ өлеңінің құрылысын кешенді түрде зерделеген іргелі еңбегі арқылы қазақ әдебиеттануы ғылымының жаңа бір белесін қалыптастырды. Ұлттық әдебиеттану әлемінде Зәки Ахметов есімінің өлең сөздің теориясы ұғымымен қатар айтылуы дәстүрге айналды. Оның зерттеу еңбектері әдебиеттану ғылымы үшін маңызын жоғалтпайтын қымбат жәдігерлікке айналды. Бүгінгі ұйымдастырылып отырған конференцияның халықаралық деңгейде өткізілуінің өзі ғалым-ұстаздың биік тұлғасын, оған деген елінің құрметін аңғартады деп білеміз», – деді ЕҰУ ректоры Ерлан Сыдықов.

Халықаралық конференцияға қатысушылар әдебиетті зерттеудің жаңа теориялық-әдіснамалық негіздерін және академиктің еңбектерін, әлемдік көркем мәдениет контекстіндегі түркі халықтарының әдебиеттану және фольклористикасын, қазіргі заманғы цифрлық технологиялар бойынша білім беру жүйесінде әдебиет пен тілді оқытудың әдістемелік аспектілерін талқылады. Сондай-ақ конференцияда Зәки Ахметовтің белгілі іргелі еңбектерінен тұратын кітап көрмесі ұсынылды.

«КЕЛІНЖАН» ҚЫРҒЫЗ ЕЛІНДЕ КӨРСЕТІЛЕДІ

Бішкекте «Келінжан» фильмінің жабық көрсетілімі өтті. Осылайша, отандық агенттіктің тапсырысымен түсірілген фильм алғаш рет шетелдік кинопрокатқа шығып отыр.

«Хабардың» фильмі алғаш рет шетелдік кинопрокатқа шықты. Бауырлас елдің көрермендері үшін қырғыз тіліне аударылған фильмнің жабық көрсетіліміне Қырғыз кинематография департаментінің, жергілікті БАҚ-тың өкілдері мен блогерлер, сондай-ақ Қазақстанның Қырғыз Республикасындағы елшілігі қызметкерлері мен «Хабар» агенттігінің өкілдері қатысты.

«Бұл – агенттіктің өз өнімін алғаш рет басқа тілде дубляж жасап, шетелге шығаруы. «Келінжан» сериалын YouTube платформасында көп көрген, жақсы пікірлер жазып, қызығушылық танытқан қырғыз аудиториясы болғандықтан, толықметражды фильмді қырғыздардың ана тіліне аударып, сол елде көрсету туралы шешім қабылданған болатын. Серіктес компанияның мәліметіне сүйенсек, «Келінжанның» көрсетілетіні туралы ақпаратты халық өте жақсы қабылдаған», – деді «Хабар» агенттігі АҚ басқарма төрағасының орынбасары Данияр Меңілбеков.

NUR MEDIA медиахолдингі
AIQYN апта
Меншік иесі – «Айқын-Литер» ЖШС
Директор – Ысқақ ЕГЕМБЕРДИЕВ

Бас редактор – Амангелді ҚҰРМЕТ
Гүлзина БЕКТАС – Бас редактордың бірінші орынбасары
Шынболат КҮЗЕКБАЙ – Шығарушы редактор
Асқар БЕК – Сайттың бас редакторы
Елдар ҚАБА – Секретариат меңгерушісі

АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР:
Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ – Ақмола облысы
Нұрболат АДЫРБЕК – Алматы қаласы
Саятхан САТЫЛҒАН – Жамбыл облысы
Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ – Қарағанды облысы
Назгүл НАЗАРБЕК – Шымкент қаласы
Роза ШӘКЕН – Солтүстік Қазақстан облысы
Ербақыт ЖАЛҒАСБАЙ – Қызылорда облысы
Баян ЖАНҰЗАҚ – Атырау облысы

«АЙҚЫН» ГАЗЕТІНІҢ ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:
Кәсіпорындар, мекемелер үшін – 15102
Зейнеткерлер, соғыс ардагерлері үшін – 55102
Жеке жазылушылар үшін – 65102

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:
8(701) 675-42-14, 8(7172) 72-95-31
reklama.aiqyn@gmail.com
ЖАЗЫЛУ ЖӘНЕ ТАРАТУ БӨЛІМІ:
8(771) 804-61-32
podpiska.alt@gmail.com

Газет аптасына 3 рет шығады

Газет «Айқынның» компьютер орталығында беттелді
ТАРАЛЫМЫ: 40 000

Тапсырыс №4298
Астана қ. «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС Сілеті көшесі 30, тел.: 8(7172) 99-77-77
Алматы қаласы, «Алматы-Болашақ»АҚ Мұқанов көшесі, 223 В
Шымкент қ. «ERNUR-print» ЖШС, Әлімқұлов көшесі 22, тел.: 8(7252) 53-06-66, 54-07-47 ішкі 114,

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде тіркеуге алынып, мерзімді баспасөз басылымын қайта есепке қою туралы №17416-Г куәлігі 25.12.2018 жылы берілді
(Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі №4448-Г – 01.12.2003ж.)

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:
010000. Астана қаласы, Қонаев көшесі, 12/1
Байланыс телефоны: Астана қ. (7172) 72-95-46
e-mail: aikyngazeti@gmail.com, aikyn_nurmedia@mail.ru

• Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына жауап бермейді.
• Авторлар қолжазбасы өңделмейді және кері қайтарылмайды.
• Көлемі үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
• «Айқында» жарияланған материалдарды көшіріп немесе өңдеп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты алынып, газетке сілтеме жасалуы міндетті.

Кезекші редакторлар – Нұрлан ОРАЗҒАЛИЕВ, Айхан ШӘРІП